тұжырымдарын адамның мінез-құлқындағы күншілдіктің тигізетін кесірін он үш диалогтың постулаттарында қарастырғандығын негізге алынған. Н.Келімбетовтің еңбегіндегі күншілдіктен туындайтын психологиялық бағыттардың жан-жақтылығына назар аудара отырып, ондағы күншілдік мәселесін ағылшын жазушылары мен қазақ ойшылдарының даналық сөздеріндегі рухани байланысқа қатысты қарастырдық. Ондағы өлімнен бетер қатерді туындататын қызғаныш, тәкаппарлық, ашу және ашуланшақтық, жалқаулық, ашкөздік, нәпсіқұмарлық сынды күнәлардың зардабын әшкерелеп қана қоймай, осындай келеңсіздіктерден сақтандыру үшін педагогикалық білім мен тәрбие үрдісінде қолдануды ұсындық. Өйткені, теріс предикаторлар адамдардың психологиялық деңгейін төмендетіп, қоғамдағы әртүрлі аспектілерге негативті көзқарасты таратуға ықпал етеді. Пессимист адамдардың психологиялық деңгейінде теріс предикаторлардың ең келеңсіз түрі күншілдік басым болатынын және оны жеңудің жолдарын іздеуде педагогикалық бағдарды барлық замандардағы философия, әдебиет жауһарларына назар аудару күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан, мақалада тіл үйрену және студенттің өзін-өзі дамыту кезегінде тілдің шұрайлы философиялық даму барысындағы ізденіс көздеріне тірек болатын педагогикалық ұстанымдардың логикалық постулаттарына назар аударылды.

**Тірек сөздер:** предикат, пессимист, болжау, логика, постулат, белгі, сана, педагогика, психология, ұғым, қатынас, іс-әрекет, анықтама

### **Негізгі ережелер**

Кез келген іс-әрекет адамның жаратылысына, табиғи болмысына сай психологиялық бәдіретін (портрет) аңғартады. Бүгінгі күнде психология саласында жазылған кітаптар өте көп, өйткені әр адам үшін психологиялық сауаттылық салауатты өмір сүрудің басты талаптарының біріне айналып отыр. Жоғары оқу орындарында оқытылатын психология пәні әр саланың болашақ мамандары үшін арнайы ізденістерге әкеледі. Мәселен, тарих, география, әлеуметтік салалар бойынша білім алып жатқан студенттер үшін психология пәні ауқымында жергілікті халықтардың стереотиптік, ғұрыптық ерекшеліктеріне мән беріле этнопсихология пәні ауқымында қарастыру қажет болса, ал экономика, сауда, туризм саласында негізгі акцент қарым-қатынас, іскерлік және тез шешім қабылдау сынды психологиялық даярлықты қажет ететіндігі сөзсіз.

### **Кіріспе**

Жалпы психология ғылымын адамтану әрі қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын этикалық элементтердің көріністеріне қарай жіктеу, зерделеу, тұжырымдар беру тым ерте замандарда жазылған ойшыл-философтардың трактаттарынан бастап үзілмей келе жатқан үрдіс

деуге болады. Өйткені, философтар психологиялық ой-тұжырым түйю үрдісінде қоғамның даму динамикасына сәйкес сол кезеңдегі адамзаттың іс-әрекетіне, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына және басқа да тіршілік элементтерінің басты тұстарына мән бере отырып, қоғамдағы қозғаушы күш психологиялық предикторларға баса мән берген. Сондықтан, осы мақалада студенттердің ағылшын тілін оқудағы жетістіктерінің психологиялық предикторлары жөнінде ой айту ауқымында көрнекті әдебиеттанушы, энциклопедист-ғалым, суреткер, аудармашы һәм сөз шебері Немат Келімбетовтің адам бойындағы психологиялық деңгейдің ең зиянды тұсы күншілдік туралы айтқан он үш диалогындағы цитаталарға назар аудардық.

### **Материалдар мен әдістер**

Дағдылы сөйлеу тіліне қосымша өзге тілді саналы түрде үйрену ең алдымен адамның өзінің ынтасынан бастау алып, сауатты меңгеру үрдісі ішкі мотивациясы арқылы дамиды. Әсіресе мамандық таңдауда ағылшын тілін аса қажет ететін қызмет барысында маман тек тілді түсініп, сөйлей білуден өзге этикетті сақтау шараларын қаперде ұстауы абзал. Өйткені, қарым-қатынас құралының ең бастысы сөз болғанымен, сөздің шырайын келтіретін және қарым-қатынастың оң нәтижеге жету жолдарын шешетін ол адамның психологиялық қалыбы. Осы мәселені Ж.Аймауытұлы «Психология» атты еңбегінде «Бұл кітапты бала оқытушыларға ұсынамыз. Қала берсе, кімде-кім әлеуметпен, қоғаммен қатынасын, қызмет ететін болса, соның бәріне де психология пайдалы кітап деп ойлаймыз. Хат танытын жай қазақ та арындамай оқи алса, недәуір білім алар деп сенеміз. Мәтіннің логикалық жағы – жалпы ғылыми мәтіндерге ортақ негізгі ерекшеліктердің бірі. Логикалық және оларды бейнелейтін тілдік бірліктерсіз ғылыми мәтінді көз алдымызға елестетудің өзі мүмкін емес. Мәтіндегі ақпарат, олардың кеңейген түрде берілуі, ойталқы т.т. соның барлығы мәтіндегі түрлі-түрлі мәндік қатынастар негізінде берілсе, өз кезегінде бұлар логикалық бірліктердің қатысуынсыз жүзеге аспайды. Мәтіннің логикалық мәнішілік (мәнмәтіндегі) мәндеріне байланысты түрлі топтарды құрайды», - дей келе мәтіннің логикалық жағына тән салыстыру, қарама-қарсы қою, шектеу, салыстыру, ұқсастықты көрсету сынды компаративистикалық постулаттарға бөліп жіктейді [1].

12 тараудан, 102 параграфтан тұратын Жүсіпбек Аймауытұлының «Психология» атты зерттеу кітабы оқу құралы үлгісінде қазақ тілінде жазылған бастапқы сүбелі еңбектердің бірі.

### **Нәтижелер мен тақылау**

Postulate – латын тілінен аударғанда *postulātum* «талап ету, сұрау», «сұраныс» деген ұғымды береді [2].

Сондықтан ой жалғастығы сөздің құрылымын түзгенде мәтіндегі логикалық мақсат, себеп-салдар, нақтылыққа назар аударту қажет. Ж.Аймауытұлы «Психология» кітабында жан, сана, ақыл-ой, дене, сезім, ынта, күш-қуат, қиял және т.б. ұғымдарға тоқталып, мән-мағынасына үңілген. Жан қуаты санада екендігін қазақ ойшылдары ерте заманнан аңғарғандығына Н.Келімбетов ерекше тоқталған. Ол «Күншілдік» («Зависть») атты кітабында аталмыш тақырыпты дала данышпандарының айтқандарын орыс тіліне аударып, предикаттық логика тұрғысында терең талдаған. «Предикат» термині латын тіліндегі *praedicatum* - мәлімделген, айтылған деген сөз [3]. Ол бір тақырыпқа қатысты айтылатын тұжырымды білдіреді. Демек, күншілдік, бақытсыздық, пессимизм бұл теріс пікірлердің предикаттық көрсеткіштері. Предикаттық логика-бұл қарапайым мәлімдемелердің ішкі құрылымын ескере отырып, ойлауды және басқа тілдік контекстерді зерттейтін символдық логиканың бөлімі. Предикаттық логиканың маңызды ерекшелігі-жалпы атаулар (мысалы, «адам», «қала», «металл»), қасиеттер белгілері («ақылды», «ескі», «электр өткізгіш») және қарым-қатынас белгілері («кәрі», «Солтүстік», «ауыр») белгілердің бір санатына жататындар ретінде қарастырылады, атап айтқанда, предикаторлар - заттық-ақиқат функторлар санаты. Предикаторлар функцияларды бейнелейді, олардың жалпылай қарастыратын объектілері бар болғанымен, мағыналары - шындықты бағалауға негізделеді. Яғни, классикалық логикадағы - «шындық» және «жалған» түсініктерін салыстыратын функцияны білдіреді [4].

Күншілдікті (қызғаныш, көреалмаушылық) қазақ және ағылшын лингвистикалық мәдениеттерінің эмоционалды контенті ретінде талдау барысында алдымен тарихи ретроспективада әлеуметтік шындық ретінде түсіну ілгері замандардағы мифологиялық шығармалардан бастау алады. Күншілдіктің «семантикасы» Авеста, Арташастра, Ману заңдары сияқты шығармаларда көрініс тапқан ежелгі шығыс діни-философиялық ілімдеріне оралтады. «Күншілдік» ұғымына философиялық көзқарастардың қалыптасуы конфуцийизмде, даосизмде, буддизмде көрінеді. Қызғаныш құбылысының алғашқы философиялық түсіндірмелері ежелгі ойшылдардың – Ксенофон, Демокрит, Афины Антистен, Платон, Аристотель, Эпикур, Сенеканың еңбектерінде кездеседі. Күншілдік феномені мен тұжырымдамасын талдау және зерттеу жаңа еуропалық ойшылдардың көптеген еңбектеріне арналған. Олардың ішінде Ф.Бэкон, ф. де Ларошфуко, Т. Гоббс, Р. Декарт, Б. Спиноза, Б. Мандевиль, М. Монтейн, Ж.-Ж. Руссо, И. Кант, А. Шопенгауэр және т. б. шығармаларында күншілдік құбылысын түсіндіруде жалпы осы философтар осы категорияны жеке тұлғаның атрибуциясы ретінде қарастырды. Яғни, біз бұны қазақ және ағылшын тіліндегі мәтіндерді



талдау барысында адамның психологиялық қалыбына жете үңілу және ойшылдардың предикативті тұжырымдарының сәйкестік тұстарын салыстыра қабылдау, логикалық ой дамыту, мәнерлі де тұшымды сөз саптау кезегінде пайдалы деп санаймыз.

Мысалы, Бөлтірік шешеннің «Жаның жеті жаманнан аман болсын» дейтін өсиетіндегі: «Күншілдік деген бар, содан сақтан,

Кекшілдік деген бар, содан сақтан.

Астамшылық деген бар, одан алыс жүр,

Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр.

Қараулық деген бар, одан таза бол,

Бәлеқорлық деген бар, одан ада бол,

Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол» - деген шумақтар Н.Келімбетовтің аудармасында былай берілген:

«Зависть - есть такое чувство, берегись ее,

Мстительность – есть такая вещь, берегись ее,

Кичливость - есть такая вещь, будь от нее подальше,

Скупость - есть такая вещь, будь от нее чист,

Клевета - есть такая вещь, будь от нее подальше,

Жадность - есть такая вещь, берегись ее [5].

«Envy -there is such a feeling, beware of it,

Vindictiveness is such a thing, beware of it,

Arrogance is such a thing, be away from it,

Avarice is such a thing, be clean from it,

- there is such a thing, stay away from it,

• Greed - there is such a thing, beware of it» (аударма Қабдыхалыққызы Ә.)

Дәл осы ойды Мәскеу гуманитарлық-экономикалық институтының психология профессоры, биология ғылымдарының докторы, Ю. Щербатых «Күншілдік - бұл ең зиянды сезім! Егер құмарлық, ашкөздік, мақтаныш адамға рахат сыйласа, күншілдік өмірді уландыратын жағымсыз эмоциялардың тұтас кешенін сезінуге мәжбүр етеді. Ол барлық жақсылықты жаманға айналдырады: басқалардың қуанышы - тітіркендіріп, басқалардың жетістіктері мен артықшылықтары - өзінің кемшілік тұстарын сезіндіреді. Өйткені, бұл адам өзінің әлсіздігі мен дәрменсіздігін мойынағысы келмейді», - дейді, өзінің «Өлімге апаратын жеті күнә» атты психологиялық талдау еңбегінде [6].

Бөлтірік шешеннің өсиет-өлеңіндегі күншілдік пан күншіліктен туындайтын жеті жаман қасиеттерді Н.Келімбетовтің тақырыпты әрі қарай тарқату кезегінде жыраулар мен қазақ классик жазушылардың және орыс, ағылшын, неміс, француз әдебиетіндегі даналық ойлармен, мақал-мәтелдермен, сонымен қатар діни кітаптардағы ойлармен сабақтастыра отырып философиялық тұрғыда қарастырған.

Н.Келімбетов күншілдікке мынадай түсініктеме берді:

- күншіл адамның ішкі жан дүниесі кедей әрі шектеулі болады, сондықтан кең дүние оған бұршақтай ғана болып көрінуі бек мүмкін;

- күншілдік көп қырлы сезім болғандықтан, оның барлық түрлерін айқындау жұмбақ тауға шығуға бет алған тәрізді;

- ежелгі заманнан бері күншілдікке тән көреалмаушылық сезімі көптеген қиратулар, апаттар мен қылмыстардың себебі болды;

- күншілдік, қызғаныш, қай жерде пайда болса да, маңайдағының бәрін бұзады және барлық жақсылық атаулыны күйдіріп жібереді;

- күншілдік, қызғаныш тек екі адамның арасындағы жанжал емес, бұл жүздеген, мыңдаған, миллиондаған адамдарға қатысты, сондықтан олардың арасындағы қақтығыстар маңызды әлеуметтік коннотацияға ие болуы мүмкін;

- күншіл адамдарға өсек пен өсек-аянды біртіндеп тарату тән;

- күншілдік таза түрінде ешбір сотта қарастырылмайды. Әдетте, күншілдіктің, көреалмаушылықтың, қызғаныштың өзі емес, одан туындаған қылмыстар мен оқиғалар айыпталады.

- қызғаныш бәрімізге түсінікті, біреудің кінәсінің заттай дәлелі ретінде қарастырыла алмайды, сондықтан, азаматтық немесе қылмыстық соттарға емес, ар-намыс пен ар-ождан сотына берілуі керек;

- қызғаныш қан соратын жабысқақ кене тәрізді... [5].

«Күншілдік» предикторы философиялық және психологиялық тұрғыдан қарастырылады, ал әдеби шығармаларда негізінен дұшпандықта көрінетін сезім ретінде, басқа адамның еңбегіне, табысына, жетістігіне, сұлулығына іштарлық етуден туындайтын көзқарас. Қызғаныш, көреалмаушылық, күншілдік, іштарлық құбылысына қатысты философиялық талдауларды ежелгі жазбалардан табуға болады. Платон мен Аристотель бұл сезімнің моральдық-этикалық аспектілеріне назар аударған. Мәселен, Аристотель: «Жартылай интеллигенттер, қызғаншақ, туғаннан - құл. Олар басқа адамдардың ойлары мен білімін айта алатын қабілетке ие, бірақ өздерінің емес. бірақ нақты іс жасауға келгенде олардың өз пікірі де, қорытындысы да жоқ», - деп ең алдымен бұл күншілдіктен зиялы қауым өкілдері арылуын ескерген [7].

Неміс философы А. Шопенгаур күншілдік туралы былай дейді: «an envious person is like a wild beast in a wild forest, he is always ready to tear apart with sharp fangs, like steel sabers, everyone who stands above him» [5] яғни, «күншіл адам – ну ормандағы өткір тісті жабайы аң сияқты, ол басқалар өзінен асып кетпес үшін әрқашан одан жоғары тұрғандардың бәрін әрқашан талауға дайын» деген анықтама берген. Ағылшын философы, тарихшы, публицист, мемлекет қайраткері, эмпиризм мен ағылшын материализмінің негізін қалаушы Ф.Бэкон күншілдік туралы былай

дейді: «Rudeness breeds hatred»- «Дөрекілік жеккөрушілікті тудырады»; «those who want to achieve everything at once out of stubbornness and vanity are characterized by a sunny character. They will always be jealous, because no one should surpass them» - «бәріне бірден қол жеткізгісі келетіндер күншілдік мінезімен ерекшеленеді. Олар қызғаншақ, өйткені олардан ешкім асып кетпеуі керек» [8].

Р.М.Шамионов күншілдіктің көп қырларын ескере отырып, жеке байланысын былайша талдайды: әлеуметтік артықшылыққа күншілдік ету, ол сәтсіздіктің сыртқы атрибуттарымен байланысты және сәттілік күтуге итермелейді; интеллектуалдық қызғаныш, ол зейінділік қабілеттің артуына себеп болады, батыл қадам жасауға және табандылыққа бастайды [9].

Ағылшын тілін үйренудегі педагогикалық ұстанымдардың логикалық постулаттарына тоқталып өтейік. Ағылшын тілін үйренуде үш негізгі ұстаным бар:

- лингвистикалық ұстаным (linguistic principles): шет тілін меңгеру кезінде ана тілін есепке алу (native language effect), коммуникативтік құзыреттілік (communicative competence), оқытылатын тілді аралық тіл жүйесі (interlanguage) ретінде меңгеру ерекшеліктерін есепке алу;

- когнитивті ұстаным (когнитивті принциптер): ішкі мотивацияны қолдану принципі (intrinsic motivation principle), сөйлеу бірліктерін автоматтандыру принципі (automaticity), студенттің жеке үлесін пайдалану принципі (strategic investment principle);

- эмоционалды-психологиялық ұстаным (affective principles): тілдік «мен» принципі (language ego), зерттелетін елдің тілі мен мәдениетін өзара байланысты меңгеру принципі (language - culture connection).

Ағылшын тілін үйренудегі педагогикалық ұстанымдар білім беру процесінің белгілі бір «заңнамалық» негізі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Оқу процесін оңтайландырудағы жетістік мұғалімнің осы ұстанымдарды қаншалықты толық ұстанатындығына байланысты [10].

Ағылшын тілін үйрену - білім алушының үлкен жеке еңбегінің нәтижесі. Жоғары оқу орындарында шет тілінде сөйлеуді меңгеру маңызды кәсіби қасиеттердің дамуына ықпал етеді: шыдамдылық, қиындықтарды жеңе білу, дәлдік, дербестік және т.б.. Осы қасиеттердің барлығы студенттерге қажет.

Жоғарыда айтылғандардан, мұғалім студентке ағылшын тілін үйренудің қиындықтарын жеңуге көмектесуі керек және студентті шет тілін өзін-өзі адамгершілікке тәрбиелеу және ұлтаралық мәдениетті тәрбиелеудің маңыздылығын түсіну үшін қажетті маңызды пән ретінде дұрыс қабылдауға ынталандыруы және дайындауы керек. Ал білім

алушы өз кезегінде осы қиындықтарды жеңуге барынша күш салуы тиіс. Тілді оқытудың монотондылығы мен күрделілігін болдырмау, оқу процесін дұрыс ұйымдастыру қиындықтарды жеңуге әкеледі, студенттің ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын арттырады және оны ақпаратты қабылдаудың пассивті субъектісінен оқу процесінің белсенді қатысушысына айналдырады [11].

Студент өз білімін жаңа ақпарат алу үшін пайдаланады және оны толықтыру арқылы ғана қажетті нәтижеге қол жеткізе алады. Мұнда мұғалім маңызды және жетекші рөл атқарады. Жақсы оқытушы студенттің тілдік деңгейін нығайтуға, дамытуға және арттыруға ұмтылады. Тіл үйрену - белсенді процесс. Бұл дегеніміз, ең бастысы - тілді түсіну үшін белгілі бір білімге ие болу емес, оны көбейту және оны дұрыс жағдайда қолдану. Маман өз мамандығын өте жақсы білуі мүмкін, ал лингвистикалық білім жеткіліксіз болуы мүмкін. Ағылшын тілі мұғалімі жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, оқытуды құруы керек. Позитивті эмоцияларды қалыптастыру шет тілін оқыту процесінде ажырамас қажеттілігі болып табылады, себебі оқыту процесінде туындайтын түрлі келеңсіздіктен сақтандыру оқытушының тікелей міндеті болып келеді. Сол тұрғыдан алғанда оқытушы мына жағдайларды басты назарда ұстау керек:

- студенттерге қысым жасамау;
- студенттерге жауап табуға мүмкіндік беру;
- қызықты, әр түрлі материалдарды және оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдану;
- бақылау процесі оқуға ынталандыру ретінде әрекет етуі керек.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, ең бастысы, күншілдіктен қалай арылуға болады деген сауалға психологтар екі бағытты ұсынады. Оның біріншісі: Құдайға жалбарыну / prayers with tears; мейірімділікке қадам басу / mercy; болашақ туралы жақсы армандар / reflections on future benefits; кішіпейілділік / humility; болып жатқанның бәрін Құдайдың сыйы ретінде қабылдаңыз / accepting everything that is happening as a gift from God.

Сондай-ақ, психологтар күншілдікті туындататын қызғаныш сезімінің қандай да бір көрінісі пайда болған кезде, «Мен неге жағымсыз эмоцияларды бастан кешіремін? Бұл маған не береді?» деген сұрақты ең алдымен өзіңізге қойып алғаныңыз дұрыс дейді. Ол туындайтын сауалдарға риторикалық және психологиялық тұрғыда дайын болуға машықтандыру барысында логикалық постулаттарды ескере отырып, ауқымды жұмысты талап ететіндігі түсінікті.

Алайда, психологтар өз кезегінде қызғаныш сезімі ойды бағдарлау үшін қажет деп санайды. Сондықтан, әр адам өз жолын таңдайтындығын

ескере отырып, таңдалған жол үшін жауап беруге дайын болыңыз және өз жолыңызды басқа адамның жолымен салыстырудың қажеті жоқ, өйткені сіз өз таңдауыңызды жасадыңыз, ал басқа адам да өз таңдауын жасады дегенді ескерте отырып мынадай кеңестер береді:

–өзіңізді басқалармен салыстыруды тоқтатып, бірегейлігіңізге назар аударыңыз; - өзіңізді барлық болмысыңызбен қабылдаңыз;

–өзіңізге ұнаған мамандықты таңдаңыз;

–сүйікті ісіңізбен айналысыңыз. Осы кеңестерді тәжірибеден өткізіп, күн тәртібіне еңгізгенде күншілдікке, қызғануға уақыт болмайды деп топшылайды. Біз, Н.Келімбетовтің адамзат психологиясының ең зиянды харекеттерге әкелетін «күншілдік» мінез-құлыққа қатысты айтқан педагогикалық ой-пікірлері бүгінгі күннің оқу-тәрбие құралдары үшін бағдаршам болуға әбден қажет деп санаймыз.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Аймауытов Ж. Психология. - Алматы, «Рауан», 1995. – 87 б.

[2] Уикипедия — ашық энциклопедиясы. – Кіру режимі: URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki> [Қарастырылған күні 23.11.2022]

[3] Предикат. Что такое Предикат? – Режим доступа: URL: [https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_fwords/28976](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/28976) [Дата обращения: 23.12.2022]

[4] Маркин В.И. Логика предикатов. Подготовка электронной публикации и общая редакция: Центр гуманитарных технологий. Ответственный редактор: А.В. Агеев. - Режим доступа: URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6898> [Дата обращения: 25.12.2022]

[5] Келімбетов Н. Зависть. Тринадцать диалогов. – Москва: «Художественная литература», 2011. – С.43-44.

[6] Щербатых Ю. Общая психология. - Питер, 2008. - Режим доступа: URL: [https://www.phantastike.com/common\\_psychology/gen\\_psych/html/](https://www.phantastike.com/common_psychology/gen_psych/html/) [Дата обращения: 25.12.2022]

[7] Аристотель. Риторика //Античные риторики. - М., 1978. - С. 93.

[8] Цитаты Бэкона. - Режим доступа: URL: <https://eksmo.ru/interview/10-tsitat-iz-knig-frensis-bekona-ID4390114/> [Дата обращения: 21.12.2022]

[9] Шамионов Р. М. Субъективное благополучие личности: психологическая картина и факторы. - Саратов, 2008. - 268 с.

[10] Зимняя И.А. Психология обучения иностранному языку в школе. М.; Просвещение,1991. – С.46-48.

[11]«Профессиональная направленность при обучении иностранным языкам». – Режим доступа: <https://apni.ru/article/195-professionalnaya-napravlennost-v-obuchenii> [Дата обращения: 21.12.2022]

## REFERENCES

- [1] Aymauytov ZH. Psikhologiya (Psychology). - Almaty, «Rauan», 1995. – 87 b. [in Kaz.]
- [2] Uikipediya — ashyk, entsiklopediyasy (Wikipedia - Ashyk encyclopedias). – Kíru rezhimí: URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/\[K,arastyry\]lǵan\\_kyni\\_23.11.2022](https://kk.wikipedia.org/wiki/[K,arastyry]lǵan_kyni_23.11.2022) [in Rus.]
- [3] Predikat. Chto takoye Predikat? (Predicate. What is a Predicate?) – Rezhim dostupa: URL: [https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_fwords/28976](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/28976) [Data obrashcheniya: 23.22.2022] [in Rus.]
- [4] Markin V.I. Logika predikatov (Predicate logic). Podgotovka elektronnoy publikatsii i obshchaya redaktsiya: Tsentr gumanitarnykh tekhnologiy. Otvetstvennyy redaktor: A.V. Ageyev. - Rezhim dostupa: URL: <https://gtmarket.ru/concepts/6898> [Data obrashcheniya: 25.22.2022] [in Rus.]
- [5] Kelímбетov N. Zavist'. Trinadtsat' dialogov (Envy. Thirteen Dialogues). – Moskva: «Khudozhestvennaya literatura», 2011. – S.43-44. [in Rus.]
- [6] Shcherbatykh YU. Obshchaya psikhologiya (General psychology). - Piter, 2008. - Rezhim dostupa: URL: [https://www.phantastike.com/common\\_psychology/gen\\_psych/html/](https://www.phantastike.com/common_psychology/gen_psych/html/) [Data obrashcheniya: 25.22.2022] [in Rus.]
- [7] Aristotel'. Ritorika (Rhetoric) //Antichnyye ritoriki. - M., 1978. - S. 93. [in Rus.]
- [8] Tsitaty Bekona (Aristotle. Rhetoric). - Rezhim dostupa: URL: <https://eksmo.ru/interview/10-tsitat-iz-knig-frensisa-bekona-ID4390114/> [Data obrashcheniya: 21.22.2022] [in Rus.]
- [9] Shamionov R. M. Sub'yektivnoye blagopoluchiye lichnosti: psikhologicheskaya kartina i factory (Subjective well-being of the individual: psychological picture and factors). - Saratov, 2008. - 268 c. [in Rus.]
- [10] Zimnyaya I.A. Psikhologiya obucheniya inostrannomu yazyku v shkole (Psychology of teaching a foreign language at school). M.; Prosveshcheniye,1991. – S.46-48. [in Rus.]
- [11] «Professional'naya napravlennost' pri obuchenii inostrannym yazykam» (Professional orientation in teaching foreign languages). – Rezhim dostupa: <https://apni.ru/article/195-professionalnaya-napravlennost-v-obuchenii> [Data obrashcheniya: 21.12.2022] [in Rus.]

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРЕДИКТОРЫ УСПЕШНОСТИ СТУДЕНТОВ В ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

\*Кабдықалымқызы А.<sup>1</sup>, Аюпова Г.Т.<sup>2</sup>, Султанова Н.К.<sup>3</sup>, Акманова Г.Р.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан,  
e-mail: k.assem81@mail.ru

<sup>2</sup>PhD доктор, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан,  
e-mail: gulbarshin63@mail.ru

<sup>3</sup>к.п.н., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан,  
e-mail: wrach100@mail.ru

<sup>4</sup>к.п.н., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан,  
e-mail: rahmetollavna@mail.ru

**Аннотация.** В данной статье автор нацелен на то, чтобы студенты в процессе изучения английского языка быстро овладевали языком, предлагали новые педагогические подходы к решению психологических барьеров с точки зрения собственной позиции, интуиции. Исходя из того, что философские рассуждения выдающегося литературоведа Н.Келимбетова, написанные им на тему «Лицом к лицу с совестью», рассматривались в пастулатах тринадцати диалогов о вреде зависти в поведении человека. Автор, обращая внимание на многогранность психологических направлений, вытекающих из зависти в творчестве Н.Келимбетова, рассматривал в нем проблему зависти в отношении духовной связи в мудрых речах английских писателей и казахских мыслителей. Он предлагает не только разоблачить последствия зависти, высокомерия, гнева и злости, лени, жадности, сексуальных домогательств, но и использовать их в педагогическом образовании и воспитательном процессе для предупреждения подобных злоупотреблений. Ведь негативные предикторы снижают психологический уровень людей и способствуют распространению негативного отношения к различным аспектам жизни в обществе. На психологическом уровне людей-пессимистов наиболее негативным видом негативных предикторов становится зависть, и педагогическая ориентация в поиске путей ее преодоления не сводилась к тому, чтобы обратить внимание на шедевры философии, литературы всех времен. Поэтому автор статьи обращает внимание на логические постулаты педагогических позиций, которые, в свою очередь, служат опорой поисковым источникам в процессе изучения языка и саморазвития студента.

**Ключевые слова:** предикат, предсказание, логика, постулат, знак, сознание, педагогика, психология, понятие, мера, отношение, действие, определение

## PSYCHOLOGICAL PREDICTORS OF STUDENTS' ACHIEVEMENTS IN LEARNING ENGLISH

\*Kabdykalymkzy A.<sup>1</sup>, Ayupova G.T.<sup>2</sup>, Sultanova N.K.<sup>3</sup>, Akmanova G.R.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan,  
e-mail: k.assem81@mail.ru

<sup>2</sup>PhD Doctor, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan,  
e-mail: gulbarshin63@mail.ru

<sup>3</sup>c.p.s., Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan,  
e-mail: wrach100@mail.ru

<sup>4</sup>c.p.s., Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan,  
e-mail: raxmetollavna@mail.ru

**Abstract.** In this article, the author aims to ensure that students in the process of learning English quickly master the language, offer new pedagogical approaches to solving psychological barriers from the point of view of their own position, intuition. Proceeding from the fact that the philosophical arguments of the outstanding literary critic N.Kelimbetov, written by him on the topic «Face to face with conscience», were considered in the postulates of thirteen dialogues about the harm of envy in human behavior. The author, paying attention to the versatility of psychological trends arising from envy in the work of N.Kelimbetov, considered in it the problem of envy in relation to the spiritual connection in the wise speeches of English writers and Kazakh thinkers. After all, the author, paying attention to the versatility of psychological trends arising from envy in the work of N.Kelimbetov, considered in it the problem of envy in relation to spiritual connection in the wise speeches of English writers and Kazakh thinkers. He not only exposes the consequences of envy, arrogance, anger and anger, laziness, greed, sexual harassment, causing deadly danger, but also suggests using pedagogical education and the educational process to prevent such abuses. After all, negative predictors reduce the psychological level of people and contribute to the spread of negative attitudes towards various aspects of life in society. At the psychological level of pessimistic people, envy becomes the most negative type of negative predictors, and the pedagogical orientation in finding ways to overcome it was not limited to paying attention to the masterpieces of philosophy and literature of all times. Therefore, the author of the article draws attention to the logical postulates of pedagogical positions, which, in turn, serve as a support for search sources in the process of language learning and student self-development.

**Keywords:** predicate, prediction, logic, postulate, sign, consciousness, pedagogy, psychology, concept, measure, attitude, action, definition

*Статья поступила 10.04.2023*



УДК 378.141.4

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.69.2.012>

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

\*Жунусбекова А.<sup>1</sup>, Асқарқызы С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: aziza.zhunusbekova@inbox.ru

<sup>2</sup>PhD, Қазақ Ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан,  
e-mail: samal050191@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми мақала болашақ педагогтардың кәсіпкерлік құзыреттілігін дамытуға арналған. Авторлар білім беру саласында бизнес пен кәсіпкерлік негіздерін оқытудың өзектілігі мен маңыздылығын айқындайды. Болашақ педагог-кәсіпкерлерге жеке білім беру мекемесін және оның қаржысын басқару, қызметкерлердің жұмысын қалай ұйымдастыру мен ынталандыру туралы қосымша білім алу үшін қажет, онсыз қазіргі заманғы бизнес жұмыс істемейді және табыс әкелмейтіндігі жайлы сөз қозғалады. Мақалада экономикалық білімге, кәсіпкерлік қызметке деген қызығушылықтың артып келе жатқаны сипатталынды. Қазақстан Республикасының заманауи даму жағдайында кәсіпкерлікпен шұғылдандыру беделді болып саналатындығы мақаланың өзектілігін көрсетеді. Мемлекеттің табысты өркендеуі үшін экономикаға түрлі салалардың әсері сипатталынып, кәсіпкерлік құзыреттіліктің сол салалардағы орны мен әсері сипатталынып жазылды.

Біртұтас педагогикалық процесті ғана емес, білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметті де ұйымдастыра алатын болашақ педагогтарды даярлаудың маңыздылығы атап өтіледі. Кәсіпкерлік құзыреттілігін арттыру мақсатындағы бұл зерттеуде болашақ педагогтарының пікірлері ескерілді. Зерттеу нәтижесінде болашақ педагогтар «кәсіпкерлік» ұғымын жаңашылдықпен, тәуекелге барумен, өзіне деген сенімділікпен және эмоционалдық интеллектпен байланыстыратыны анықталынып, «кәсіпкерлік құзыреттіліктің тұтастай жиыны» ұсынылды.

**Тірек сөздер:** кәсіпкерлік, құзыреттілік, кәсіпкерлік құзыреттілік, кәсіпкерлік білім, білім саласындағы кәсіпкерлік, бастауыш сынып педагогтары, кәсіпкер, педагог-кәсіпкер

### Негізгі ережелер

Қазіргі қоғамда нарықтық экономика қызмет ету мен өмір сүрудің өзіндік шарттарын ұсынады. Экономикалық білімге, кәсіпкерлік қызметке деген қызығушылық артып келеді. Қазақстан Республикасының қазіргі

даму жағдайында кәсіпкерлікпен шұғылдану беделді болып саналады және жастар арасында қызығушылық тудырып отыр. Ал, жас кәсіпкердің жолында кездесетін қажетті білімнің жоқтығы тәрізді кедергілер болғанымен, жеке кәсібін ашуға ұмтылатындар қатары көбейіп келеді.

### **Кіріспе**

Экономикасы дамыған қуатты мемлекет құру және Қазақстан Республикасының ең дамыған 30 елдің қатарына кіруі – ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басты міндеті. Бұл мақсатқа жету үшін ұзақ мерзімді 7 басымдық белгіленді, оның бірі – білім, кәсіби дағдылар және кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау. Себебі, кәсіпкерлік – экономиканың жетекші күші [1].

2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында экономикада сұраныс жоғары мамандарды кәсіби даярлау қажеттілігі атап өтілген [2]. Қазақстан Республикасы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында да қоғамның қазіргі заман талабына сай білім мазмұнының маңыздылығын анықтау жатады [3].

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагог – педагогикалық немесе арнайы білімі бар, оқушылармен тікелей жұмыс істейтін тұлға [4]. Педагогтың кәсіби іс-әрекетінде жаңа сапаға қол жеткізу педагогикалық процесті жобалау мен басқаруды қайта қарастырумен байланысты, онда ол қазіргі уақытта бастауыш сынып педагогі ғана емес, сонымен қатар нұсқаушы (ұйымдастыруды жүйелі түрде жүргізетін тұлға) қызметін атқарады; оқу жұмысының орындалу барысы мен нәтижелерін әзірлеу, бекіту, бағалау бойынша оқушылармен жеке-топтық жұмыс); тәлімгер (балаға атаулы көмек көрсетуді білетін, туындаған түйткілдерді жеңуге көмектесіп, қолдайтын адам); жетекші (ресурстарды педагогикалық талдау, мақсатты жобалау, нәтижелерді жоспарлау, ұйымдастыру, түзету және талдау қабілеті сияқты басқару технологияларына ие адам) және жай ғана көмекші. Сондай-ақ педагогтар жеке оқу орнын аша алады, өйткені жыл сайын оқушылық орыны тапшы, бұл да болашақ құрылтайшының негізгі табыс көздерінің бірі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021/2022 жылғы есеппен салыстырғандағы статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2022/2023 жж. жалпы білім беру мекемелерінің саны 136 бірлікке өсті, бірақ осы кезеңде ауылдық жерлердегі мектептер саны 140 мектепке азайды. Жыл сайын оқушылар саны да артып келеді, мысалы 2018/2019 оқу жылында 3 039 мың болды, ал 2022/2023 ж. 3 589 мыңға жетті. Осының барлығы

оқушылар орындары тапшылығына әкеп соқтырады, яғни жекеменшік мектептер желісін кеңейту қажеттілігі туындап отыр, демек Қазақстанда болашақ педагогтардың кәсіпкерлік құзыреттіліктерін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» атты халқына Жолдауында «азамат-бизнес-мемлекет» үштігін терең қайта құрылымдау мәселелері де көтерілген. Онда шағын және орта бизнесті қуатты қолдау, жылдық 2,5% жеңілдікпен шағын несие беру арқылы жастар кәсіпкерлігін қолдау туралы айтылады [5]. Дегенмен, болашақ педагогтарының өз ісін дұрыс ұйымдастыра алуы үшін педагогикалық университет қабырғасында оқытылатын маркетинг, қаржы, менеджмент, құқық және экономика негіздері сияқты қосымша білімдер қажет.

Бұл мақаланың мақсаты – болашақ педагогтардың кәсіпкерлік құзыреттілігін дамыту жолдарын көрсету.

Жаһандану заманында әлемдік экономика білім беру ұйымдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Бұл, ең алдымен, жаңа технологияларды игерудің жоғары қарқынына байланысты үздіксіз білім алуға, қажетті білімді өздігінен меңгеруге қабілетті кадрларды дайындау. Сонымен қатар, экономиканы дамытудың негізгі қозғаушы күші болып табылатын фактор кәсіпкерлікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін дербес кәсіпкерлікке кез келген бағыттағы маманды дайындау бүгінгі білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жеке өндірісті дамытуда кәсіпкерлікке ерекше мән беріледі. Отандық техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру Қазақстанның экономикасының дамуына әсер етуші факторлардың бірі болар еді.

Мемлекеттің табысты өркендеуі үшін экономикаға түрлі салалардың әсері бар екенің білеміз. Бастамашыл, мақсатқа бағытталған, үнемі өзгеріп отыратын, әлемді бағдарлай алатын, азаматтық қоғамның экономикалық саласының әртүрлі мәселелерін өз бетінше шеше алатын жоғары білікті мамандар қажет. Кез келген мемлекеттің экономикасы, адамдардың кәсіби өмірінде еңбек этикасын сақтауға дайын болуы, еңбек мәдениетін меңгеруі, жеке жауапкершілік сияқты қасиеттер жиынтығынан бастау алады. Сонымен қатар, экономикалық білімнің қажетті деңгейін де талап етеді. Осының негізінде үшінші мыңжылдықтың басында жас студенттердің кәсіпкерлік құзыреттігін дамыту жоғары білім беру мекемелерінің қажетті құрамдас бөлігі болды. Дамыған елдерде, атап айтқанда АҚШ-та педагогтар мен кәсіпкерлер мектептегі білім берудің әлеуетті мүмкіндіктердің бар екенін алға тартады. Кәсіпкерлердің көпшілігі жалданған жұмысшылардан қазіргі жағдайда қажетті жүйелі және

аналитикалық ойлауды, коммуникативті дағдыларды, бастамашылықты, шешім қабылдау дағдыларын және өз әрекеттеріне жауапкершілікті талап етеді. Бұл мәселені ұтымды шешу болашақ қызметкердің тұлғасын қалыптастырудағы табысты нәтижелерге байланысты екені сөзсіз.

Мақаланың мақсатына сәйкес жүргізілген зерттеуге көшпес бұрын, «құзыреттілік» пен «кәсіпкерлік құзыреттілік» ұғымдарын ашып алсақ.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген. Осы тұрғыда құзыреттілік жайында зерттеген отандық және шетел ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасап өтейік.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «құзырет» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген [6].

И.А.Зимняя өзінің еңбектерінде құзыреттілік адамның әлеуметтік-кәсіби әрекеттерінің интеллектуалдық және тұлғалық тәжірибелеріне, білімдеріне негізделген, сонымен қаттар, төменгі деңгейлерде көрінетін құзыреттерді қамти келе, жоғарғы деңгейде жалпы «тұлғалық» құзыретті белгілеп көрсетеді [7]. В.В.Краевский мен И.Я.Лернердің пікірлерінше, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы [8]. А.В.Хуторскойдің айтуы бойынша, «құзыреттілік» - бұл адамның тиісті құзыретке ие болуы. А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сала қызметі мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын жатқызады. Ш.Таубаева: «құзыреттілік - ол тұлғаның оқыту және әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті», - деп қарастырады [9]. Б.Кенжебеков өз докторлық диссертациясында былай жасады: «құзыреттілік – «істі біліп» іс-әрекет атқаруға қабілетті білдіретін балама термин [10]. Енді «кәсіпкерлік құзыреттілік» терминін қарастырайық.

Кәсіпкерлікпен байланысты терминдер мен тақырыптар академиялық ортада және бизнес/экономика салаларында ХХ ғасырдың бірінші жартысында, атап айтқанда Дж.Шумпетердің негізгі еңбектерінде танымал бола бастаған. Ол кәсіпкерлікті көптеген пәнаралық тұрғыдан зерттеп, білім беру, экономика және саясат сияқты салалармен байланыстырды. Бүгінгі таңда кәсіпкерлікпен байланысты дағдылар бизнестің барлық түрлерін дамыту үшін шешуші маңызды және төртінші өнеркәсіптік революцияның катализаторы ретінде танылады деген.

Кәсіпкерлікті қоғамдық құбылыстардың бірі ретінде өз алдына жаңа ұғым деуге келмейді. Оны зерттеуге тіпті 17 ғасырдың аяғы - 18 ғасырдың басындағы көптеген трактаттар, кітаптар, оқулықтар арналған, кәсіпкерліктің алғашқы тұжырымдамаларының бірін шотландиялық француз экономисі Ричард Кантильон жасаған. Ары қарай ол мәселені Ф.Най, А.Смит, Дж.Б.Сей, К.Маркс, М.Вебер, В.Зомбарт, А.Маршалл, Дж.Шумпетер, П.Друкер, А.И.Муравиева, А. М.Игнатьева сияқты ғалымдар, А.Б.Крутик, В.И.Видяпин, А.И.Добрынин, Г.П.Журавлева, т.б. ғалымдар зерттеді.

Keң мағынада кәсіпкерлік білім беру туралы айтсақ, ол студенттерді бизнес әлеміне дайындау ретінде анықталады. Ал қарапайым түрінде бұл адамдар өмірдің барлық салаларында қолдана алатын дағдылар жиынтығын меңгеретін процесс. Яғни, кәсіпкерлік жеке тұлғаның идеяларды шындыққа айналдыру қабілеті ретінде айқындалады.

Монтес-Мартинес және Рамирес-Монтойя соңғы ғылыми еңбектерінде кәсіпкерлік құзыреттілікті инновацияға, шығармашылыққа, көшбасшылыққа және ашылатын мүмкіндіктерді пайдалануға қажетті дағдылар, көзқарастар мен білім жиынтығы ретінде анықтады. Бұл құзыреттілік мәселелерді шешуге және шешім қабылдауға, қоғамға деген оң көзқарасқа, мүмкіндіктерді зерттеуге/ пайдалануға және экономикалық ілгерілеуге ықпал етеді деп санайды [11].

Сонымен қатар, Бачигалупо және т.б. кәсіпкерлік құзыреттілікке келесідей анықтама берді: «Кәсіпкерлік құзыреттілік» - бұл мүмкіндіктерді анықтау және бағалау, инновация және шығармашылық, жоспарлау-ұйымдастыру, белсенділік, жетістікке бағдарлау, өзін-өзі тану, ынтымақтастық, қиындықтарды жеңу және ұйымдағы қызметкерлерді басқару [12].

Чен Х. және т.б. пікірінше, құзыреттіліктің ажырамас элементтеріне кәсіпкердің көзқарасы, оның сипаттамалары, өзіндік бейнесі және әлеуметтік рөлі кіреді [13].

Жоғарыда «Кәсіпкерлік құзыреттілік» ұғымына ғалымдардың берген сипаттамаларын ескере отырып, кәсіпкерлік құзыреттілік тек бизнес әлемімен шектеліп қана қоймайды, сонымен қатар жеке өсу мен әлеуметтік прогреске ықпал ететін, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыратын және инновациялар мен кәсіпкерлікті ынталандыратын әлдеқайда кең және жан-жақты аспектілерге ие деген тұжырымға келдік.

Кәсіпкерлік қазір Америка Құрама Штаттарында, Еуропада және Азияда дамып келе жатқан зерттемелер саласына айналды. Бұл елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға үлкен үлес қосты. Белгілі халықаралық журналдарда кәсіпкерліктің әртүрлі мәселелері бойынша мақалалар кеңінен жарияланады.

Біз «Кәсіпкерлік құзыреттілік» тақырыбы бойынша жарияланымдардың Scopus деректер базасын талдадық. Іздестіру барысында «Пән» бөлімінен Entrepreneurship education бойынша 2018-2022 жылдар аралығында 5 736 жарияланым табылды, оның 2 143-і жалпыға қолжетімді мақалалар болып табылады. Таңдалған басылым түрлеріне журналдар, конференция материалдары, кітаптар және т.б. жатады. Талдаудың екінші деңгейі нақты пәнді талдауды тереңдетеді: «Менеджмент», «Экономика», «Бизнес» және «Білім». Жарияланымдар авторлардың библиографиялық мәліметтері, жарияланған жылдары, мазмұнды қамту, елдер, журнал атаулары және дәйексөз жиілігі арқылы талданған. Кәсіпкерлік білім беру бойынша жарияланымдардың ең аз саны 2018 жылы – 886 басылым, ал ең көп саны 2021 жылы – 1520 мақала жарияланды, 2022 жылға арналған деректер әлі толық емес. Осы мәліметтерге сүйене отырып, бұл мәселеге ғылыми қызығушылық жыл сайын артып келеді деп айта аламыз.

1970 жылға дейін кәсіпкерлік курстарын ұсынатын университеттер қатары аз болатын. 1945 жылы Гарвард бизнес мектебі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қару-жарақ өнеркәсібінің күйреуі салдарынан өтпелі экономикаға әскери қызметтен оралған студенттердің өтініші бойынша Кәсіпкерлік курсын енгізді. Кейінгі онжылдықтарда кәсіпкерлік тақырыбы сұранысқа ие болмады. Бірақ 1970 жылға қарай кәсіпкерлік курстарын ұсынатын бизнес мектептер саны күрт өзгере бастады. Мектептердің саны да, кәсіпкерлікке арналған курстар да барған сайын көбейе берді.

Қазіргі уақытта 1600-ден астам мектепте кәсіпкерлік курстары бар. Америка Құрама Штаттарындағы кәсіпкерлік білім берудің ең жан-жақты эмпирикалық талдауларының бірін Соломон, Даффи, Тарабиши және т.б. жүргізді, бұл шағын бизнесті басқару мен кәсіпкерліктің академиялық салаларындағы курстар, шоғырланулар және дәрежелер санының өсу тенденциясын көрсетті.

Веспердің жүргізген сауалнамасы кәсіпкерлікті бизнеске кіру ретінде анықтады және университет деңгейіндегі кәсіпкерлік бағдарламалардың өсуі бұл көзқарасты отбасылық бизнес, шағын бизнесті басқару және жоғары өсу бизнесін басқару сияқты басқа салаларға қосуға бейімдейді.

Қазіргі уақытта еуропалықтардың тек 37% ғана кәсіпкер болуға ұмтылады, ал АҚШ пен Қытайда бұл көрсеткіш сәйкесінше 51%-ды құрайды. Қазақстанда 2022 жылы шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 3,5 млн адамды құрады, бұл жалпы халықтың шамамен 18,4%-ы.

Білім беруде маңызды жаңалықтың бірі - 2006 жылы өмір бойы білім алудың сегіз негізгі құзыреті жарияланған басылым болды. Олар

тұлғаның дамуы мен өз біліктілігін жетілдіруге, белсенді азаматтық ұстанымға қол жеткізуге, әлеуметтік интеграция және жұмысқа орналасу үшін негіз болатын, дағдылар мен біліктілік жиынтығы ретінде қарастырылады. 2013 жылғы қаңтардағы Кәсіпкерлік бойынша іс-қимыл жоспары шеңберінде Еуропалық Комиссия мүше мемлекеттерді 2020 жылға қарай бастауыш білімнен бастап білім берудің барлық деңгейлерінде кәсіпкерлік құзыреттіліктерді оқу бағдарламаларына біріктіруді қамтамасыз етуге шақырды. Осылайша кәсіпкерлік дереу араласуды қажет ететін үш бағыттың біріне айналды және Еуропалық Одақ пен оған мүше мемлекеттердің негізгі саяси мақсаттарының бірі болды. Комиссия сонымен қатар мүше мемлекеттерді «барлық жастардың кем дегенде бір практикалық кәсіпкерлік тәжірибесі болуын» қамтамасыз етуге шақырады.

Сол кезде болашақ педагогтарды пәнмен және білім беру стратегияларымен таныстыру, кәсіпкерліктің қыр-сырына оқыту, оқушыларының іскерлігімен таныстыру үшін мұғалімдердің білімін жетілдіруге күш салу қажет екендігі айтылды, өйткені тек жеті еуропалық білім беру жүйесіндегі педагогикалық университеттерде кәсіпкерлік білім беру міндетті болып табылады. Оған қоса, Сейккула-Лейно [14] жүргізген зерттеулерде оқытуды кәсіптік білім беруден бастау және оны педагогикалық білім берудің барлық сатыларына біріктіру ұсынылатыны айтылған.

Еуропарламент өз ұсыныстарында «іскер студентке» кең сипаттама беруді ұсынды. Кәсіпкерліктен дәріс тыңдаған студент:

1. Істі жүргізу мүмкіндіктерін көре білуге және инфрақұрылымды, конъюнктураны және еңбек нарығын жақсы білуге;
2. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің этикалық принциптерін сақтауға;
3. Жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, жетекшілік ету, өкілеттік беру, талдау, ақпараттандыру, бағалау және есепке алуды жүргізуді білуге;
4. Ұйымның атынан өкілдік ету және келіссөздер жүргізуге;
5. Өз бетінше және топпен жұмыс істеуге;
6. Жағдайды бағалау, күшті және әлсіз жақтарын анықтау, тәуекелге баруға;
7. Жеке және қоғамдық өмірде, сондай-ақ жұмыста бастамашыл, белсенді, тәуелсіз және жаңашыл болуға;
8. Басқаларды ынталандыру, мақсатқа жету үшін талаптануға және батыл болуға міндетті.

Кәсіпкерлік бағыты бойынша білім беруде стратегиялық және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін өзгеріс субъектісі ретінде білім беру мекемесіне, сондай-ақ оқытудың инновациялық әдістеріне назар аудару

қажет, өйткені кәсіпкерлікке бет бұрмаған және «кәсіпкер» мұғалімдерсіз оқу орнында «кәсіпкер» студенттерді тәрбиелеу мүмкін емес. Кәсіпкерлікке бағыт алған оқыту әдісі дәстүрлі тәсілдегі оқыту әдісінен түбегейлі ерекшеленеді. Тек теориялық және практикалық тұрғыдан ғана емес, кәсіпкерлік білім беру жеке дағдыларды дамытуға (пәндер бойынша таза білімнен гөрі), неғұрлым икемді оқу жоспарын және тәжірибеге бағытталған көзқарасты қамтиды. Оқытушының рөлі лектор болудан тәлімгерлікке қарай ауысады.

Осылайша, кәсіпкерлікке үйретуде негізгі мақсатқа жету үшін болашақ педагогтарды оқытуда кәсіпкерліктің әдістері мен дағдыларын меңгерулері керек, сонымен қатар осы саладағы практикалық тәжірибесі, кәсіпкерлікке оң көзқарасы және іскерлік қабілетінің болуы маңызды. Студенттерге оқытылатын кәсіпкерлік дағдыларды іс жүзінде қолдануға бағыттап, білім, дағды және көзқарасының дұрыс болуына назар аударуы керек.

Оған сәйкес, Еуропада кәсіпкерлік білім берудің екі бөлек бағыты бар (кең және біржақты бағыттар): коммерциялық қызметпен айналысу басқа, екіншісі – іскерлік қабілеттің болуы бір бөлек. Яғни өзін кәсіпкер сияқты ұстау және кәсіпкерлік білім, дағдысы, көзқарасы маңызды болғанымен коммерциялық іспен шұғылдануы міндетті емес.

Соңғы онжылдықтарда кәсіпкерлік білім беру бойынша пәндер мен курстардың саны өскенімен, зерттеушілер Т.Паива, М.Л.Алвес, Дж.Х.Сампайо, кәсіпкерлік білім беруді әлі де ынталандыру керек деп санайды [15], өйткені кәсіпкерлік білім беру бағдарламалары жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары, ал университет деңгейінде кәсіпкерлік бойынша білім беру жеткіліксіз және әдетте бизнес факультеттерінде кездеседі.

Н.Е.Петерман және басқа зерттеушілер кәсіпкерлікті ынталандыратын және студенттерді балама кәсіп таңдауға ынталандыратын ортада университеттер маңызды рөл атқаруы тиіс деп санайды.

Кәсіпкерлік білім кәсіпкерлік қатынас пен дағдыларды үйретуді білдіреді. А.Файольдің пікірінше, ол «кәсіпкерлік қарым-қатынастар мен дағдыларды үйретудің кез келген педагогикалық бағдарламасынан немесе үдерісінен» тұрады.

Адейемо өз зерттеуінде болашақ педагогтарда кәсіпкерлік дағдыларды дамытудың негізгі тұжырымдамаларын анықтауға тырысты. Зерттеу нәтижесінде студенттердің болашақта табысты болуы үшін олардың жеке кәсіпкер ретінде дайын болуы және бұл жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыратыны баса айтылды. Бирдистиль және басқалары өз зерттеулерінде кәсіпкерлік тұжырымдамасын университетте оқу



процесінде, сонымен қатар семинарлар мен курстар арқылы жұмыс істеу кезінде қолданудың маңыздылығына назар аударды. Арогундаде зерттеуінде студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын арттыру мақсатында білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекет және білім берудің басқа мүдделі тараптарымен бірлесіп тиімді кәсіпкерлік білім беру бағдарламасын құру керек екенің айтады.

Педагог проблеманы шеше білу, сыни тұрғыдан ойлау, тиімді қарым-қатынас жасау, өзіне сенімділік, биікке ұмтылу, жұмыста табысқа жету, жаңашылдық, заманауи, әлеуметтік, демократиялық дағдылар сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Осы тұрғыда педагогтың бойында болуы тиіс осы қасиеттердің көпшілігі кәсіпкерлік тұлғамен тығыз байланысты деп айтуға болады. Кәсіпкерлік тұлғаның қасиеттерін қарастыратын болсақ, оның табысқа деген қажеттілік, өзіне сенімділік, жаңашылдық, бақылау, тәуекелге бару және белгісіздікке төзімділік сияқты факторлардан тұратынын көреміз. Кәсіпкерлік тұлғаның қасиеттері жеке тұлғаның талпынысы мен табысына әсер ететін айнымалылардың бірі ретінде қабылданады.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақалада зерттеу болашақ педагогтарының кәсіпкерлік құзіреттілігін дамыту, зерттеу көзқарастарын ұсынудағы вариативтілік принциптеріне негізделген. Қажетті нәтижелерді алу үшін нормативтік құжаттарды мазмұндық талдау сияқты әдістер қолданылады. Мақалада ғылыми-зерттеу мәселесі бойынша конференциялар мен педагогикалық форумдардағы баяндамалар мен презентация материалдары; ғылыми жарияланымдар материалдары мен ашық интернет көздерінен жарияланымдар, талдамалық есептер; құқықтық құжаттама; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің стратегиялық даму бағдарламалары пайдаланылады, сондай-ақ мамандық студенттеріне сауалнама нәтижесі ұсынылды.

### **Нәтижелер**

Кәсіпкерлік білімнің әлеуеті білім алушы студенттерге бизнесті қалай бастау керектігін үйретуден де асып түседі. Педагогтар кәсіпкерлік сананы тәрбиелеу күрделі экономикалық жағдайларда оқушыларды болашаққа дайындау ғана емес екенін мойындайды. Бұл сонымен қатар студенттердің жеке және әлеуметтік дамуына ықпал ету құралы:

- Басқа адамдармен тіл табыса білу.
- Проблемалардың шығармашылық тұрғыдан шешімдерін ұсына алады.
- Өзінің мықты жақтары, қызығушылықтары мен ұмтылыстары туралы ойлауды үйренді.

- Идеяларды әрекетке айналдыруға ұмтылу.
- Қиындыққа төзімділік таныту.
- Қаржылық сауаттылықты күнделікті өмірде қолдану.
- Тыңдаушылардың кең ауқымына өз идеяларыңыз бен ойларыңызды жеткізіңіз.
- Елдің, қоғамның дамуына ерекше үлес қосу.

EntreCompEdu онлайн оқыту курсы 2022 жылы Bantani Education компаниясы ағылшын және испан тілдерінде оқытты және оны EntreComp Europe жобасы аясында іске асырды. EntreCompEdu және оның оқу материалдары педагогтарға олардың құзыреттіліктерін дамыту үшін негіз мен нұсқаулықтар ұсынады. EntreCompEdu кәсіпкерлік білім беру туралы әдебиеттерге шолу негізіндегі және бүкіл Еуропадағы педагогикалық білім беру бағдарламаларына ортақ құзыреттіліктің айтарлықтай ауқымына сәйкес келетін бес құзыреттілік саласын қамтиды:

1. Кәсіпкерлік білім және түсіну – бұл құзыреттілік педагогтар білуі керек нәрсені сипаттайды: кәсіпкерлік білім және онымен байланысты теориялар.

2. Жоспарлау және ұйымдастыру – бұл екінші құзыреттілік саласы мұғалімдердің кәсіпкерлікті тиімді оқыту үшін ортаны қалай жоспарлайтынын және ұйымдастыратынын сипаттайды. Білікті мұғалім жоспарлаудың түпкілікті мақсаты пен бағытын қамтамасыз ететініне кепілдік береді.

17. мұғалім интерактивті ойындарды кез келген тілдік оқу материалдарына және сыныптан тыс жұмыстардың кез келген кезеңінде қолдана алады;
18. қашықтықтан оқыту кезінде пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды орындау қиын екені белгілі, бірақ мұғалім әрқашан танымдық, қызықты интерактивті ойындарды өткізе алады;
19. ШТ мұғалімдері кез келген тақырыпта және кез келген жастағы оқушыларға интерактивті жаттығуларды жасай алады.
20. сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалар көлемі ұлғаяды [10].

Шетел тілі сабақтарында LearningApps.org интерактивті бағдарламасын пайдаланудың кемшіліктері:

1. Интерактивті жаттығуларды және ойындарды сайттан көшіріп немесе компьютерге жүктеуге мүмкіндіктің болмауы;
2. Кейбір оқушылардың үйінде компьютер, ноутбук немесе Интернет болмауы;
3. мектепте компьютерлік сыныптар мен интерактивтік тақталардың болмауы.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу барысында қолданған әдіс-тәсілдер: ақпаратты іздеу; сұрақ қою; компьютерлік технологияларды қолдану; тексеру; консультациялар (әдіскер оқытушылармен); талдау және салыстыру; бақылау мен бағалау.

Бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімдері сабақта интерактивті Learningapps.org мультимедиялық бағдарламасын қолдана алу біліктілігін қалыптастыру тиімділігін анықтау және талдау үшін Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің Шетел тілдері педагогикалық факультетінің 5B011900-«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының, қазақ бөліміндегі I курс 103-104 топ ағылшын тілі бойынша оқитын студенттерінің қатысуымен зерттеу өткізілді.

Бастауыш мектептегі шетел тілі мұғалімдері/студенттер LearningApps.org қызметімен таныс болмағандықтан «Ерте жастан шеттілдік білім берудің әдістемесі мен технологиясы» атты курста студенттерге LearningApps.org интерактивті бағдарламасы туралы лекция оқылып, тапсырмалар мен жаттығулардың түрлері, жаттығуларды қалай табуға болатынын, қалай орындау керектігін және онымен жұмыс істеу жолдары көрсетіліп, қосымша сұрақтар қойылып талқыланды. Ал семинар сабақтарында студенттер 4-сынып Ағылшын тілі бағдарламасынан [11, б. 3] кез-келген бөлімдік тақырыптарын тандап, LearningApps.org интерактивті бағдарламасын қолдана отырып, түрлі өздерінің интерактивті жаттығулары мен тапсырмаларын құрастырды.

LearningApps.org интерактивті бағдарламасы арқылы жаттығулар мен тапсырмаларды құрастыру бойынша студенттердің орташа баллдарын шығару үшін критерийлер әзірленіп, пайызбен есептелді (1-кесте).

Кесте 1 - Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар нәтижесін бағалау критерийлері

<i>Жаттығулар</i>	<i>Қолданылған қосымшалар</i>	<i>Дескрипторлар</i>	<i>Балл</i>
Тіл жүйелерін (грамматика, сөздік және айтылу) дамытатын интерактивтік жаттығулар	«Crossword», «Word grid», «Guess the word», «Guess», «Matching Pairs», «Matching pairs on images», «Simple order», «Cloze text», «Fill table»	4-ші сынып Ағылшын пәні бағдарламасындағы бір тақырыпты алып, LearningApps.org интерактивті қосымшаларын қолдана отырып, тіл жүйелерін (грамматика, сөздік және айтылу) дамытатын интерактивті жаттығу құрастырады	25
Тілдік дағдыларды (оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу) қалыптастыратын интерактивтік жаттығулар	«Audio/Video with notices», «Matching Pairs», «Number line», «Group assignment»; «Group assignment», «Number line», «Cloze text»; «Cloze text», «Fill table», «Freetext	4-ші сынып Ағылшын пәні бағдарламасындағы бір тақырыпты алып, LearningApps.org интерактивті қосымшаларын қолдана отырып, тілдік дағдыларды (оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу) қалыптастыратын интерактивті жаттығу құрастырады	25
Ойын жаттығулары	«Group Puzzle», «The millionaire game», «Horse race», «Where is what?», «Pairing game»	4-ші сынып Ағылшын пәні бағдарламасындағы бір тақырыпты алып, LearningApps.org ойын қосымшаларын қолдану арқылы интерактивті дидактикалық ойын құрастырады	25
Бақылау тапсырмалары	«Quiz with text input» және «Multiple-Choice Quiz»	4-ші сынып Ағылшын пәні бағдарламасындағы бір тақырыпты алып, LearningApps.org тест қосымшаларын қолдану арқылы интерактивті бақылау тапсырмасын құрастырады	25
		Барлығы:	100

Әр деңгей бойынша студенттер жинаған максималды балл саны - 25. Жалпы жинаған балл саны 100 құрайды. Студенттердің жұмысы баға жүйесі арқылы бағаланады (2-кесте).

Кесте 2 - Баға жүйесі

Әріптік жүйе бойынша	Сандық эквивалент	Баллдың пайыздық мөлшері	Дәстүрлі баға жүйесі
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Көрсеткіштерді есептеу үшін келесі формулалар қолданылады: % білім сапасы (сапалық көрсеткіш) = («өте жақсы» саны + «жақсы» саны) x 100% / студенттердің жалпы саны

% үлгерім (абсолютті үлгерім) = («өте жақсы» саны + «жақсы» саны + «қанағат.» саны) x 100% / студенттердің жалпы саны

Студенттердің оқу деңгейі (СОД):

СОД = («5» саны x 100 + «4» саны x () + «3» саны x () + «2» саны x () + «с/к» саны x ()) / жалпы студенттер саны.

**Нәтижелер және талқылау**

Семинар сабақтары кезінде студенттер өз жұмыстарын көрсетіп, критерий бойынша тиісті баллдарын алды.

Кесте 3 - Студенттердің интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар орындау нәтижесі.

	Топ	Студент саны	Абсолютті үлгерім	Сапалық көрсеткіш	Орта балл	«5»	«4»	«3»	«2»	Сабаққа келмеген
1	103-104	32	100	100	4,84	27	5	0	0	0

3-кестеден көріп тұрғандай 32 студенттің бәрі қатысып, оның ішінде 27 студент интерактивті жаттығулар жасау барысында белсенді қатысып «5» өте жақсы деген балл алса, қалған 4 студент «4» жақсы деген балл алды. Себебі, 4 студенттің интерактивті жаттығулары мен тапсырмалары 4-ші сынып оқушыларының білім деңгейлеріне сай емес және оларға өте оңай болып көрінді. Сонымен қатар, олар интерактивті жаттығуларды құрастыру мақсатын айқын жеткізе алмады.

Бұл студенттер LearningApps.org интерактивті бағдарламасын не үшін қолданып жатқандарын аздап түсінбеген сияқты. Олар Ағылшын тілі мазмұның оқытып, тілдік дағдыларды қалыптастыруға емес, керісінше LearningApps.org интерактивті бағдарламасына көп көңіл бөлген. Осыған орай, оларға болашақта көмектесу үшін бетпе-бет ауызша кері байланыс берілді.

Жалпы студенттерге LearningApps.org интерактивті бағдарламасымен жұмыс жасау өте ұнады және олар онымен белсенді түрде жұмыс істей бастады. Демек, бұл нәтиже бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің яғни студенттердің болашақта шетел тілі сабағында интерактивті Learningapps.org мультимедиялық бағдарламасын қолдана алатындықтарын және тиімді екенін дәлелдейді.

Жоғарыдағы нәтижелердің негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

1) Студенттер/болашақ бастауыш мектептегі шетел тілі мұғалімдері LearningApps.org онлайн бағдарламасымен танысып, тілдік жүйлер мен дағдыларды дамытатын құрал екенін білді.

2) Ағылшын сабағы қызықты әрі көңілді өтетініне көз жеткізді.

3) Кез келген студент/болашақ бастауыш мектептегі шетел тілі мұғалімі компьютерлік білімі мен қолдану дағдысы төмен болса да LearningApps.org интерактивті бағдарламасында тілдік интерактивті жаттығуларды құрып, жұмыс істей алды.

### **Қорытынды**

Бұл зерттеудің мақсаты бастауыш мектепте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің яғни студенттердің болашақта шетел тілі сабағында LearningApps.org интерактивті бағдарламасын пайдалана отырып, бастауыш оқушыларының тілдік дағдыларын интерактивті жаттығулар құрастыру арқылы қалыптастыру болды. Қойылған мақсатқа ойдағыдай қол жеткізілді.

Шеттілдік білім беруде болашақ бастауыш ШТ мұғалімдердің интерактивті learningapps.org мультимедиялық бағдарламасын қолдана алу мыналарға мүмкіндік берді: тілдік интерактивті оқу материалын құрастыра алды; мектеп тақырыптарын қызықты түрде бекіте алды; Ағылшын пәні мазмұны мен ақпараттық коммуникативтік технологияларды соның ішінде интерактивтік технологияларды кіріктіруді білді.

Қорыта айтқанда тапсырма студенттерге пайдалы болады, себеі, болашақта LearningApps.org интерактивті бағдарламасы олардың сабақтарын жандандыруға көмектеседі және сонымен қатар оқушылардың оқу үлгерімі мен пән бойынша оқуға деген ынтасын арттырады. Студенттер – яғни болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімі тек ағылшын

тілі сабақтарында ғана емес, сонымен қатар сынып сағаттарында және сыныптан тыс жұмыстарда пайдалана алады.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Hennessy S., Ruthven K. and Brindley S. Teacher Perspectives on Integrating ICT into Subject Teaching: Commitment, Constraints, Caution, and Change. *Journal of Curriculum Studies*. -2005. - No 37(2) - Pp. 155-192.

[2] Ахметова Ж.Б., Орынханова Ж.А., Сейдуллаева Г.А., Турсунбаева Э.И. Проблемы формирования цифровой грамотности преподавателей высших учебных заведений. ВЕСТНИК Национальной академии наук республики казахстан/Казахский национальный педагогический университет имени Абая. - 2023. - №1(401). - С. 70-87

[3] Английский язык. Учебная программа для начальной школы (1-4 классы) в рамках обновления содержания среднего образования – Астана, 2016. – 82 с.

[4] Неживлева И.А., Интерактивное обучение иностранному как способ активизации познавательной деятельности // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по мате. XXXIII междунар. науч.-практ. конф. -2013. - №10(34). Новосибирск: СибАК, - С. 112

[5] Мелькаева Р. В., Радин А.М. Интерактивные методы обучения английскому языку. *Международный научный журнал «Символ науки»* -2017. - №12. – С. 147.

[6] LearningApps.org. - Access mode: URL: <https://learningapps.org/impressum.php> [Date of access: 30.11.2022]

[7] Swabey M. Th. LearningApps.org - An incredibly easy-to-use tool with a variety of activities teachers and learners can use, adapt or make from scratch to practise the full range of language systems and skills at any stage of a lesson. *The Digital Teacher*. - 2017. - Access mode: URL: <https://thedigitalteacher.com/reviews/learningapps> [Date of access: 30.11.2022]

[8] Yuyun Putri Mandasari, Eka Wulandari, Poltekkes Kemenkes Malang. Utilizing Learningapps.org for vocabulary remote learning (vrl) Is it helpful? *National Seminar of Pendidikan Bahasa Inggris*. -2022. - Pp.355-363

[9] Dyer A. LearningApps.org – A Tool to Engage. *The FLT MAG*. - 2020. - Access mode: URL: <https://fltmag.com/learningapps-a-tool-to-engage/> [Date of access: 30.11.2022]

[1] Нехорошева Н. В. Применение Сервера LearningApps.org. на уроках английского языка. Методическая разработка, - 2014. – Режим доступа: URL: <https://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/angliiskiy-yazyk/library/2014/05/23/primenenie-servera-learningappsorg-na> [Дата обращения 30.11.2022]

[11] English Course Plan, Grade 4, Autonomous Educational Organization «Nazarbayev Intellectual Schools». 2019-2020 academic year



## REFERENCES

[1] Hennessy S., Ruthven K. and Brindley S. Teacher Perspectives on Integrating ICT into Subject Teaching: Commitment, Constraints, Caution, and Change. *Journal of Curriculum Studies*, -2005. - No 37(2) - Pp. 155-192.

[2] Akhmetova Zh.B., Orynkanova Zh.A., Seidullaeva G.A., Tursunbaeva E.I., Problemy formirovaniya tsifrovoy gramotnosti prepodavatelei vysshikh uchebnykh zavedenii. (Problems of formation of digital literacy of teachers of higher educational institution. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan //VESTNIK Natsional'noi akademii nauk respubliki kazakhstan/Kazakhskii natsional'nyi pedagogicheskii universitet imeni Abaya* -2023. - №1(401). – S. 70-87 [in Rus.]

[3] Angliiskii yazyk. Uchebnaya programma dlya nachal'noi shkoly (1-4 klassy) v ramkakh obnovleniya sodержaniya srednego obrazovaniya (English language. Curriculum for primary school (grades 1-4) as part of updating the content of secondary education). – Astana, 2016. – 82 s. [in Rus.]

[4] Nezhivleva I.A. Interaktivnoe obuchenie inostrannomu kak sposob aktivizatsii poznavatel'noi deyatelnosti (Interactive Teaching a Foreign Language as a Means of Enhancing Cognitive Activity) //Lichnost', sem'ya i obshchestvo: voprosy pedagogiki i psikhologii: sb. st. po mater. XXXIII mezhdunar. nauch.prakt. konf. -2013. - № 10(34). - S. 112 [in Rus.]

[5] Mel'kaeva R. V., Radin A.M. Interaktivnye metody obucheniya angliiskomu yazyku (Interactive Methods of Teaching Foreign Languages). *Mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal «Simvol nauki»* - 2017. - №12. – S. 147- [in Rus.]

[6] LearningApps.org. - Access mode: URL: <https://learningapps.org/impressum.php> [Date of access: 30.11.2022]

[7] Swabey M. Th. LearningApps.org - An incredibly easy-to-use tool with a variety of activities teachers and learners can use, adapt or make from scratch to practise the full range of language systems and skills at any stage of a lesson. *The Digital Teacher*. - 2017. - Access mode: URL: <https://thedigitalteacher.com/reviews/learningapps> [Date of access: 30.11.2022]

[8] Yuyun Putri Mandasari, Eka Wulandari, Poltekkes Kemenkes Malang. Utilizing Learningapps.org for vocabulary remote learning (vrl) Is it helpful? *National Seminar of Pendidikan Bahasa Inggris*. -2022. - Pp.355-363

[9] Dyer A. LearningApps.org – A Tool to Engage. *The FLTMAG*. - 2020. - Access mode: URL: <https://fltmag.com/learningapps-a-tool-to-engage/> [Date of access: 30.11.2022]

[10] Nekhorosheva N. V. Primenenie Servera LearningApps.org. na urokakh angliiskogo yazyka (Application of the LearningApps.org server in English lessons). *Metodicheskaya razrabotka*. - 2014. URL: <https://nsportal.ru/>

shkola/inostrannye-yazyki/angliiskiy-yazyk/library/2014/05/23/primeneniie-servera-learningappsorg-na [Data obrashcheniya 30.11.2022] [in Rus.]

[11] English Course Plan, Grade 4, Autonomous Educational Organization «Nazarbayev Intellectual Schools», 2019-2020 academic year

## **РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МУЛЬТИМЕДИЙНОЙ ПРОГРАММЫ LEARNINGAPPS.ORG БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

\*Тулекенова Д.Т.<sup>1</sup>, Кульгильдинова Т.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>м.п.н., ст. преподаватель, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: dinartul@mail.ru

<sup>2</sup>д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: tulebike@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматриваются возможности создания интерактивных заданий с помощью мультимедийной программы Learningapps.org при обучении иностранному языку. Интерактивная программа Learningapps.org является одним из наиболее эффективных мультимедийных инструментов, помогающих учащимся начальной школы развить все свои навыки иностранного языка. Подчеркиваются преимущества данного приложения как средства повышения эффективности процесса иноязычного образования. Цель исследования определить и проанализировать методические основы формирования квалификации будущего учителя иностранного языка в начальной школе по использованию интерактивной мультимедийной программы Learningapps.org на уроке иностранного языка. Научная новизна и теоретическая значимость исследования: определена эффективность использования шаблонов интерактивных программ Learningapps.org при подготовке будущих учителей иностранных языков начальных классов к созданию собственных интерактивных упражнений и заданий, которые будут включены в программу обучения иностранному языку. Практическая значимость исследования: интерактивная программа Learningapps.org может быть использована учителями английского языка начальных классов, а также студентами во время педагогической практики. Методы, использованные в ходе исследования: поиск информации; использование компьютерных технологий; консультации (с методистами); анализ и сравнение; контроль и оценка. Для выявления и анализа в ходе лекции была теоретически объяснена интерактивная программа Learningapps.org (интерактивная программа Learningapps.org содержит множество интерактивных упражнений, игр и шаблоны для создания тестового контроля) и практически применена на

семинаре. Будущими учителями начальных классов требовалось создать интерактивные упражнения и интерактивные веселые игры и задания для контроля и оценки. Были разработаны дескрипторы и критерии для определения и анализа разработанных учащимися упражнений и задач, а также навыков использования мультимедийной программы Learningapps.org, и оценивались с использованием математических формул и системы оценок. По результатам будущие учителя иностранного языка начальных классов узнали об эффективности интерактивного устройства Learningapps.org и улучшили навыки его использования.

**Ключевые слова:** Learningapps.org, учитель иностранного языка, шаблоны, интерактивные задания, информационно-коммуникационные технологии, начальная школа, интерактивные игры, программа

### **DEVELOPING THE SKILLS OF USING THE MULTIMEDIA PROGRAM LEARNINGAPPS.ORG OF A FUTURE PRIMARY SCHOOL ENGLISH LANGUAGE TEACHER**

\*Tulekenova D.T.<sup>1</sup>, Kulgildinova T.A.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>M.p.s., Senior teacher, Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: dinartul@mail.ru

<sup>2</sup>d.p.s., Professor, Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan,  
e-mail: tulebike@mail.ru

**Abstract.** The article discusses the possibilities of creating interactive tasks using the Learningapps.org multimedia program when teaching a foreign language. The interactive Learningapps.org program is one of the most effective multimedia tools to help primary students develop all their foreign language skills. The advantages of this application as a means of increasing the efficiency of the process of foreign language education are emphasized. The purpose of the study is to determine and analyze the methodological foundations for the formation of the qualifications of a future foreign language teacher in primary school on the use of the interactive multimedia program Learningapps.org in a foreign language lesson. Scientific novelty and theoretical importance of the research: the efficiency of using Learningapps.org interactive program templates in the preparation of future primary school foreign languages teachers in creating their own interactive exercises and tasks is determined and will be included in the foreign language education program. The practical significance of the study: Learningapps.org interactive program can be used by students during a pedagogical internship as well as by primary school English teachers. Methods used during the research: search for information; use of computer technologies; consultations (with methodical teachers); analysis and comparison; control and evaluation. For identification and analysis, the Learningapps.org interactive

program (the interactive Learningapps.org program contains many interactive exercises, games, and templates for creating test control) was theoretically explained during the lecture and applied practically in the workshop, and future elementary school teachers were required to create interactive exercises and interesting interactive games for the 3-4th grade English class, as well as tasks for monitoring and evaluation. Descriptors and criteria were developed to identify and analyze student-designed exercises and tasks, as well as skills in using the Learningapps.org multimedia program, and were assessed using mathematical formulas and a scoring system. As a result, future primary school foreign language teachers learned about the effectiveness of the Learningapps.org interactive device and improved their skills in using it.

**Keywords:** Learningapps.org, foreign language teacher, templates, interactive tasks, information and communication technologies, primary school, interactive games, program

*Статья поступила 10.05.2023*

**УДК 371.1**

**МРНТИ 14.31.09**

**<https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.69.2.016>**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Молдабек Қ.<sup>1</sup>, \*Кенжебекова Р.И.<sup>2</sup>, Дайырбеков С.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: rabiga.0561@mail.ru,

<sup>2</sup>п.ғ.к., профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru,

<sup>3</sup>п.ғ.к., профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: dairbekov-serik@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада авторлар бастауыш мектепте ақпараттық технологияларды оқыту процесінде оқушылардың қазақ тілінде ауызша сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың өзекті мәселесі ретінде қарастырады. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу шеберлігін қалыптастыру бойынша әдебиеттер талданып, қорытындыланады. Зерттеудің негізгі мазмұны ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру амалдарын анықтаудан тұрады.

Зерттеу барысында ақпараттық технологияларды бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру зерделенді, академиялық мәліметтер базасындағы мақалаларға негізделген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды. Осы зерттеу нәтижесінде оқушылардың көпшілігінде сөйлеу шеберлігін қалыптастыру дағдылары жоқ екені анықталды. Оқушылардың ауызша сөйлеу шеберлігін дамыту мен қалыптастыру үшін қазақ тілінен стандартты емес тапсырмалар түріндегі қосымша материалдар енгізу қажет, бұл оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушыларды ынталандыруға мүмкіндік береді деген қорытынды жасалды.

Әзірленген әдістемеге сәйкес ақпараттық технологияларды бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру мынадай компоненттен тұрады: мотивациялық, мазмұнды және рефлексивті. Осы компоненттердің негізінде ақпараттық технологияларды бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға қажетті әдіс-тәсілдер анықталды. Зерттеу барысында тексеру мен анықтау және бақылау экспериментінің нәтижелері ұсынылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей ақпараттық технологияларды бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру мәселесін жан-жақты зерттеу қажет, себебі зерттеу барысында анықталғандай оқушылардың басым көпшілігінің сөйлеу шеберлігінің төмен екені белгілі болады.

Авторлар бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін мұғалімдерге практикалық ұсыныстар береді.

**Тірек сөздер:** ақпарат, технология, бастауыш сынып, қазақ тілі, сөйлеу, ауызша дұрыс сөйлеу, шеберлік, қалыптастыру

### **Негізгі ережелер**

Ақпараттық технологияларды оқытудың жаңа моделіне сәйкес бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда оқушылардың сөздік қорын молайтуға, дыбыстарды нақты да дәл, анық айтып, оқи алуға, қатесіз жазуға, өзара тілдік қарым-қатынаста шебер әрі мәдениетті сөйлеуге, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстар мен кішігірім оқиғаларға байланысты өз ойларын ашық айта алуға жаттықтыру оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, өтіліп жатқан тақырыпты ұғынуға жеткізу кеңінен қолданылды. Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы ауызша дұрыс сөйлеу шеберлігінің тиімділігінің мәні мен мазмұны, оқыту нәтижелері анықталды.

Зерттеу нәтижелері бойынша ақпараттық технологияларды пайдалану.

Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру мәселесі тұжырымдалып, қорытындылар жасалды.

### **Кіріспе**

Қоғам сұранысына қарай Республикамыздың білім мен ғылымды одан әрі дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім мен ғылымның дүниежүзілік бәсекеге лайықтылығын арттыра отырып, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда тәрбиелеу және оқыту керектігі көрсетілген [1]. Қазақ тілі бірте-бірте ұлтаралық тілге айналып келеді. Ол Республикамызды мекендейтін ұлт пен ұлыстар арасында қарым-қатынас тілі ретінде қызмет етеді. Сөйтіп, тілімізді үйрену, оны меңгеру күнделікті қажеттілікке айналады. Ана тіліміз медицина, инженерия, білім беру, тереңдетілген зерттеулер, бизнес, технология, банк ісі, есептеу, туризм және т.б. сияқты көптеген салаларда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда барлық бағдарламалық жасақтамалар, интернет арқылы қол жетімді байланыс құралдары, көптеген веб-сайттарға кіру т.б. қазақ тілінде жүзеге аса бастады. Сонда зерттеу жұмыстарының көпшілігі қазақ тілінде жүргізіледі және құрастырылады. Осы тілде жазылған барлық нәрсе кең шеңберлерде оқылады және тыңдалады.

Бүгінде қазақ тілі елімізде мемлекеттік тіл ретінде оқытылуда. Сол себепті барлық тілдік дағдылардың ішінде сөйлеу тілі қазақ тілін үйренуде, сол тілде оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда ең маңызды болып саналады.

Ф.Ш. Оразбаева ақпараттық технологияларды бастауыш сыныпта сөйлеу шеберлігін қалыптастырудағы педагогикалық, зерттеушілік, әдістемелік, ақпараттық технология, шығармашылық және т.с.с.ұсынады. Ұсынылған зерттеу жұмысымыздың мазмұнын ашуды басшылыққа аламыз [2]. Өйткені, И. Е. Вострокнутов айтқандай, сөйлеу күнделікті тілдік қарым-қатынаста кездесетін жағдаяттарға байланысты айтылатын мағынаны дұрыс құру мен бөлісуді анықтайды [3]. Ауызекі сөйлеу зерттеудің маңызды бөлігі тілді меңгерту және оқытуда маңызды рөл атқарады. Сонда ол тілдік қарым-қатынас өнері мен қазақ тілін оқыту кезінде меңгеру керек дағдылардың біріне айналады. Ауызша қарым-қатынас тілді әлеуметтік қарым-қатынаста дұрыс қолдана білуді талап етеді [4, pp. 229-241]; [5, pp. 275-294] ауызекі сөйлеуде оқушылардың нақты өмірлік жағдайларда сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға бағытталған ең көп қадам жасалады. Өйткені ол- күнделікті ауызекі сөйлеуде тілдік қарым-қатынастың маңызды бөлігі және ол көбінесе тілдесуші жайлы қабылданған әсерге және оның шебер сөйлеу қабілетіне негізделеді. Осылайша, мұғалімдер оқушыларды нақты әлемде қазақ тілінде шебер сөйлей алатындай етіп дайындауға жауапты болады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысын зерделеу барысында ғылыми әдебиеттерге талдаулар жүргіздік. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделеу барысын- да ақпараттық технологияларды бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға қажетті әдіс-тәсілдерді анықтадық.

Ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда мотивациялық компонент негіз болады. Себебі, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу шеберлігін ақпараттық технология арқылы қалыптастыру жаңашылдыққа, креативтілікке бетбұрыс пен жаңа ықпал алып келетіні сөзсіз. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу шеберлігінің мотивін анықтауға, білімін арттыруға, жаңашылдыққа ұмтылуға деген белсенділігін айқындай түседі.

Мақалада қазіргі уақытта ғылым мен техникада және елдің әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесінде жаңа тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі зерделенді. Осы мақсатта мектептерде білім берудің мазмұны жаңадан қарастырылып, жаңа оқу жоспарлары, пәндік стандарттар, оқу бағдарламалары мен оқулықтар шықты. Осылайша мұғалімдердің ақпараттық технологиялардың түрлері мен негізгі жүйелерін меңгеруге ұмтылысы, оқытуды ұйымдастыру және оқушылардың ақпараттық технология арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруды жүзеге асыру үшін қажетті әдістерді, тәсілдерді білуге деген ынталылығы артты.

Білім берудегі бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы дұрыс сөйлеу шеберлігін қалыптастыру мәселесі қазіргі уақытта ғалымдар мен практик мұғалімдердің назарын аударуда.

Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы дұрыс сөйлеу шеберлігін қалыптастыру мәселесі аз зерттелген. Теория мен практика арасындағы алшақтық бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы оқушылардың дұрыс сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда оқыту нәтижелерінің тиімді жолдарын іздеу проблемасын қиындатуда. Ал бұл проблема шешуді талап етеді. Осыған байланысты бастапқы кезде мұғалімдер магнитофондарды ақпараттық технологияның құралы ретінде қолданды, ол кейінірек күнделікті көрнекі құралға айналды.

XI ғасырдың басында басталған тілдерді оқытуға жаңа технологияны енгізу мұғалімдерге оқушыларды мүмкіндігінше дұрыс сөйлеуге үйретуге көмектесті. Күн сайын мұғалімдер қазақ тілін оқытумен үйлесетін технологиялар: бормен сурет салу, әңгімелесу әдісі сияқты т.б. дәстүрлі

оқыту әдістерінің ескіргенін, заманауи жаңа технологияларды сыныптағы оқытуға пайдалану қажеттігін түсінді.

Қазақ тілін оқыту деңгейін арттыру үшін заманауи технологияларды біріктіру-өзекті қажеттілік. Заманауи технологиялар оқушылардың ақыл-ойын ширатады, сонда олар қиын тапсырманы орындау барысында тақырыпқа толық қатысуға мүмкіндік алады. Бірнеше интеллект пен аралас қабілеттерді қолдана отырып, дұрыс сөйлеудің жаңа технологиялары, ақпараттық технологиялар ескі әдістерді алмастырады.

Ақпараттық технология оқушыларға сыныпта тәуелсіз болуға мүмкіндік береді. Бұл дұрыс сөйлеудің айтарлықтай жақсаруына қол жеткізу үшін іргелі құрылымдық өзгерістерді білдіреді. Сөйтіп, ақпараттық технологиялар оқытуды қолдау және білімді меңгеру үшін қолданылады. Сондай-ақ ол өзара байланысты оқытудың жаңа моделін енгізу арқылы оқытуды өзгерте алады.

Бастауыш сыныпта оқушылардың қазақ тілін меңгерту – оның лексикалық мән мағынасын түсіну, түйсіну кезіндегі қабілеттерінің бірі, өйткені ауызекі сөйлеу - оқушылардың бір-бірімен тілдік қатынас құралы. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға қажетті амалдарының бірі -21 ғасырда пайда болған ақпараттық технологиялар. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушылары лингафондық зертханалар, бейнелер, спутниктер, интернет, блог, сандық сөздік және т.б. сияқты сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін заманауи ақпараттық технологиялардың көптеген түрлерін пайдаланылуда [6, pp. 3-29]. Себебі, ақпараттық технологияларды пайдалану бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға қол жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы дұрыс сөйлеу шеберлігін негіздеу және тиімділігін анықтау.

Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс сөйлеу шеберлігін ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастырудың ғылыми негіздерін белгілеу және сөйлеу шеберлігін дамыту.

Оқушылардың тілдік норма туралы түсінігін кеңейтіп, олардың тілдік қателерін жіктеу және оны болдырмаудың әдіс-тәсілдерін саралап, оқушыларды ақпараттық технология арқылы дұрыс сөйлеуге машықтандырудың қалыптасу деңгейін көтеру.

Бастауыш сыныпта оқушыларды ақпараттық технология арқылы сөйлеу шеберлігінің қалыптасу жүйесін жасау.

Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы сөйлеу шеберлігін қалыптастыру – еш уақытта күн тәртібінен түспейтін аса күрделі мәселе. Өйткені балалар – еліміздің



тек болашағы ғана емес, оның көк туының мәңгі желбіреуінің тірегі, соның қорғаушысы. Сол себепті балалардың сауатты әрі дұрыс сөйлеу шеберлігін қалыптастыру айрықша маңызға ие.

Жан-жақты жетілген сауаты мен көзқарасы, дүниетанымы қазақстандық патриотизммен рухтанып қалыптасқан ұрпақ қана ұлттық қағидаттарымызды, құндылықтарымызды, салтымыз бен дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды көзінің қарашығындай сақтап, одан әрі дамытары сөзсіз. Білім беру тұжырымдамасында көрсетілгендей тал бесіктен басталатын сауаттылықты бастауыш мектепте одан әрі толықтыру, кеңейте түсу ауадай қажет. Бұған қол жеткізудің бір амалы- бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы дұрыс сөйлеу шеберлігін қалыптастыру.

Осы мәселені шешу көзделеді. Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық технология арқылы дұрыс сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік, әдіснамалық-теориялық негіздері анықталады.

Бастауыш мектептің білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологиялардың алатын орны: бастауыш мектеп оқушылардың өзара тілдік қарым-қатынасын реттеу мен белсендіру, сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың нәтижелі жолдарының бірі – оқыту процесінде ақпараттық технологияны қазақ тілі сабағында пайдалану ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеледі.

Ғылым мен техниканың дамуы бастауыш мектептің оқыту процесінде де жаңа талаптардың қойылатынын байқатты. Осыған орай бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын молайтуға, балалардың өздеріне қойылған сұрақтарға толық жауап бере алуына қол жеткізу үшін қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны пайдалану, оқушылардың күнделікті тілдік қарым-қатынасында ақпараттық технологияларды қолдана оқыту арқылы сөйлеу шеберлігін қалыптастыру жолы мен ерекшеліктері айқындалады.

- бастауыш мектепте қазақ тілін ақпараттық технологияны пайдалана оқыту және оны оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етуші фактор ретінде тану ғылыми әдістемелік–теориялық еңбектер арқылы анықталады. Соның ішінде, ақпараттық технологияның уақыт талабына сай оқыту әдістерінің бірі ретінде маңызды рөл атқаратыны дәлелденеді.

- бастауыш мектептерде ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде пайдалану оқушыларды шебер сөйлеуге қалыптастырудағы қазақ тілі сабақтарының жүйесін негіздеу педагогикалық, психологиялық шарттар арқылы айқындалады.

- ақпараттық технология арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда ақпараттық инновациялық технологияның әдістері мен тәсілдері өзара тығыз байланыста қаралып, олардың өзіндік айырмашылықтары мен сабақтастығы зерделенеді. Атап айтқанда:

- қазақ тілін қазіргі заманға сай сапалы, тиімді оқытуға мүмкіндік беретін ақпараттық технологияның әдіс-тәсілдері зерттеледі;

- ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру мақсатты түрде жобаланғандығы мен ұйымдастырылатындығы жоба барысында нақтыланады;

- ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда әдістердің өзара байланыста қолданылуы жобада айқын көрінеді.

Бастауыш мектептерде қазақ тілін ақпараттық технологияларды пайдалана оқытуда оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық болмысы теориялық түйіндер мен дидактикалық ұстанымдар жүйесінің құрамдас бөлшегі ретінде қазақ тілін ақпараттық технологиялармен оқыту балалардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға қосылған үлес ретінде таныла алады.

Жұмыста қарастырылған нәтижелер бастауыш мектептерде қазақ тілін ақпараттық технологияны пайдалана оқытуда оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың тиімді жүйесі екендігі тәжірибе жүзінде дәлелденіп, негізделді.

Нәтижелерін бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында пайдалануға болады.

Дүниежүзілік ғалымдар дәлелдегендей тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу шеберлігінің де арқауы болып табылады. Өйткені, Республикамызды мекендейтін ұлт пен ұлыстар тілдік қарым-қатынас арқылы түсініседі, өзара тіршілік қарым-қатынасын жасасады. Мемлекетімізде экономиканың, білім мен ғылымның алға басуы елімізде мекендейтін халықтардың бір – бірімен түсіністілігін қамтамасыз ету мақсатында бастауыш мектепте қазақ тілін ақпараттық технолоргияларды пайдалана оқыту күнделікті өмірдегі қажеттілікке айналады. Өйткені, ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың ойы мен тілін дамытып, сөздік қорларын молайтады. Бұлар өз кезегінде олардың сөйлеу шеберлігін арттырып, қалыптастырады. Сөйлеу шеберлігі қалыптасқан баланың білімі тереңдеп, дүниетанымы кеңейеді, ұлттық салт-дәстүр, әдет -ғұрып негізінде тәрбиеленеді.

Тілбіліміндетілдіқарым-қатынасқұрамыретіндезерттеуXXғасырдан бастау алады. Қазақстандық ғалымдар: Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.А., Рауандина А.Қ., Мәдиева А.Т., Аяпова Т.Т., Дәулетбекова Ж.Т., Молдабек Қ., Құрман Н.Ж., Шадиева Н.Х., Жүнісова Р.Қ., Бекишева Р.Е. т.б.

бұл мәселеде көптеген ғылыми– зерттеу нәтижелерін жарияласа, Ресей ғалымдары Л.Щерба, И.Л.Бим, Е.И.Пассов, А.Люблинская т.б. бала тілін зерттеуде еңбек етуде.

Бастауыш мектепте ақпараттық технологияларды оқыту процесінде оқушылардың қазақ тілінде ауызша сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың өзекті мәселелері Қазақстанда аз зерттелгендіктен қосымша зерттеулерді қажет етеді. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу шеберлігін қалыптастыру бойынша әдебиеттерді талдау қорытындыланады. Зерттеудің негізгі мазмұнында ақпараттық технология арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру амалдары анықталды және сапалы нәтижелері тұжырымдалды.

Зерттеу барысында ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру зерделенді, академиялық мәліметтер базасындағы мақалаларға негізделген шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың көпшілігінде сөйлеу шеберлігін қалыптастыру дағдылары жоқ екені анықталды. Оқушылардың ауызша сөйлеу шеберлігін дамыту мен қалыптастыру үшін қазақ тілінен стандартты емес тапсырмалар түріндегі қосымша материалды енгізу қажет, бұл оқу процесінің тиімділігін арттырып, сыныптағы оқушыларды түгел тартуға мүмкіндік береді деген қорытынды жасалды.

Оқушылардың сөздік қорын молайтуда сабақ тақырыбына орай түрлі әдіс-тәсілдерді нәтижелі пайдалану мен ақпараттық жаңа технологиялар қолданылды. Сабақта тапсырмалар сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға және оқушылардың жастарына қарай іріктелді. Оқушылардың ойлау, сөйлеу шеберлігін қалыптастыру, сөздік қорын молайту ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдануға жаттықтырылды. Оқушылар тақырыпқа сай берілген жаңа сөздермен таныстырылып, оларды сөйлеу барысында орынды пайдалана білуге, соларға байланыстырыла сұрақтар қоюға, оларға дұрыс та мәдени жауап беруге үйретілді. Оқушылар өздеріне бұрыннан белгілі, түсінікті сөз және сөз тіркестеріне сабақта кездескен жаңа сөздерді қатыстырып, шебер сөйлей білуге дағдыландырылды.

Осылайша, сөйлеу шеберлігін қалыптастыру ақпараттық технологияларды меңгеріп, саралай білуден, ақпаратты талдап, жинақтап, бағалай алудан, проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған әр түрлі тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады. Атап айтсақ: (топпен және жеке), жобаға сын пікір білдіру, цифрлық ресурстарды қолдану арқылы бағдарлама құру, зерттеу тақырыбы бойынша әңгіме құрастыру, пресс-конференция ұйымдастыру, мәтіндерді талдау, сұрақтар желісін ұйымдастыру және т.б. тапсырмалар ұсынылады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ақпараттық технологияларды бастауыш сыныпта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастырудағы тиімділігі туралы болжамның дұрыстығын дәлелдеу мақсатында:

Дүниежүзінде білім мен ғылымның қарыштап алға басуы бастауыш мектептен бастап заманауи ақпараттық технологияларды қолдану, пайдалану арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру қажеттігін туындатты. Осыған байланысты ақпараттық технологиялар арқылы бастауыш мектепте күнделікті өтілетін сабақта оқушылардың ауызша сөйлеу шеберлігін арттыру мен дамыту және қалыптастыру іске асырылып, бастауыш мектепте ақпараттық технологиялар арқылы қазақ тілінде ауызша сөйлеу шеберлігін қалыптастыру барысында тіл байлығы, оқушылардың ойлау ерекшеліктері айқындалды.

Заманауи ақпараттық құралдар-бұл мұғалімдер сыныптарда ұсынатын материалдарға қосымшалар. Ақпараттық технология оқушыларға сөйлеу шеберлігін жемісті түрде жетілдіруге көмектеседі. Қазіргі уақытта оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолдану нақты қажеттілікке айналды. Ауызша сөйлеу шеберлігін қалыптастыруды жақсарту үшін ақпараттық технологияны қолданудың әртүрлі әдістері егжей-тегжейлі талқыланды.

#### **1. «Дұрыс сөйлеуді қалыптастыру» дегеніміз не?**

Көптеген жылдар бойы ауызекі тіл оқытуда бағаланбады және бастауыш сынып мұғалімдері жаттығуларды қайталау немесе диалогты есте сақтау ретінде ауызекі сөйлеуді жалғастырды. Қазіргі әлем ауызша шебер сөйлеуді қалыптастыруда оқушылардың тілдік қарым-қатынас дағдыларын жақсартуды талап етеді, сонда оқушылар өздерін көрсете алады, әр тілдік қарым-қатынас жағдайына сәйкес келетін әлеуметтік, мәдени ережелерді ұстануды үйренеді[7].

#### **2. Ауызекі сөйлеуді қалыптастыру себептері**

Қазақ тілі мемлекетімізде ұлтаралық тілге айналуға. Барлық бұқаралық ақпарат құралдары, технологиялар және басқалары қазақ тілін қолданады. Сондықтан Республикамызды мекендейтін ұлт пен ұлыстар мемлекеттік тілімізде қарым-қатынас жасауды үйренеді. Оқушылар өздерінің сөйлеу шеберлігін қалыптастырудағы жетістіктерін, қаншалықты жақсартты деп санайтынына қарай бағалайды [8].

#### **3. Ауызекі сөйлеу шеберлігін қалыптастырудағы оқушылардың рөлі**

Сыныпта сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда оқушылардың рөлі ретінде қолдануға болатын санаттар бар:

а) Еліктеу-сыныптағы сөйлеу уақытының өте шектеулі бөлігі. Мысалы, оқушыда интонациялық контурды қолданатын немесе белгілі бір дауысты дыбысты дәл анықтауға тырысатын «адам магнитофоны»

тудыратын сөйлеу болуы мүмкін. Мұндай түрде еліктеу мағыналы өзара әрекеттесу мақсатында емес, тіл формасының белгілі бір элементіне назар аудару үшін жүзеге асырылады.

ә) Сөз қарқыны-ол еліктеуден асып түседі және тілдің кейбір фонологиялық немесе грамматикалық аспектілерін пысықтауға бағытталған кез келген ауызша сөйлеуді қамтиды. Оның жоспарлануы немесе импровизациялануы мүмкін. Орта және жоғары деңгейлі оқушылар ауызша баяндамалар түрінде ұзақ монологтар айтуға шақырылады [9].

#### *4. Сөйлеу шеберлігін қалыптастырудағы ақпараттық технологиялар*

Қарқынды дамып келе жатқан 21 ғасырда бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту үшін әртүрлі инновациялық технологиялар енгізілуде. Сол себепті білім базасы қысқа уақыт ішінде екі есе және үш есе артады. Бұл тенденцияны жеңу үшін бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту үшін заманауи ақпараттық технологиялар қолданылды. Ақпараттық технология оқушыларды шебер сөйлеуге ынталандырады.

Ақпараттық технология оқушыларға өз бетінше әрекет етуге, өзара тілдік қарым -қатынас жасау мүмкіндіктеріне, құпиялылыққа, қателерді түзететін, нақты кері байланыс беретін қауіпсіз ортаға қатысуға мүмкіндік береді. Бағдарламалық жасақтамада сапалы кері байланыстың маңыздылығын көрсететін зерттеулер пайда болады. Түсініктемелерді, қосымша көмек пен анықтамалық материалдарды қайдан іздеу болатынына сілтемелер беріледі, ақпараттық технологияның құндылығы одан әрі артады. Заманауи ақпараттық технологиялар оқушылардың ақыл-ойын толықтырады, сонда олар қиын тапсырманы орындайды және тақырыпты меңгеруге толық қатыса алады.

Бүгінгі таңдағы бастауыш сынып мұғалімдеріне қол жетімді заманауи ақпараттық технологияларға байланыс; бейнеконференция; бейне кітапхана; шақыру (компьютерді пайдаланып тіл үйрену); айту (тілді жетілдірілген оқыту технологиясы); сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға арналған бағдарламалық жасақтама т.б. жатады. Осыған орай Х.Ван, Х.Сун, Д.Ли зерттеулерінде компьютерлік мультимедиялық технологиялар мен интернет технологияларын меңгеру оқу уақытының икемділігін арттырады және мұғалім мен білім алушының өзара әрекеттесуін жақсартатыны аталған [10]

#### *5. Ақпараттық технологияларды қалай пайдалануға болады:*

##### *1. Байланыс*

Сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға арналған бағдарламалық жасақтама бар. Компьютерлерге сәйкес бағдарламалық жасақтаманы орнату арқылы оқушылар оны өз қызығушылықтарымен қайта-қайта қарайды және сөйлеу шеберліктерін жетілдіруге тырысады, Бұл

жаңартылған ақпараттық технологиялар әлемінде қажет. Құлаққапты пайдалану оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын тудырады және оларды зеріктірудің орнына қайта-қайта қайталауға ынтықтырады. Аширбекова С.З., Молдабек Қ. Сөйлеу әрекетін ақпараттық технологиялармен қалай пайдалануға болатынын ұсынған [11].

### *2. Бейнеконференция*

Бейнеконференция - бір баланың басқа сыныптардағы замандастарының сөйлеген сөздеріне қол жеткізу әдісі. Басқаша айтқанда, басқа сыныптағы дәрісті көру үшін қолданылатын бағдарламаның тікелей эфирі.

Оқушыларға басқа сыныпта не болып жатқанын көру, түсіну және ондағы балалардан жанды сөзін есту өте пайдалы. Бейнеконференцияның ең маңызды сәті-оқушылар дереу сұрақтар қойып, оларға бірден жауап ала алады.

### *3. Бейне кітапхана*

Бейне кітапханалар жылдам және модернизацияланған заманда өте қажет. Бұл оқушылар үшін пайдалы. Осы үдеріс барысында мұғалімнің сөзі мен түсіндірмесі балаларға түсінікті әрі қолжетімді болады. Оқушылар бос уақытында жазбаларды көре алады. Бұл әдістің артықшылығы оқушылар қажеттілік туындаған кезде оны қайталай алады [12].

### *4. Шақыру*

Сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда компьютерлердің білім беру мен шақыру (Компьютерді пайдаланып тіл үйрену) рөлі маңызды. Мұғалім оқушыларды пассивті ақпарат алушылардан белсенді қатысушыларға айналдыра алатын ең жаңа технологияларды қолдана алады. Шақыру тілдерді оқытуда оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда компьютерлік қосымшаларды іздеу және үйрену ретінде анықталады.

### *5. Айту*

Сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда ақпараттық технологияны оқытуды жақсарту үшін компьютерлік технологияларды, соның ішінде ақпараттық, бағдарламалық құралды және интернетті пайдаланады. Бұл оқушыларға сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін қол жетімді барлық технологияларға мүмкіндік береді. Оқушыларға сөздіктерді пайдалануға, сөйлесуге және әртүрлі оқиғаларды көруге рұқсат етіледі [13].

### *6. Сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға арналған бағдарламалық жасақтама*

Сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға арналған бағдарламалық жасақтама оқушылардың ауызша сөйлеу тілін жақсартуға, жетілдіруге көмектеседі, айтылатын сөздерді өз бетінше түрлендіре алады. Құрылғы оқудың дәлдігін таниды, содан кейін оқушыға қайталап көруге мүмкіндік береді. Осылайша оқушы өзінің жақсы оқитынын немесе оқымайтынын анықтай алады. Оқушының сөйлеу шеберлігі жақсарған сайын, ақпараттар ағымына қызығушылығы артады, көбірек оқиды. Сонымен

бірге бағдарламалық жасақтама грамматика, айтылу, түсіну бойынша ұпайларды бағалайды, дұрыс формалармен қамтамасыз етіледі. Мысалы, егер оқушы сөзді дұрыс айтпаса, мұғалім оны бірден анықтап, түзетуге көмектеседі. Бұл жасақтама қашықтықтан білім алушылар үшін өте пайдалы болуы мүмкін, өйткені олардың сөйлеуін түзететін мұғалімі жоқ және бұл құрылғы олардың сөйлеу шеберліктерін жақсартуға көмектеседі.

### *7. Интернет*

Интернет – бүкіл әлем бойынша адамдар кеңінен қолданатын жалпы қабылданған термин. Оқушылар өздерінің сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін сыныпта, үйде интернетті пайдаланады.

Сыныптағы оқыту қызықты болып көрінеді және оқушыларды өздеріне сәйкес материалдарды табуға мәжбүрлейді. Оқушыларға қол жетімді грамматикалық жаттығуларды орындауға нұсқау беріледі. Интернет арқылы кез-келген нұсқаулық үшін әртүрлі көздерден деректерді жинай алады. Сөйлеу шеберлігін жақсарту мен қалыптастыру барысына оқушылар Skype, Messenger, Google қолдана алады және оқушылар достарымен, басқа сыныптың оқушыларымен, мұғалімімен, ата-аналарымен, таныстарымен сөйлесе алады. Ақпараттық технологияның бұл әдістері оқушылардың ауызша сөйлеу шеберлігін жақсартады және тілдік қарым-қатынастарын қалыптастырады [14]. Сонымен қатар мәдениетаралық хабардарлықты, мотивацияны және өзара әрекеттесу деңгейін арттырады. Интернет арқылы оқушылар көптеген оқу материалдарын таба алады, мысалы, аудио, видео, радио және телешоулар, ойындар, дауыстық жазбалар, викториналар және т.б. осылайша оқушылар сөйлеу шеберліктерін арттыруда тілдің көп мөлшерімен танысады және бұл олардың сөйлеу шеберліктерінің қалыптасуына көмектеседі.

### **Қорытынды**

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялық құралдар әлдеқайда қызықты және тартымды оқытуды қамтамасыз етеді, оқушыларды ынталандырады, оларға сөйлеу шеберліктерін жемісті жетілдіруге көмектеседі және бұл құралдар оқушыларға өз бетінше сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға көмектеседі, олардың тәуелсіздігіне ықпал етеді.

Ақпараттық технологиялар бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру, сөздік қорын молайту ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдануға жаттықтырады. Оқушыларды тақырыпқа сай жаңа сөздермен таныстырып, оларды сөйлеу барысында орынды пайдалана білуге, соларға байланыстыра сұрақтар қоюға, оларға дұрыс та мәдени жауап беруге үйретеді. Оқушылар өздеріне бұрыннан белгілі, түсінікті сөз және сөз тіркестеріне сабақта кездескен жаңа сөздерді қатыстыра шебер сөйлей білуге дағдыланады.

Сөйлеу шеберліктерін тиімді қалыптастыру мен оқытуда заманауи ақпараттық технология әдістерін пайдалану.

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияны кеңінен қолдануы керек.

Тапсырманы орындау барысында оқушылар оларды өзара салыстыра, сәйкестендіре отырып, ауызша дұрыс айтуға, сөйлеуге дағдыланды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың әдістемесі әзірленді және оны ақпараттық қамтамасыз ету ұсынылды [15].

Сөйлеу шеберліктерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы заманауи ақпараттық технологиялар арқылы бір-бірімен үйлесетін болады.

*Бұл мақаланы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті қаржыландырады (AP09259033)».*

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы. – Режим доступа: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> [Дата обращения: 21.09.2021].

[2] Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі /Оқу құралы/-Алматы, 2000. -108 б.

[3] Вострокнутов И. Е. Сущность и особенности рынка информатизации школьного образования //Приволжский научный вестник. – 2015. - № 3-2 (31). – С.22-27.

[4] Ibashova Almira., Orazbayeva Elmira., Kalzhanova Altynay., Buletova Lyazzat., Yesnazar Asel. Formation of information culture of primary school students //Astra Salvensis. – 2017. – Issue 10. -pp. 234-240. 13p.

[5] Mary Webb. Pedagogy with information and communications technologies in transition. //Education and Information Technologies. – URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-012-9216-x> [Date of access: 19.10.2021].

[6] Chan, T.-W., Roschelle, J., I, S., Sharples, M., Brown, T., Patton, C., Cherniavsky, J., Pea, R., Norris, C. One-to-one technology-enhanced learning: An opportunity for global research collaboration. Res. Pract. Technol. Enhanc. Learn. – 2006. -Vol 1. - № 1. -Pp 3-29.

[7] Климанова, Л. Ф. Инновационные технологии в обучении грамоте //Начальная школа. – 2010. - № 9. – С. 10

[8] Кабенова Д.М., Ускенбаева С.Т. Применение инновационных методов обучения как условие формирования вторичной языковой личности //Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». – 2022. - №2 (106). – С.116-127.



[9] Конопатова Н.К. Информационно-образовательная среда как важнейшее условие достижения нового качества образования. – Режим доступа: URL: [http://www.admedu.spb.ru/sites/default/files/sovremennaya\\_obrazovatel'naya\\_sreda.pdf](http://www.admedu.spb.ru/sites/default/files/sovremennaya_obrazovatel'naya_sreda.pdf) [Дата обращения: 27.10.20[;eye].

[10] Wang, X., Sun, H., & Li, L. An Innovative Preschool Education Method Based on Computer Multimedia Technology. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*. – 2019. – 14(14). – pp. 57–68.

[11] Ashirbekovna S.Z., Kulakhmet M., Aizhumashevna A.A., Muratbekovna O.L., Borashkyzy A.U. Scientific methodological basis of teaching primary school pupils language by developing speaking activities // *Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi*. – 2022. -17(5). – pp. 1825–1837.

[12] Marzhan D., Max at D., Akbota A., Moldabek K., Rabiga K., Rysbayeva G. The development of computational skills of visually impaired children of primary classes // *Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi*. – 2022. – Issue 2. – pp. 451–463.

[13] Молдабек Қ., Кенжебекова Р.И. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін қалыптастыру // *Торайғыров университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы*. – 2021. - № 3. – Б.139-147.

[14] Кенжебекова Р. И., Молдабек К., Нишанова К. С. Ақпараттық технологиялар – сөйлеу шеберлігін қалыптастырудың тиімді әдісі // *Торайғыров университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы*. – 2022. - №1. – Б.88-101.

[15] Moldabek K., Kenzhebekova R., Kazybayeva K. The use of information technologies in the formation of speech skills of primary school students // *Bulletin of the L.N.Gumilev Eurasian National University, Pedagogy. Psychology. Series*. – 2022. - № 3(140). – pp.243-256

## REFERENCES

[1] Gosudarstvennaia programa razvitia obrazovaniya I nauki Respubliki Kazakhstan na 2020 – 2025 gody (The State Program for the development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020 – 2025). – Rezhim dostupa: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> [Data obrashheniya 21.09.2021]. [in Rus.]

[2] Orazbaeva F.Ş. Tildik qatnas: teoriyası jäne ädistemesi /Oqw quralı/ (Linguistic communication: theory and azakhlogy). -Almatı, 2000. -108 b. [in Kaz]

[3] Vostroknutov I.Ye. Sushchnost' I osobennosti rynka informatizatsii shkol'nogo obrazovaniya (Essence and features of the school education informatization market) // *Privolzhskiy nauchnyy vestnik* –2015. -No3-2 (31). –S.22-27 [in Rus.]

[4] Ibashova Almira., Orazbayeva Elmira., Kalzhanova Altynay., Buletova Lyazzat., Yesnazar Asel. Formation of information culture of primary school students // *Astra Salvensis*. – 2017. – Issue 10. -pp. 234-240. 13 p.

[5] Mary Webb. Pedagogy with information and communications technologies in transition. //Education and Information Technologies, –URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10639-012-9216-x> [Date of access: 19.10.2021].

[6] Chan, T.-W., Roschelle, J., I, S., Sharples, M., Brown, T., Patton, C., Cherniavsky, J., Pea, R., Norris, C. One-to-one technology-enhanced learning: An opportunity for global research collaboration. Res. Pract. Technol. Enhanc. Learn, - 2006. -Vol 1. - № 1. -Pp 3-29.

[7] Klimanova L. F. Innovatsionnyye tekhnologii v obuchenii gramote (Innovative technologies in teaching literacy) //Nachal'naya shkola. – 2010. -No 9. – S. 10 [in Rus.]

[8] Kabenova D.M., Uskenbaeva S.T. Primenenie innovatsionnykh metodov obucheniya kak uslovie formirovaniya vtorichnoi iazykovoi lichnosti (The use of innovative teaching methods as a condition for the formation of a secondary linguistic personality). //Vestnik Karagandinskogo universiteta, Seriya «Pedagogika». – 2022. - №2(106). -S.116-127. [in Rus.]

[9] Konopatova N.K. Informatsionno-obrazovatel'naiasredakakvajneisee uslovie dostizheniya novogo kachestva obrazovaniya. (Information and educational environment as the most important condition for achieving a new quality of education). – Rezhim dostupa: URL: [http://www.admedu.spb.ru/sites/default/files/sovremennaya\\_obrazovatel'naya\\_sreda.pdf](http://www.admedu.spb.ru/sites/default/files/sovremennaya_obrazovatel'naya_sreda.pdf) [Data obrashheniya: 27.10.2021]. [in Rus.]

[10] Wang, X., Sun, H., & Li, L. An Innovative Preschool Education Method Based on Computer Multimedia Technology. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2019. – 14(14). – PP. 57–68.

[11] Ashirbekovna S.Z., Kulakhmet M., Aizhumashevna A.A., Muratbekovna O.L., Borashkyzy A.U. Scientific methodological basis of teaching primary school pupils language by developing speaking activities // Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi. – 2022. -17(5). – pp. 1825–1837.

[12] Marzhan D., Max at D., Akbota A., Moldabek K., Rabiga K., Rysbayeva G. The development of computational skills of visually impaired children of primary classes. //Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi. – 2022. – Issue 2. – pp . 451–463.

[13] Moldabek Q., Kenjebekova R.Ī. Aqparattyq tehnologialar arqyly oquşylardyñ söileu şeberligin qalyptastyru (Formation of speech skills of students through information technologies) //Toraıǵyrov universitetiniñ habarşysy. «Pedagogika» seriasy.-2021. - № 3. – B.139-147. [in Kaz].

[14] Kenjebekova R. Ī., Moldabek K., Nişanova K. S. Aqparattyq tehnologialar – cöileu şeberligin qalyptastyru dyñ tiımdı ädisi (Information Technology is an effective method for the formation of speech skills) //

Toraıǵyrov universitetiniń habarşysy.»Pedagogika» seriasy.-2022. - №1.- В.88-101.[in Kaz].

[15] К. Moldabek, R. Kenzhebekova, K. Kazybayeva The use of information technologies in the formation of speech skills of primary school students. //Bulletin of the L.N.Gumilev Eurasian National University, Pedagogy. Psychology. Series. -2022 . -No. 3(140).- pp.243-256

### **ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВОГО МАСТЕРСТВА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ ПОСРЕДСТВОМ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

Молдабек К.<sup>1</sup>, \*Кенжебекова Р.И.<sup>2</sup>, Дайырбеков С.С.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан,  
e-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru

\*<sup>2</sup>к.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан,  
e-mail: rabiga.0561@mail.ru

<sup>3</sup>к.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан,  
e-mail: dairbekov-serik@mail.ru

**Аннотация.** В статье авторы рассматривают актуальную проблему формирования у учащихся навыков устной речи на казахском языке в процессе обучения информационным технологиям в начальной школе. В статье анализируется и обобщается литература по формированию речевого мастерства младших школьников. Основное содержание исследования состоит в выявлении приемов формирования речевого мастерства учащихся в процессе использования информационных технологий, а также в обеспечении и формулировании качественных результатов.

В ходе исследования были изучены информационные технологии формирования речевого мастерства учащихся на уроках казахского языка начальных классов, проведен обзор работ зарубежных и отечественных ученых на основе статей в академических базах данных. В результате данного исследования установлено, что у большинства учащихся отсутствуют навыки формирования речевого мастерства. Сделан вывод, что для развития и формирования навыков устной речи учащихся необходимо введение дополнительного материала по казахскому языку в виде нестандартных заданий, что позволит повысить эффективность учебного процесса и привлечь учащихся.

В соответствии с разработанной методикой формирование речевого мастерства в начальной школе информационных технологий состоит

из следующего компонента: мотивационного, содержательного и рефлексивного. На основе этих компонентов определены показатели и уровни в результате формирования речевого мастерства в начальной школе информационных технологий. В ходе исследования были представлены результаты проверки, обнаружения и контрольного эксперимента. Как показали результаты исследования, необходимо всесторонне изучить проблему формирования речевого мастерства в начальных классах информационных технологий, так как по выявленному показателю установлено, что подавляющее большинство учащихся имеют низкий уровень образования.

Авторы дают педагогам практические рекомендации по формированию речевого мастерства учащихся на уроках казахского языка начальных классов.

**Ключевые слова:** информация, технология, начальный класс, казахский язык, речь, устная правильная речь, умение, формирование

### **FORMATION OF SPEECH SKILLS IN PRIMARY SCHOOL THROUGH INFORMATION TECHNOLOGY**

Moldabek K.<sup>1</sup>, \*Kenzhebekova R.I.<sup>2</sup>, Dayyrbekov S.S.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>d.p.s., Professor, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru

\*<sup>2</sup>c.p.s., Professor South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: rabiga.0561@mail.ru

<sup>3</sup>c.p.s., Professor South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: dairbekov-serik@mail.ru

**Abstract.** In the article, the authors consider the actual problem of the formation of students' oral speech skills in the Kazakh language in the process of teaching information technologies in primary school. The article analyzes and summarizes the literature on the formation of speech skills of younger schoolchildren. The main content of the study is to identify the methods of formation of students' speech skills in the process of using information technology, as well as in providing and formulating qualitative results.

In the course of the study, information technologies for the formation of speech skills of students in the Kazakh language lessons of primary classes were studied, a review of the works of foreign and domestic scientists based on articles in academic databases was conducted. As a result of this study, it was found that the majority of students lack the skills of forming speech skills. It is concluded that for the development and formation of oral speech skills of students, it is necessary to introduce additional material on the Kazakh language in the form of non-standard tasks, which will increase the efficiency of the educational process and attract students.

In accordance with the developed methodology, the formation of speech skills in the primary school of information technology consists of the following components: motivational, meaningful and reflexive. On the basis of these components, indicators and levels are determined as a result of the formation of speech skills in the primary school of information technology. During the study, the results of verification, detection and control experiment were presented. As the results of the study have shown, it is necessary to comprehensively study the problem of the formation of speech skills in the primary classes of information technology, since according to the revealed indicator it is established that the vast majority of students have a low level of education.

The authors give teachers practical recommendations on the formation of students' speech skills in the lessons of the Kazakh language of primary classes.

**Keywords:** information, technology, elementary class, kazakh language, speech, oral correct speech, skill, formation

*Статья поступила 10.03.2023*

**УДК 81'13**

**МРНТИ 14.85.35**

**<https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.69.2.017>**

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУШІЛЕРДІҢ ЫНТАСЫ МЕН  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ**

\*Бакирова Г.П.<sup>1</sup>, Құдурбек А.М.<sup>2</sup>, Сұлтанова М.С.<sup>3</sup>, Жубанова Ш.А.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.м., аға оқытушы, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы,  
Қазақстан, e-mail: g.bakirova@almau.edu.kz

<sup>2</sup>п.ғ.м., аға оқытушы, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы,  
Қазақстан, e-mail: a.kudurbek@almau.edu.kz

<sup>3</sup>п.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: m.sultanova6767@mail.ru

<sup>4</sup>ф.ғ.м., синьор-лектор, Қазақстан- Британ Техникалық Университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: s.zhubanova@kbtu.kz

**Аңдатпа.** Заманауи әлем өмірдің барлық салаларында, сондай-ақ білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялардың әсерінен жылдам өзгеруде. Шет тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптар уақыт өте өзгеріп

отырады және қазіргі тіл үйренушілердің де талаптары заманға сай айрықша өзгеруде. Біз заманауи білікті мамандар ретінде технология заманында дүние есігін ашқан балалардың күнделікті құралына айналған заманауи смартфондар мен басқа да цифрлық технологияларды білім алуға, тіл үйрену процесінде қолдануды ынталандыруымыз керек. Әлеуметтік желілердің дамуы қоғамда ауызекі қарым- қатынастың тапшылығына әкелгені де баршаға мәлім. Сондықтан білім беруде өскелең ұрпақтың бойында цифрлық және коммуникативті дағдыларды, ынтымақтастық пен коллаборацияда жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануымыз керек. Алайда, білім алушылардың шет тілін үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасы төмен болса, тіл үйрену процесі тиімсіз болатыны анық. Сонымен, бұл ғылыми жұмыста басты назар студенттердің бойында технологиялық және коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыруға, цифрлық технологияларды кіріктіру арқылы студенттердің ағылшын тілін бірлесе жұмыс істеу барысында оқуға деген қызығушылығын дамытуға бағытталған. Оқу үдерісіндегі цифрлық білім беру құралдарының дидактикалық әлеуетін анықтау үшін шетелдік және отандық әдебиеттерге талдау және шолу жүргізілді. Сонымен қатар, мақалада ағылшын тілін оқытуда инновациялық құралдарды қолдану арқылы эксперименттік зерттеу жүргізіліп, сауалнама әдісі де қолданылды. Зерттеу нәтижесінде А2 және В1 деңгей студенттері үшін ең қолжетімді және білім беретін цифрлық құралдар мен мобильді қосымшалар жинақталды.

**Тірек сөздер:** ынталандыру, ынтымақтастық, цифрлық технологиялар, цифрландыру, геймификация, коллаборация, гаджеттер, мобильді қосымшалар

### **Негізгі ережелер**

Қазіргі таңда шет тілін мультимедиялық технологиялар арқылы оқыту және үйрену қол жетімді болуда, яғни технологиялардың артықшылықтары арқасында, атап айтсақ, қолжетімділік, байланыс, өзара қарым- қатынас, уақыт үнемділігі сияқты оң тұстары арқылы ағылшын немесе басқа да тілдерді үйрену тиімділігі күннен күнге артуда. Осыған орай, заманауи технологияларды студенттердің коллаборативтік оқу үдерісін, өзара қарым- қатынас және тіл үйренуге деген мотивацияны дамытуда тиімді қолдану жолдары жайлы түрлі ғылыми еңбектер жазылып зерттелуде. Тіл үйрету жағдайында әртүрлі бағытта және мақсатта қолданылатын әдістер және технологиялар баршылық. Мәселен, кейбір мультимедиялық құралдар тестілеу және қашықтықтан білім беруде пайдаланылса, ал бірқатар технологиялар іскерлік ағылшын тілін меңгеруде, оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын дамытуда және аударманы үйретуде пайдасы зор. Дегенмен жаңа технологиялар оқыту

процесінің тек қосалқы бөлшегі екенін естен шығармаған жөн. Сондай-ақ цифрлық технологиялар ұсынатын мүмкіндіктер арқылы ғана шет тілін үйрену тиімді немесе оқытушының рөлінен технологиялар басымырақ деген қате пікірлерден алшақ болуымыз керек. Сонымен қатар ойын түрлерін таңдағанда да бірнеше факторлар ескерілуі керек. Мәселен, студенттердің жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, тіл білімі деңгейі, тақырыпқа үйлесімділігі секілді ерекшеліктер ескерілуі қажет, айтарлық, жасы кіші студенттер сайыс түрінде өткізілетін ойындарды қызықты әрі танымды деп есептейді және бұл ойындар оқу үдерісін тиімдірек ете түседі. Егерде бұл атап өтілген факторлар ескерілмесе, ойын да, ұсынылған материал да өз құндылығын жоғалтады [3]. Сол себепті тіл үйренушілер мен оқытушылар бұл жаңа технологиялар ұсынатын мүмкіндіктерді тиімді әрі орнымен қолдану жолдарын білген жағдайда ғана тіл үйрену процесі оң нәтиже беретінін де естен шығармаған абзал.

Ағылшын тілін мультимедиялық технологиялар арқылы оқытудың тиімділігі жайлы отандық ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйенсек, шет тілін оқытуда заманауи технологияларды қолдану білім алушылардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік дағдыларын дамытумен қатар, студенттердің грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуін жеңілдетеді және есте сақтау, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін де дамытуда пайдасы зор деп көрсетеді [1].

### **Кіріспе**

Ынтымақтастықта оқытуда студенттер топта бірлесе отырып, берілген тапсырманың шешімдерін немесе мағынасын өзара талқылайды және бірге кез келген өнімді ақылдаса отырып жасайды. А.Е. Берикханованың пікірінше, коллаборативтік оқытудың өз ерекшеліктері бар, яғни бұл оқыту түрінде оқытушы тек үйлестіруші, бағыттаушы, кеңес беруші, ынталандырушы рөлін атқарады, ал бірлестікте жұмыс жасаған балалар бір-біріне көмектеседі, әлсіз студенттер қолдауды сезінеді, білім алушылар арасында салауатты бәсекелестік рухы туады [2]. Й.А. Счеуерманн өз мақаласында «ынтымақтасу» және «топтық жұмыс» арасындағы айырмашылықты атап өтеді. Ол бұл ұғымдар арасындағы басты айырмашылық жауапкершілікте деп түсіндіреді. Коллаборативті тапсырмалар студенттердің ұжымдаса отырып білім алуымен қатар, әр топ мүшесінің жеке және топтық жауапкершілікті сезініп ұжымдық жұмысқа атсалысуын талап етеді [8]. Бірлескен оқытуда студенттер шағын топтарда бір-біріне қолдау көрсетеді және өздерінің және бір-бірінің білімін арттыру арқылы ортақ мақсатқа жетуге тырысады [5]. Білім алушылар ынтымақтастықта бірлесе отырып білім алуында технологиялардың пайдасы зор. Бұл жайлы танымал ғалымдар Ф. Сабзиан, П.А. Гилакйани және С. Содоури өз еңбектерінде тіл сабақтарында технологиялардың

қолданылуы оқытушылар мен білім алушылар арасындағы өзара ынтымақтастығын арттырады деп тұжырымдайды[7]. Білім алушылар сабақ барысында жаңа технологияларды енгізуде оқытушылардың көмекшілеріне айналады, себебі жастар жаңа технологияларға жақсырақ бейімделген. Осылайшастуденттер өздерінің оқу процесінде сенімділіктерін артырып, кез келген материалды еркін өздеріне ыңғайлы, қауіпсіз атмосферада игере алады. Тіл үйренушілердің шынайы өмірлік дағдыларды меңгеруі үшін әлеуметтік қарым- қатынас мүмкіндігі болуы қажет. Бұл мақсатқа коллаборативті оқыту арқылы қол жеткізуге болады. Осылайша шетелдік ғалымдар компьютерлік технологияларды сабақта қолдану студенттердің жауапкершіліктерін арттыратын шынайы оқу тәжірибесін қалыптастырады деп тұжырымдайды [4].

Білім алушыларды ынталандыру және ынтымақтастық орта қалыптастыру көптеген оқытушыларға қиынға түседі. Осы мәселелерді шешу үшін тілді қызықты әрі тиімді жолмен үйретуге түрлі замануи сандық технологияларды қолдану мүмкіндігі ұсынылады. Соңғы онжылдықта жаңа мобильді технологиялардың пайда болуы шет тілін оқыту тәжірибесін айтарлықтай өзгертті. Қазір кез келген смартфондарда appstore дүкені арқылы тілді үйренуге арналған түрлі мобильді қосымшалар жүктеу қолжетімді болып табылады.

Digital Game Based Language Learning (DGBLL) туралы бірнеше кітаптардың авторы М. Пренски, жастар арасында веб немесе мобильді ойындарға қарағанда коммерциялық шытырманды ойын-сауық ойындар (COTS) көбірек сұранысқа ие екенін айтады. М. Пренски сандық ойындарды екі санатқа бөледі. Бірі жоғарыда атап өткен шытырман оқиғалы ойындар (мысалы, World of Warcraft) болса, екінші түрі білім беруге бағытталған ойындар (мысалы, Mingoville, The English Minnits, Language trap). Балалар шытырман оқиғалы ойындары арқылы түрлі әрекеттерді үйренеді, айтарлық ұшақ жүргізуді, көліктерді жылдам жүргізуді, соғыс жауынгерлері немесе өркениет құрушылар болуға да тырысады[6]. Сонымен қатар ғалымның пайымдауынша, бұл ойындар арқылы балалар басқа да жағымды дағдыларды қалыптастырады. Мәселен, олар тез шешім қабылдауды, жеңу стратегиясын құруды, тәжірибелер арқылы күрделі жүйелерді құруды және де басқа ойыншылармен бірлесе отырып ойын тапсырмаларын орындауды үйренеді.

### **Материалдар мен әдістер**

Бұл зерттеу жұмысында теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеуіміздің негізгі тақырыптарының сипатын анықтау және білім берудегі цифрлық технологиялардың студенттердің тіл үйренуге ынтымақтасын арттыруға және ынтымақтастықта жұмыс жасауына пайдасы жайлы ақпараттар алу үшін ғылыми әдебиеттерге шолу әдісі



арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар студенттер арасында бірнеше сауалнама жүргізілді. Сауалнама әдісі студенттердің сабақ барысында қолданылған ойындар мен технологияларға баға беру және студенттердің ойларын білу мақсатында ұйымдастырылды. Сондай-ақ сауалнама әдісі технологияларға негізделген коллаборативті тапсырмалары бар сабақтар және ойын форматындағы бірнеше сабақтардан кейін студенттердің мотивация деңгейін бақылау үшін жүргізілді. Зерттеу барысында Алматы менеджмент университетінің 1-ші (А2 деңгейі) және 2-ші курс студенттері (В1 деңгейі) эксперименттік топ ретінде бақыланды. Эксперимент 17-19 жас аралығындағы 50 студентпен жүргізілді. Ағылшын тілі сабағында студенттерді топта бірлесе жұмыс жасауға ынталандыратын, коллаборацияда жұмыс жасауға негізделген онлайн және офлайн ойындар, викториналар, топтық жарыс ойындары қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазіргі таңда оқытушыларға шет тілін үйретуде студенттердің қызығушылығын түрлі онлайн ойындар қолдану мүмкіндіктері бар. Мәселен, кейбір ойындар (Quizlet, Duolingo, Word Hurdles, LingQ, Rain words, Face Maker Game) жаңа сөздерді үйренуге, сөйлеу, жазу, тыңдау дағдыларын дамытуға зор үлесін қосады. Сонымен қатар тек бір дағдыны ғана емес, барлық дағдыларды дамытуға көмектесетін онлайн ойындар да бар. Ағылшын тілін үйретуде қолжетімді веб қосымшаларының бірі – Kahoot ойыны. Бұл ойын жаңа сөздерді үйреніп оларды есте сақтауға және грамматикалық құрылымдарды ұйғаруға да тиімді онлайн қосымша болып табылады. Біздің зерттеу жұмысымызда осы ойын бірнеше критерийлер бойынша тандалынды:

- қосымшаны жүктеу және тапсырмаларды құрастыру тегін;
- бұл технологияны шет тілін үйретуде түрлі бағытта қолдануға болады (оқылым, жазылым, сөздерді, грамматиканы үйрену және т.б.);
- студенттер жеке, жұпта немесе топтасып ойнай алады;
- ойын жарыс түрінде болғандықтан, студенттердің бәсекелестік қабілеттерін дамытады.

Бұл ойында үш түрлі тапсырмалар құрастыруға болады: классикалық викторина немесе тест, дискуссия, сауалнама. Бұл жаттығулардың арасында викторина немесе тест тапсырмалары сұранысқа көбірек ие. Ойын студенттердің жұпта немесе бірлесіп жұмыс жасауына бағытталған. Ойыншылар ойынға тіркелуі міндетті емес, бар болғаны ойын желісіне кіріп, PIN арнайы сандық кодты енгізу арқылы ойынға қосыла алады. Ойыншылар жеке ойнаса, өз есімдерін енгізе алады немесе лақап аттарын да жаза алады. Студенттер топтаса ойнағанда, топ атын қызықты әрі ерекше етіп таңдауға тырысады. Ойыншылар әр тапсырма немесе сұрақтан кейін өздерінің нәтижелерін көре алады. Ойын студенттердің

сұрақтарға тек дұрыс жауап беруін талап етпейді, сондай-ақ сұрақтарға жылдам жауап берген ойыншыларға көбірек ұпай береді. Ойынның мұндай тұстары ойыншылар арасында бәсекелестік тудырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыра түседі.

Студенттердің бірлестікте жұмыс жасауына ықпалын тигізетін келесі ойын түрі – Jeopardy. Бұл ойын сұрақ- жауап викторина форматында жүргізіледі. Оқытушылар бұл ойын шаблонын интернет желісінен тегін жүктеп ала алады. Ойынды құрастыру үшін Classroom Jeopardy Powerpoint файлы, бес түрлі тақырып және әр тақырыпқа бес түрлі сұрақтар болуы қажет. Студенттердің қызығушылығын арттыру үшін сұрақтарды күрделендіруге болады. Сұрақтардың жеңілдігіне және күрделілігіне қарай ұпайды 100- 500 аралығында орнатуға болады. Бұл цифрлық ойынның жаңа нұсқасы да интернет желісінде қолжетімді. Бұл ойынды [www.flippity.net](http://www.flippity.net) сайтында да табуға болады. Жоғарыда атап өткендей, бұл цифрлық технологиялар білім алушылардың өткен сабақ материалдарын қайталауға және еске түсіруге көмектеседі.

Сабақ барысында қолданылған ойын технологиялары жайлы студенттердің пікірлерін білу мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесіне сүйенсек, студенттердің 86 % бұл технологияларға оң баға беріп, ойындар арқылы жаңа сөздерді және грамматикалық құрылымдарды тиімді есте сақтағандықтарымен бөлісті. Студенттердің 90 % жеке ойыншы болып ойнағаннан топта ойнағанды қалайтыны анықталды. Сонымен қатар 92% студенттер осы ойынды достарына, таныстарына кеңес беретіндігін көрсетті.

1-кесте - Ойын жүйесі жайлы студенттердің бағасы

Сұрақ мазмұны	Иә (%)	Жоқ (%)
Ойынның грамматикалық құрылымдар мен жаңа сөздерді үйренуде тиімділігі бар ма?	86	14
Коллаборативтік жұмыс жеке жұмыс жасаумен салыстырғанда тиімді ме?	90	10
Осы ойынды тіл үйренушілерге ұсынар ма едіңіз?	92	8

Екінші сауалнама студенттердің қолданылған технологиялардан кейін мотивация деңгейін артуы немесе төмендеуін бақылау үшін жүргізілді. Нәтижесінде студенттердің басым көпшілігі ойындар арқылы ішкі мотивацияларының (ұтуға деген ұмтылыс, тілді үйрену дағдыларын жаттықтыру, топта жұмыс жасау, мақсат) артқандығын, болашақта сабақтарда ойын технологияларының элементтерінің қолданылғанын қалайтындықтарын байқауға болады.

2-кесте - Студенттердің ойыннан кейінгі мотивация деңгейі

Мотивация компоненттері	Жеңуге ұмтылыс	Практикалық маңыздылығы	Топтық жұмыс	Мақсат
%	88	67	80	85

Соңғы уақытқа дейін цифрлық ойындар адамдардың денсаулығына теріс әсері бар деп болжанып келді, дегенмен шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстары нәтижелеріне жүгінсек, бейне ойындар балалардың шет тілін қызықты әрі ынталандыратын тәсілдермен үйренуге көмектесетін таптырмас құрал болып табылады [9].

Белгілі ғалым М. Томастың еңбегіне сүйенсек, цифрлық технологиялар тек білім алушылардың тіл үйренуде ынталарын арттырумен қатар, тіл үйрену дағдыларын да қалыптастырып, білім алушылардың назарын оқу процесіне тиімдірек тартуға мүмкіндік беретінін айқындайды [10].

Бұл мақалада біз ойын технологияларының тілді үйрету процесін жеңілдетуімен қатар, білім алушылардың ішкі мотивациясын арттыру мүмкіндіктері зор екенін қарастырдық. Ағылшын тілін оқытуда онлайн ойындарды пайдалану бәсекелестіктің жоғары деңгейі мен мотивацияның жоғарылауы арасындағы тікелей байланысты көрсетті. Цифрлық ойын технологияларын қолдану барысында студенттердің ішкі мотивациясы жеңіске немесе сыйлық алуға деген ұмтылыс арқылы күшейтілетіні анықталды. Осылайша оқытушы бұл компонентті күрделі тілдік мазмұнды енгізу үшін, сондай-ақ қайталау немесе сабақты бекіту үшін пайдалана алады. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, студенттер ойын элементі бар бұл цифрлық технологиялар ұжымда бірлесе оқудың тиімділігін арттыра түсіп, оқу үдерісін жеңіл әрі қызықты болуына ықпал ететінін көрсетті. Ағылшын тілі сабақтарында цифрлық технологияларды пайдаланудың артықшылықтармен қатар, қауіп-қатері де бар. Негізгі қауіптердің бірі – мағынасыз геймификацияларды қолдану немесе ойын элементтерін оқу барысында тиімсіз және орынсыз пайдалану. Сондықтан ойын құралдарын сабақ барысында қолданбас бұрын, тиімді мультимедиялық технологиялар сарапталып, олардың тиімділігі мұқият қарастырылып, оқу процесіне алдын ала жоспар арқылы енгізілуі қажет.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, геймификация арқылы ағылшын тілін қызықты әрі студенттердің ынталықтықта топта жұмыс жасау дағдыларын арттыра отырып ынталарын жоғарылатуда тиімділігін қарастырдық. Дегенмен ойын технологиялары арқылы оқыту оқушылардың ынтасын арттырудың жалғыз жолы деп айта алмаймыз. Себебіәлі де бұл тақырыптың зерттелмеген түйткілді мәселелері бар. Мәселен, бұл оқыту

стратегиясы ұзақ мерзімді оқыту мақсатында тиімділігі қалыпты ма, немесе коллаборативті тапсырмаларды құрастыру және оларды ойын технологияларына енгізу мәселелері және т.б. Осы сұрақтарға жауап іздеу біздің болашақ зерттеулеріміздің өзегі болуы мүмкін.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Арыстанбек У. М. Ағылшын тілі сабағында мультимедиялық технологияны қолданудың тиімділігі // Молодой ученый. – 2022. – №11 (406). – Б. 299–302.

[2] Берикханова А. Е. Создание коллаборативной учебной среды как средство формирования успешности личности будущего учителя // Вестник Казахского национального педагогического университета им. Абая. – Алматы, 2017. – № 2 (54). – С. 110–114.

[3] Өтемісов Е. Е. Ойындар арқылы шетел тілін оқытуды ынталандыру // Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2012. – №1(65). – Б. 46–50.

[4] Drayton B., Falk J., Stroud R., Hobbs K., Hammerman J. K., After Installation: Ubiquitous Computing and High School Science in Three Experienced, High-Technology Schools // Journal of Technology, Learning, and Assessment. – Boston, 2010. – No 3 (9). – p. 5–12. - Access mode: URL: <https://ejournals.bc.edu/index.php/jtla/article/view/1608> [ Date of access: 25. 12. 2022]

[5] Johnson D.W., Johnson T.R., Cooperative Learning: The Foundation for Active Learning // Intechopen publications. – Minnesota, 2018. – p. 59-68. - Access mode: URL: <https://www.intechopen.com/chapters/63639> [ Date of access: 21. 12. 2022]

[6] Prensky M., Digital Game-Based Learning. – New York: McGraw-Hill, 2001. – 442 p. - Access mode: URL: <https://marcprensky.com/writing/Prensky%20-%20Ch1-Digital%20Game-Based%20Learning.pdf> [ Date of access: 10. 12. 2022]

[7] Sabzian F., Gilakjani A. P., Sodouri S., Use of Technology in Classroom for Professional Development // Journal of Language Teaching and Research. – 2013. – July. – No 4 (4). – p. 684–692. - Access mode: URL: <http://www.academypublication.com/issues/past/jltr/vol04/04/06.pdf> [Date of access: 12. 12. 2022]

[8] Scheuermann J. A., Group vs. Collaborative Learning: Knowing the Difference Makes a Difference // Best of the 2017 Teaching Professor Conference. – 2018. – February 5. – p. 11–13. - Access mode: URL: <http://info.magnapubs.com/best-of-the-2017-teaching-professor-conference?st=FFemail&s=FF180205> [ Date of access: 20. 12. 2022]

[9] Shaffer D. W., How computer games help children learn / D. W. Shaffer.,

J. P. Gee. – New York & Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2006. – 242 p. - Access mode: URL: <https://link.springer.com/book/10.1057/9780230601994> [ Date of access: 11. 11. 2022]

[10] Thomas M., Contextualizing digital game-based learning: transformational paradigm shift or business as usual? *New Language Learning and Teaching Environments*. – London: Palgrave Macmillan, 2012. – p. 11-31. - Access mode: URL: [https://link.springer.com/chapter/10.1057/9781137005267\\_2](https://link.springer.com/chapter/10.1057/9781137005267_2) [ Date of access: 10. 11. 2022]

## REFERENCES

[1] Arystanbek U. M. Aǵylsın tılı sabaǵynda mültimedialyq tehnologiany qoldanudyń tiimdiligi (The effectiveness of using multimedia technology in the English language class) // *Molodoi uchenyi*. – 2022. – №11 (406). – B. 299–302. [in Rus]

[2] Berikkhanova A. E. Sozdanie kollaborativnoi uchebnoi sredy kak sredstvo formirovaniya uspešnosti lichnosti budushchego uchitelya (Creation of a collaborative learning environment as a means of forming the successful personality of a future teacher) // *Vestnik Kazakhskogo natsional'nogo pedagogicheskogo universiteta im. Abaya*. – Almaty, 2017. – № 2 (54). – С. 110–114. [in Rus]

[3] Ötemisov E. E. Oiyndar arqyly şetel tilin oqytudy yntalandyru (Enhancing motivation in foreign language learning through games) // *Qaraǵandy universitetiniń habarşysy*. – Qaraǵandy, 2012. – №1(65). – B. 46–50. [in Kaz]

[4] Drayton B., Falk J., Stroud R., Hobbs K., Hammerman J. K., After Installation: Ubiquitous Computing and High School Science in Three Experienced, High-Technology Schools // *Journal of Technology, Learning, and Assessment*. – Boston, 2010. – No 3 (9). – p. 5–12. - Access mode: URL: <https://ejournals.bc.edu/index.php/jtla/article/view/1608> [ Date of access: 25. 12. 2022]

[5] Johnson D.W., Johnson T.R., Cooperative Learning: The Foundation for Active Learning // *Intechopen publications*. – Minnesota, 2018. – p. 59-68. - Access mode: URL: <https://www.intechopen.com/chapters/63639> [ Date of access: 21. 12. 2022]

[6] Prensky M., Digital Game-Based Learning. – New York: McGraw-Hill, 2001. – 442 p. - Access mode: URL: <https://marcprensky.com/writing/Prensky%20-%20Ch1-Digital%20Game-Based%20Learning.pdf> [ Date of access: 10. 12. 2022]

[7] Sabzian F., Gilakjani A. P., Sodouri S., Use of Technology in Classroom for Professional Development // *Journal of Language Teaching and Research*. – 2013. – July. – No 4 (4). – p. 684–692. - Access mode: URL:

<http://www.academypublication.com/issues/past/jltr/vol04/04/06.pdf> [ Date of access: 12. 12. 2022]

[8] Scheuermann J. A., Group vs. Collaborative Learning: Knowing the Difference Makes a Difference //Best of the 2017 Teaching Professor Conference. – 2018. – February 5. – p. 11–13. - Access mode: URL: <http://info.magnapubs.com/best-of-the-2017-teaching-professor-conference?st=FFemail&s=FF180205> [ Date of access: 20. 12. 2022]

[9] Shaffer D. W., How computer games help children learn /D. W. Shaffer., J. P. Gee. – New York & Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2006. – 242 p. - Access mode: URL: <https://link.springer.com/book/10.1057/9780230601994> [ Date of access: 11. 11. 2022]

[10] Thomas M., Contextualizing digital game-based learning: transformational paradigm shift or business as usual? New Language Learning and Teaching Environments. – London: Palgrave Macmillan, 2012. – p. 11-31. - Access mode: URL: [https://link.springer.com/chapter/10.1057/9781137005267\\_2](https://link.springer.com/chapter/10.1057/9781137005267_2) [ Date of access: 10. 11. 2022]

### **ПОВЫШЕНИЕ МОТИВАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА, ОБУЧАЮЩИХ АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК С ПОМОЩЬЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

\*Бакирова Г.П.<sup>1</sup>, Кудурбек А.М.<sup>2</sup>, Сұлтанова М.С.<sup>3</sup>, Жубанова Ш.А.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>м.п.н., старший преподаватель, Алматинский Университет Менеджмента, Алматы, Казахстан, e-mail: [g.bakirova@almau.edu.kz](mailto:g.bakirova@almau.edu.kz)

<sup>2</sup>м.п.н., старший преподаватель, Алматинский Университет Менеджмента, Алматы, Казахстан, e-mail: [a.kudurbek@almau.edu.kz](mailto:a.kudurbek@almau.edu.kz)

<sup>3</sup>к.п.н., доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, e-mail: [m.sultanova6767@mail.ru](mailto:m.sultanova6767@mail.ru)

<sup>4</sup>м.ф.н., синьор-лектор, Казахстанско-Британский Технический Университет, Алматы, Казахстан, e-mail: [s.zhubanova@kbtu.kz](mailto:s.zhubanova@kbtu.kz)

**Аннотация.** Современный мир стремительно меняется под влиянием цифровых технологий во всех сферах жизни, так и в образовательном пространстве. Требования к обучающим иностранный язык меняются в зависимости от времени, то есть нам необходимо поощрять использование современных смартфонов и других цифровых технологий, которые стали повседневными инструментами студентов, открывших дверь в мир инноваций, как средство обучения языка. Общеизвестно, что развитие социальных медиа привело к дефициту устной коммуникации в социуме. Именно поэтому мы должны эффективно использовать возможности представленные нам технологиями в образовании, способствующие формированию у молодого поколения цифровых и коммуникативных

навыков, способности работать в коллаборации и сотрудничестве. Однако, если интерес и мотивация студентов к изучению иностранного языка снижены, то процесс будет неэффективным. Таким образом, основное внимание в данной научной работе уделяется формированию технологических и коммуникативных компетенций, развитию интереса у обучающихся к изучению английского языка при совместной работе путем интеграции цифровых технологий. Был проведен анализ и обзор зарубежной и отечественной литературы для выявления дидактического потенциала цифровых образовательных инструментов в учебном процессе. Кроме того, в статье рассматривается метод опроса обучающихся при проведении экспериментального исследования путем применения инновационных инструментов и цифровых технологии в обучении английскому языку. В результате исследования нами отобраны наиболее доступные и имеющие образовательную ценность цифровые инструменты и мобильные приложения для обучающихся с уровнем владения языком А2 и В1.

**Ключевые слова:** мотивация, сотрудничество, цифровые технологии, цифровизация, геймификация, коллаборация, гаджеты, мобильные приложения

## **BOOSTING ENGLISH LANGUAGE LEARNERS' MOTIVATION AND COLLABORATION THROUGH DIGITAL TECHNOLOGIES**

\*Bakirova G.P.<sup>1</sup>, Kudurbek A.M.<sup>2</sup>, Sultanova M.S.<sup>3</sup>, Zhubanova Sh.A.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup>MA, senior language instructor, Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.bakirova@almau.edu.kz

<sup>2</sup>MA, senior language instructor, Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.kudurbek@almau.edu.kz

<sup>3</sup>c.p.s., Associate Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, e-mail: m.sultanova6767@mail.ru

<sup>4</sup>MA, senior lecturer, Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: s.zhubanova@kbtu.kz

**Abstract.** The modern world is rapidly changing under the influence of modern technologies. Also, the requirements of modern language learners are changing with the times, in other words, we need to encourage the use of gadgets and technologies, which have become everyday tools of children who have opened the door to the digital world, as means of education and language learning. It is well known that the rapid development of social networks has led to a shortage of oral communication in society. That is why we should effectively use the opportunities technologies bring to develop the young generation's ability to work in unity and collaboration. However,

if students' interest and motivation in language learning is low, the language learning process will be ineffective. Therefore, the focus of this research work is to develop students' interest in language learning while working together by integrating digital technologies in English language classrooms. A recent literature review has been done to assess the potential of digital educational tools. In addition, an action research method has been conducted, and a survey method has also been used. As a result, several digital game-based language learning and mobile language learning tools have been compiled for A2 and B1 students.

**Keywords:** motivation, collaboration, technologies, digitalization, gamification, collaboration, gadgets, mobile applications

*Статья поступила 13.02.2023*

УДК 378.016:811.111

МРНТИ 16.21.25

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.69.2.018>

## КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ ТОПТАРДА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қоңырова А.Т.<sup>1</sup>, \*Кульманова М.Н.<sup>2</sup>, Казтаева А.Қ.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы,  
Қазақстан, e-mail: akbota74@mail.ru

\*<sup>2</sup>п.ғ.м., Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: manshuk\_2009@mail.ru

<sup>3</sup>ғ.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

**Аңдатпа.** Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі бола отырып, болашақ маманның кәсіби бағдарын қалыптастыру құралы қызметін атқарады. Мақалада мамандарды кәсіби даярлау мәселесі және жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары үшін қажеттілігі талқыланады. Жұмыс берушілер тарапынан болашақ мамандарға қойылатын талаптар – олардың іскерлік, дағды және құзеріттілік деңгейіне дейін көтерілуде. Мақалада «Кәсіби қазақ тілін» оқыту әдістемесін анықтау және сипаттау мәселесі шешіледі. Жұмыста студенттерге кәсіби бағдарланған мемлекеттік тілді екінші тіл ретінде оқытуға арналған бірнеше еңбектер талданады. Оларда «Кәсіби қазақ тілін» пән ретінде оқытудың негізгі мақсаты, өзге тілді аудиторияға (орыс тілді топтарда) оқыту ерекшелігі, студенттерге



өз мамандығы бойынша терминологияны меңгерту, студенттердің коммуникативтік құзыреттілік деңгейін арттыру және мәселені шеше білуі маңыздылығын, сондықтан кәсіптік-бағдарлы қазақ тілін оқыту әдістемесі тәжірибеге бағытталуы қажет екені қарастырылады. Жоғары оқу орындарының студенттерінің кәсіби қазақ тілінде коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мамандық бойынша сөздік қорын дамытумен қатар қазақ тіл білімінің лингвистикалық ережелерінің қағидаларын жетік білуге тікелей байланысты. ЖОО-нда орыс тілінде оқитын студенттерге арналған «Кәсіби қазақ тілі» оқу құралы «Журналистика», «Маркетинг», «Педагогика және психология» және басқа мамандықтарға да арналып шығып жатыр. Бірақ кәсіби-бағытталған қазақ тілін оқытудың әдістемесі, кәсіби-коммуникативтік компетенцияның құрамы және құрылуы жәйлы жұмыстар әлі де қажеттік тудырады. Сондықтан мақалада авторлар С.С. Құнанбаеваның кәсіби тіл дамыту моделін негізге алып отырып, кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктің құрамында когнитивтік, тілдік-мәдени және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін айқындайды.

**Тірек сөздер:** Кәсіби қазақ тілі, мемлекеттік тіл, қазақ тілін кәсіби мамандыққа сәйкес оқыту, кәсіби-бағдарлы білім беру, орыс топтарына арналған қазақ тілі пәні, қазақ тілі екінші тіл ретінде, коммуникативтік құзыреттілік, кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда жоғары оқу орнында кәсіби бағдарланған тіл курсы оқымай, нарықта бәсекеге қабілетті маман болу мүмкін емес. Ол үшін білім беру жүйесінің алдында да жаһандық міндет – кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқытудың жаңа стратегияларын жүзеге асыру міндеті тұр. Маманды табысты ететін – қазақ тілін практикалық білу. Оның қазақ тілінің коммуникативтік және сөйлеу дағдыларындағы жетістіктері әріптестерімен кәсіби және басқа да байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы көптілді білім беру тұжырымдамасы мектепке дейінгі кезеңнен бастау алатындықтан, жоғары оқу орнының студенттері мемлекеттік тілді «әңгімелесу» кезеңінде біледі. Олар қазақ тілінде өз ойын жеткізе алады, сөйледі, фильмдерді, музыканы пайымдап, түсінеді, бірақ қазір олардың алдында жоғары кәсіби білім деңгейінде, көптілді білім беру аясында, меңгеру сияқты жаһандық мақсат тұр.

Бұл курстың түпкі мақсаты – әріптестерімен кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған кәсіби маңызды ақпарат алу үшін қазақ тілін қолдану мүмкіндігін беретін тілдік және сөйлеу құзыреттілігінің негізі.

### **Негізгі ережелер**

Кәсіби-бағытталған қазақ тілін оқыту өзектілігі болашақ мамандарды дайындаумен байланысты қажеттілікпен анықталады. Кәсіби-бағытталған тілді оқыту мәселелері кәсіптік білім беруді жаңғырту жағдайында шешілуі тиіс. Бұл мәселені қарастыру барысында біз келесі аспектілерді қарастырдық: құзыреттілікке негізделген тәсіл теориясы, кәсіби мәтінмен жұмыс істеудің ұтымды әдістері, кәсіби мәтін түрлері. ЖОО-да кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқыту мәселесі жаңа жағдайда жеткілікті дамымаған күйінде қалып отыр. Студенттердің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, оны дамытуға бағытталған тапсырмалар мен жаттығуларды іріктеу мәселелері толық шешімін таппаған.

Кәсіби-бағытталған білім беру деп білім алушылардың кәсіптің немесе мамандықтың айрықша белгілеріне байланысты шет тілін (бұл жағдайда қазақ тілін) меңгерудегі қажеттіліктерін есепке алуға негізделген білім түсініледі. Қазақ тілін жалпы білім беру және әлеуметтендіру мақсатында оқытудан басты ерекшелігі де осында. «Кәсіби-бағдарлы оқыту» термині лингвистикалық емес университетте мамандық бойынша әдебиеттерді оқуға, кәсіби лексика мен терминологияны зерделеуге бағытталған шет тілін оқыту процесіне қатысты қолданылады, ал соңғы кезде кәсіби қызмет саласындағы қарым-қатынасқа да қатысты болып табылады [1].

[12] Tariq M. Khan. The effects of *multimedia* learning on children with different *special education* needs // Procedia - Social and Behavioral Sciences.

– 2010. - Vol.2. – PP. 4341-4345. Access mode: URL: <https://doi.10.30486/relp.2021.1924308.1257> [Date of access: 14.04.2023].

[13] Obradoviüa S., Bjeküüb D., Zlatiü L. Creative Teaching with ICT Support Procedia //Social and Behavioral Sciences. -2015. – PP. 291 – 296. Access mode: URL: <https://www.researchgate.net/publication/289229536> [Date of access: 08.05.2023]

[14] Kukushkina O.I. Komp'yuter v spetsial'nom obuchenii. Problemy. Poisk. Podkhody (Computer in special education. Problems. Search. Approaches) //Defektologiya. - 2014. - № 5. - S. 3-9 [in Rus.]

[15] Nikol'skaya I.A. Informatsionnye tekhnologii v spetsial'nom obrazovanii (Information technologies in special education) //Korreksionnaya pedagogika. - 2004. - №2 (4). - S. 47-50 [in Rus.]

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С НАРУШЕНИЯМИ ИНТЕЛЛЕКТА**

\*Дербисалова Г.С.<sup>1</sup>, Абаева Г.А.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>магистр дефектологии, Национальный, научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования, Алматы, Казахстан  
e-mail: [derbisalovagulnaz@mail.ru](mailto:derbisalovagulnaz@mail.ru)

<sup>2</sup>к.п.н., доцент, КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан  
e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru)

**Аннотация.** В статье описано экспериментальное исследование эффективности применения мультимедийных технологий в коррекционно-педагогическом процессе обучения детей с нарушениями интеллектуального развития. В анализе теоретических положений большое внимание уделяется коррекционно-развивающим возможностям мультимедиа, говорится о том, что уникальные особенности мультимедийных технологий, таких как интерактивность, гибкость, многоканальность, личностная ориентированность могут оказаться очень полезными для индивидуализации и повышения качества обучения детей с нарушением интеллекта.

Цель исследования - в процессе теоретико-экспериментального исследования выявить методические основы разработки и использования мультимедийных обучающих комплексов по развитию познавательных процессов детей с нарушениями интеллекта. В целях проверки эффективности было проведено исследование на примере развития некоторых наиболее важных для данной категории детей навыков познавательной сферы (мышления, памяти, внимания) на примере коррекционно-развивающих занятий. Педагогический

эксперимент включал в себя систематическую работу по использованию мультимедийных технологий (роликов, презентаций) в комплексном сочетании со специально подобранным дидактическим материалом и рабочей тетрадью как взаимодополняющих средств развития познавательной сферы данной категории детей. В экспериментальной группе школьники младших классов занимались по мультимедийному комплексу в течение года.

Результаты эксперимента подтвердили высказанные предположения помогли обозначить педагогические условия применения мультимедийных технологий в работе с младшими школьникам, имеющие легкие нарушения и интеллектуального развития. Результаты сравнительного анализа показали, что использование мультимедийных облучающих средств на занятиях способствует формированию более устойчивых знаний и навыков, развитию познавательного интереса у учащихся с ограниченными интеллектуальными возможностями, закреплению навыков самостоятельной работы, повышению эффективности коррекционного обучения. Таким образом взятые за основу эксперимента психолого-педагогические подходы, дидактические принципы и методические положения могут быть педагогическими условиями эффективного использования мультимедийных технологий.

**Ключевые слова:** мультимедийные технологии, мультимедийные презентации, дети с нарушениями интеллекта, восприятие, внимание, память, мышление, уровни, эксперимент

## THE USE OF MULTIMEDIA TECHNOLOGIES IN TEACHING JUNIOR SCHOOLCHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES

\*Derbissalova G.1, Abayeva G.2

\*<sup>1</sup>Master of defectology, National scientific and practical center for the development of special and inclusive education, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: derbisalovagulnaz@mail.ru

<sup>2</sup> c.p.s., Assistant Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: abaeva70@bk.ru

**Abstract.** The article describes an experimental study of the effectiveness of the use of multimedia technologies in the correctional and pedagogical process of teaching children with intellectual disabilities. In the analysis of theoretical provisions, much attention is paid to the correctional and developmental possibilities of multimedia, it is said that the unique features of multimedia technologies, such as interactivity, flexibility, multi-channel,

personal orientation, can be very useful for individualization and improving the quality of education for children with intellectual disabilities.

The purpose of the study is to identify the methodological foundations for the development and use of multimedia educational complexes for the development of cognitive processes in children with intellectual disabilities in the process of theoretical and experimental research. In order to test the effectiveness, a study was conducted on the example of the development of some of the most important cognitive skills for this category of children (thinking, memory, attention) using the example of correctional and developmental activities. The pedagogical experiment included systematic work on the use of multimedia technologies (videos, presentations) in a complex combination with specially selected didactic material and a workbook as complementary means of developing the cognitive sphere of this category of children. In the experimental group, elementary school students were engaged in a multimedia complex throughout the year.

The results of the experiment confirmed the above assumptions and helped to identify the pedagogical conditions for the use of multimedia technologies in working with younger students with mild impairments and intellectual development. The results of a comparative analysis showed that the use of multimedia irradiating means in the classroom contributes to the formation of more stable knowledge and skills, the development of cognitive interest in students with intellectual disabilities, the consolidation of independent work skills, and the improvement of the effectiveness of remedial education. Thus, the psychological and pedagogical approaches taken as the basis of the experiment, didactic principles and methodological provisions can be pedagogical conditions for the effective use of multimedia technologies.

**Key words:** multimedia technologies, multimedia presentations, children with intellectual disabilities, perception, attention, memory, thinking, levels, experiment

*Статья поступила 27.05.2023*

УДК 37.013

МРНТИ 14.25.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.69.2.024>

## МЕКТЕПТІҢ КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСЫ: ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАР МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

\*Саипов А.<sup>1</sup>, Байдалиев К.А.<sup>2</sup>, Омаров Б.С.<sup>3</sup>, Көшкінбаева Н.Р.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.д., проф., М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан, e-mail: 7281190@mail.ru

<sup>2</sup>п.ғ.к., доц., Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті, Орал, Қазақстан, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru

<sup>3</sup>доктор PhD, Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
Түркістан, Қазақстан, e-mail: bakhitzhan.omarov@iuth.edu.kz,

<sup>4</sup>докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан, e-mail: koshkinbaeva\_nurgul@mail.ru.

**Андатпа.** Бұл мақалада өткен ғасырдың басынан қазіргі уақытқа дейін бір ғасыр бойы білім беру кеңістігінде кәсіби бағдар жұмысының пайда болуы мен дамуының тарихи тұстарына авторлар зерттеу барысында қоғамның саяси, экономикалық, идеологиялық факторларының ықпалымен білім беру үдерісінде кәсіби бағдардың толқынды ырғақта қарқынды, орнықты дамып, кейбір кездерде тоқырау құбылыстары кеңінен орын алып отырғаны анықталған.

Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстанның жалпы орта мектептеріндегі кәсіби бағдар жұмысының жаңа моделін ғылыми тұрғыда жасаудың тарихи алғышарттарға терең зерделеу жүргізіп, оның педагогикалық, психологиялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік артықшылықтары мен кемшіліктерін жете анықтап, әдіснамалық тұрғыда жаңа сипаттағы кәсіби бағдар жұмыстарын табысты ұйымдастырудың ғылыми қайшылықтарын құру болып табылды. Қазіргі жалпы орта мектептердегі кәсіби бағдар жұмысын жақсартуға ұсынылған бейіндік оқытудың әлі күнге дейін өзінің оң шешімін көрсете алмауы мен оқушылардың өзбетімен мамандықты таңдай алмауы. Еңбек нарғындағы еңбек ресурстарының құбылмалы өзгеруі жалпыламалы мазмұндағы еңбек түрлерін оларға ұсыну болып табылады. Кәсіби бағдар жұмысы жалпы орта мектептің тәрбиелілік сипаттағы іс-әрекет емес, нақты пәндік мазмұнында жүруін белгілеген.

Кәсіби бағдар жұмысы жалпы орта мектептердің ғана мүддесі емес, ол мектеп, кәсіби білім беру оқу орны, өндіріс, қызмет көрсету саласы, жергілікті атқарушы орган және «Атамекен» ҰҚП мекемелерінің біріге жүргізетін корпоративтік іс-әрекеттілігін, солардың өзара біріге

ұймдастырып, жүргізетін қоғамдық іс-әрекет екендігін негіздеген. Оның алғышарт нәтижелері М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті және М.Х.Дулати атындағы Тараз аймақтық университеті базасында жалпы орта мектеп оқушыларына жүргізілген зерттеулер негіз болады.

Бұл жоғары оқу орындары мектептің оқушыларына, педагогикалық ұжымдарына кәсіби бағдар жұмысы бойынша воркшоп, семинарлар, тренингтер, «Ашық есік» күні, мектеп оқушыларына арналған мамандық таңдау порталдары, ғалымдардың дәріс оқуы, зертханалық сабақтар, «Шебер сынып» өткізу, байқаулар, олимпиадалар жүргізулер тәжірибелеуде.

Авторлар кәсіби бағдар жұмысының пайда болуы мен дамуындағы тәжірибелер мен зерттеу нәтижелерінің алғышарттарын алға тарта, заманауи қоғамдық және тұлғалық қажеттіліктерді қанағаттандыруға, қазақстандық жаңа білім беру саясатымен болашақ мамандар даярлауға ұстаным ретінде пайдалы болатын ғылыми-педагогикалық мәселелердің қайшылықтарын жас зерттеушілерге, мектеп педагогтарына айқындап беріп отыр.

**Тірек сөздер:** кәсіби бағдар, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби өзін-өзі даярлау, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру, кәсіби дайындық, бейін, бейіндік оқыту, бейін алды даярлық

### **Кіріспе және негізгі ережелер**

Өркениетті қоғамдық болмыстың өзгеруі екі құндылықтың: материалдық және рухани құндылықтардың өзара тәуелділік пен себеп-салдарындағы байланыстар, адамзаттың үздіксіз тұрақсыз, құбылмалы дамуы жаңа қажеттіліктері мен сұраныстарды қанағаттандыруға ұмтылдырып келеді. Сол сияқты қоғамдық дәуірлердің өздері де бір формациядан екінші формацияға өтуі сол дәуірдегі белең алған, мәнді экономикалық, әлеуметтік жаңғырулармен тікелей байланысты. Өндірістегі еңбек құралдары адамның еңбек етуіне қолайлы жағдайлар жасауға, өнім тиімділігін арттырудың жаңа технологияларын ойластыра отырып тәжірибелеуге, адамзат еңбегінің алуан түрлерінің пайда болуына ықпал етті. Еңбек түрлерінің қарқынды түрде салаларға бөлінуі қоғамдық қатынастардағы жеке меншіктің пайда болуына өзінің мәнді үлесін қосты.

Қазіргі таңда Қазақстанның еңбек формасында жеке меншіктің орын алуы да еңбек түрлерінің салалық «прототипі» сақталуымен бірге, еңбек нарығында салаішілік бірнеше еңбек түрлерінің қалыптасуына септігі тиюде. Кейбір мамандықтар еңбек нарығында жойылып, оның орнына заманауи өндірістік сұраныстарды қанағаттандыратын түрлендірілген, кіріктірілген бейінді мамандықтар қалыптасып келеді. Осыған байланысты, Саясат Н. «Білімді ел» білім беру порталының тілшілерімен



сұхбатында жастардың басым көпшілігі мамандықты таңдауында еңбек нарығындағы еңбек қатынастарының өзгерістеріне назар аудармайды, еңбек мазмұнының болашақ іс-әрекет ерекшеліктерін түсінбейді, соның салдарынан мектептің түлектері және ата-аналар мамандық бейінін таңдауда көп қателіктер жіберіп отырады деп атап көрсетті [1].

Қоғамның жаһандануы, оның ақпараттық қоғамға айналуы, өндірістік технологиялардың автоматтандырылуы, олардың шапшаң өзгеруі мен жетілуі, цифрлық технологияның барлық инфрақұрылымдарға таралуы, экологиялығы, желілік қоғам дәуірінің дамуы сияқты трендтер еңбек қатынастарындағы орын алмаған болжамды, перспективалы заманауи еңбек түрлерінде немесе еңбек нарығында жаңа мамандықтардың пайда болуы күтілуде. Олардың ерекшеліктері жуырда жасалынған жаңа мамандықтардың 3.0 атласында анықталған. Онда 27 еңбек салалары бойынша болашақтағы 350 мамандық түрлерін құрап отыр [2]. Олардың саны Қазақстанда бүгінде 463 - ке жетіп, болашақта қосымша тағы 9 еңбек саласының түрлеріне жасалуы күтілуде [3,4].

Жаңа мамандықтардың атласындағы еңбек түрлерін насихаттау және болашақ мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлауға жалпы орта білім беретін мектептерде кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыруға лауазымды «профориентолог» қызметін енгізуді тәжірибелеуде. Оны даярлаудың шетелдерде, соның ішінде АҚШ-та 95 жоғары оқу орындары кәсіби бағдар беру бойынша арнайы бакалавриатура деңгейінде мамандар даярлап келеді. Ұлыбритания мемлекетінде мамандарды арнайы курстар арқылы кәсіби бағдар бойынша кеңес беруші қызметін артқаруға даярлаудың бір ғасырлық тәжірибелері қалыптасқан. Осы тәжірибелердің аясында біздің жалпы орта мектептерде де аталған лауазымдарды енгізу басталды. Бұл әрине, өз кезегінде болашақ мектеп түлектері мен ата-аналарға, әсіресе, экономиканың да өркениетті дамуына үлкен серпін беріп қалады ма деген үміт береді. Сонымен қатар, мектептің оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби бағдар жұмысының үздіксіз, тиімді әсер беруіне мақсаттылық сипаты, басқару мен ұйымдастыру, мазмұндық және технологиялық құрылымдары, реттеушілік тетіктері нормативтік-құқықтық құжаттарда, білім беруді дамыту бағдарламасында және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде анықталған. Алайда, ол тұжырымдамалардың, ғылым жетістіктердің, нормативтік құжаттардың орындалуы мен жүзеге асырылу тиімділігі мен нәтижелілігі мәнсіз болып отырғанына көңіл аудармаса да болмайды. Оған аян, мектеп тәжірибесіндегі оқушылардың мамандықтар туралы толық апараттық түсініктерінің жеткілікті қалыптасуына, мамандық түрін өзбетімен анықтауға дағдылануына, кәсіби мамандықты саналы таңдау мүмкіндігінің артуына ықпал ететін пәндік сабақтардың кәсіби сипаттылығы, психологиялық және педагогикалық қолдаулардың,

диагностикалық, әдістемелік құралдардың кең форматта таралмай, формалды және көріністі орын алумен шектелуінде екені даусыз. Оған себеп, біздің пайымдауымызша, соңғы ондаған жыл бойына жалпы білім беретін орта мектепте кәсіби бағдар жұмысының сабақтастығының бұзылуы мен жүйелілігінен айырылуы болып табылады [5, 189 б.]. Кеңестік дәуірдегі қалыптаса бастаған кәсіби бағдар жұмыстарының озық және тиімді тәжірибелерінің бастамалары, білім беруді дамытудың әр кезеңдерінде толқынның бейнесіндей жүріп отырған іс-әрекеттерді төмендегі тарихи деректерден байқауға болады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізі ретінде жалпы орта білім беретін мектепке арналған міндетті білім беру стандарты, Қазақстанда бейін алды даярлық пен бейінді оқытуды дамытудың тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытуға арналған 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы болып табылса, зерттеу жұмысымызда салыстырмалы-тарихи талдау, жинақтау, салыстыру, нақтылау, жүйелеу, пайымдау, жалпыламалау, болжамдау, контент талдау, бақылау, оқу – нормативтік құжаттармен жұмыс сияқты ғылыми әдістер қолданылады.

### **Нәтижелер және талқылау**

А.А.Давлетова өзінің Қазақстандағы кәсіби бағдар жұмысының пайда болуы мен дамуы туралы зерттеуінде Әл-Фараби (870–950 жж.), Ж. Баласағұн, М. Қашқари (XI ғ.), А. Құнанбаев (1845–1904 жж.) ойшылдардың, Ы. Алтынсарин (1841–1889 жж.) қазақ педагогының еңбектерінде болашақ қазақ жастарын еңбекке даярлаудағы танымдық және тәрбиелілік қасиеттердің мәнділігі туралы алғаш психологиялық-педагогикалық ойлары насихатталатынына тоқталады. XX ғасырдың бас кезеңінде Ресеймен сауда қарым-қатынастардың қалыптаса бастауында жаңа еңбек түрлері, соның ішінде басқару қызметтерімен байланысты мамандар даярлау үдерісінің басталуы анықталған [6]. Осы кезеңнен бастап зерттеушінің еңбегі мен Н.С. Пряжниковтың Ресей мемлекетіндегі кәсіби бағдардың қалыптасуы мен дамуы тарихын салыстыру барысында, аталған іс-әрекеттің динамикасы бірдей жүріп отырғаны байқалады [7, 30 б.]. Өйткені, Қазақстанда Ресейдің білім беру, оқыту мен тәрбиелеу идеологиясымен бір моделінде бірегей дамып отырды. Ресей ғалымының еңбегіндегі кәсіби бағдар жұмысының алғы шартына кәсіпорындардың дамуы, оған қажетті мамандарды даярлау мен оларды жұмысқа қабылдау тығыз байланысты деп тұжырымдайды.

Ресейде алғаш рет 1914 жылы психологиялық институт ашылып, оның зерттеу жұмыстары жұмысшылар мен мамандарды кәсіпорындарға

кабылдаудың психотехникалық құралдарын дайындауға бағытталады. 1921 жылы кәсіби бағдар жұмысы бойынша зерттеулермен шұғылданатын еңбектің орталық институты ашылды. Бұл оқу орнында қысқа мерзімде жұмысшы мамандарды даярлау әдістемесі, олардың еңбек қабілеттерін анықтауға бағытталған зертханалар жұмыс істеді. Осындай оқу орындары Харьков, Қазан қалаларында да етек жая бастаған. Ал, 1922 жылы Ресейдің халық комиссариатында жасөспірімдер үшін мамандықты таңдау бюросы қарастырылған. Н.К.Крупская жетекшілік еткен топ жастарға кәсіби бағдар жүргізу үдерісін белсенді тарата бастаған. Дәл осындай құбылыстың күйі қазіргі кездегі Еуропаға басқа елдерден келіп жатқан иммигранттарды да қайта кәсіби даярлау сәттері жүріп жатқаны байқалады [8]. Олардың басты идеясы жастарды мамандықпен таныстырумен шектелмей, бір мамандықтан екінші мамандыққа икемді өтуді де ескерген, ауылдан қалаға келген жастарды да қамтуға ұмтылған. Қазақстанда жастарды өндірістік еңбек түрлеріне даярлау 1921 жылдары басталып, оларды ФЗУ (фабрично-заводское ученичество) оқу орындарында еңбек дағдыларына үйретуге кіріскен. 1927 жылдары олардың саны 27-ге жеткен. 1931 жылдары оқу-өндірістік комбинаттар пайда бола бастаған. Бұл алғашқы кәсіби білім беру оқу орны басым көпшілігінде кәсіпорын жанынан ашылған [9, 208 б.]. Осындай оқу орындары мен олардың қызметіне сәйкес өткен ғасырдың 1970 жылдары мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттар жоғарғы сынып оқушыларына еңбекке баулу мен кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуге және аптасына 4-6 сағат бойына оқушылар өздері таңдаған мамандық түрлері бойынша бітіріп, алғашқы біліктілік санаттарына куәліктер алып, жұмысқа орналаса бастады. 1984 жылғы мектеп реформасына сай әрбір кәсіпорын мен мекеме аудан орталықтары мен қалаларда мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарын ашып, онда жоғары сынып оқушыларын бір күн бойына (6 сағатқа дейін) оқытып, мамандық бере бастады. 90-шы жылдардың соңына қарай бұл оқу орындарында оқушылардың мамандық таңдау еркінің міндеттемелері төмендеп, оқушылар 10-11 сыныптарда өздерінің жалпы білім беретін орта мектептердің технология пәні сабақтарында еңбек түрлері бойынша пәндік сабақ қана жүріп келді.

Өткен ғасыр басына қайта оралсақ, 1927 жылы Ленинградта кәсіби кеңес беру бюросы ашылған. Ол бюрода кәсіби кеңес беруші мамандарды даярлауға да кірісіп кеткен. Алғаш рет мектептерге де кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуге «педолог» қызметі енген. 1930 жылы Кәсіподақтың бүкілодақтық орталық кеңесінің кәсіби кеңес пен кәсіби бағдар бойынша зертханасы мектептегі кәсіби бағдардың жүйесін құра бастаған. 1932 жылы мектептің кәсіби бағдар жұмысын үйлестіру штабы құрылып, қомақты (300-ге жуық) ғылыми-әдістемелік еңбектер

жарық көрген. Осы кәсіби бағдар жұмысы кеңестік одақтың барлық республикаларында даму үдерісі жеткілікті жүрген болса, 1936 жылы Бүкілодақтық Коммунистік партиясының Орталық комитетінің (әрі қарай - БОКП ОК) қаулысымен оқушыларды мамандық таңдау еркінен айырып, еңбекке баулу пәнін мектептің оқу жоспарынан алып тастап, кәсіби бағдар жұмысын тоқтатқан. Оның орнына кадр саясатын дамыту құзыреті партия, комсомол комитеттеріне өткен. Осы шолақ саясаттың бүгінгі күні біздің білім беру саласының әрекетінен де орын алып отырғанын көріп отырмыз.

1950-60 жылдары кәсіби бағдар жұмысына бағытталған зерттеулер жалғасып, Кеңестік социалистік республикалар одағы (әрі қарай – КСРО) педагогикалық ғылымдар академиясы жанынан еңбекке баулу және кәсіби бағдар ғылыми-зерттеу институты ашылған. Осы жолдардың авторлары сол институт түлектері болып табылады. Одақтағы барлық Республикалық мемлекеттердің ғылыми-педагогикалық мекемелерінде ғалымдар тобы, зертханалар пайда болып, кәсіби бағдар жұмысы қайта екпін ала бастаған. Бірақ, ұзақ мерзімнен кейінгі іс-әрекеттің тиімділігі мәнерсіз жүруіне байланысты 1980 жылдың ортасына дейін ғана жалғаса алды.

Жоғарыда аталған КСРО Орталық комитетінің «Жалпы орта және кәсіби мектеп реформасының негізгі бағыттары» атты Қаулысы қабылданып (1984 жылы), Одақ бойынша еңбекке баулу мен жастарға кәсіби бағдар беруге ерекше көңіл аударыла бастады. Мектептерге «Өндіріс негіздері». «Мамандықты таңдау» курстары енгізіліп, жүйелі түрде кәсіби кеңес беретін мемлекеттік қызметтер пайда болған, жастарға кәсіби бағдар беретін орталықтар ашылған [7, 34 б.]. Мектептің кәсіби бағдар жұмысын басқару мен ұйымдастыру, оның жүйелі жүруі мен моделі қысқа мерзімде тиімді орныққан кез болатын. Бірақ, КСРО ның күйреуі, ТМД мемлекеттерінің жеке тәуелсіздік алуынан туындаған саяси өзгерістерге байланысты мектептің кәсіби бағдар жұмысын сақтау, дамыту сәттері ұзақ уақыт мүлдем ұмыт қалды.

Қазақстанның еңбек нарығында жастарды кәсіби білім бейіндеріне сәйкес жұмыс түрлерін ұсынуға қабылдауға қалаларда жаңа «Жұмыспен қамту қызметі» орталықтары, «Рекрутинг» жеке агенттіктер, «Ресурсты орталықтар» пайда болып, өндіріс орындарында, үлкен компанияларда персоналдармен жұмыс жүргізуге арналған құрылымдық бөлімдер қызметтер атқарып келді. Кәсіби оқу орындарында мектеп түлектеріне кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуді өз мүдделерін басым ете отырып орындауға көшті. Оқушылардың басым көпшіліктерін мамандықты еркін таңдап, өзі қалаған мамандықтарға оқуға түсу ниеттерінен айырып отыру құбылыстары қоғамда кең орын алды.

Қазақстанда 1991 жылдан бастап кәсіби бағдар сипатының белгілері бар, аса қабілетті, дарынды, талантты оқушыларға арналған лицейлер, гимназиялар көптеп ашыла бастады. Бұл білім беру мекемелерінде оқушыларды тек бейіндері бойынша басым білімді терең меңгеруге бағыттап, олардың нақты алғашқы кәсіби бағдарлы білімдері мүлдем көзделмей келеді.

1998 жылы Қазақстан Республикасы тұңғыш рет жалпы білім берудің міндетті білім беру стандартын қабылдады. Соның ішінде «Технология» білім беру саласының білім беру мазмұны ғалым-психолог Е.А. Климовтың ұсынған мамандықтардың типтеріне: «Адам-адам», «Адам-техника», «Адам-табиғат», «Адам-көркем бейне», «Адам-таңба жүйесі» сәйкес құралған болатын. Соның аясында 10-11 сынып оқушыларына мектептің қабырғасында 24 жұмысшы мамандық бойынша алғашқы кәсіби білім алу да көзделген. Ауылды мектептерде аграрлық өндіріс, қолөнер, қызмет көрсету салалары бойынша да алғашқы кәсіби білім алуға бағытталған курстар жүргізіліп келді. Осы пәндік білім беру саласының білім беру стандартында да оқушылардың өзін-өзі анықтау, саналы түрде мамандықты таңдауға баулу мақсаты белгіленген болатын. Оқушылар оқу үдерісінде бірнеше еңбек түрімен тәжірибелік әрекеттерді орындай отырып, бірнеше мамандық түрлеріне қызығушылықтарын арттыра алады. Оқушылардың бірнеше мамандықтарға қызығуы неғұрлым артатын болса, олардың әлеуметтік өмірдегі икемділігі мен өзінің кәсіби өсу мақсатының өрісі кеңейеді. Бұл кезеңде де көзделген мақсатты орындау мүмкіндігі енжарлы жүрді. Оған себеп, аталған пән бойынша мемлекет тарапынан анықталған сағат көлемінің шектелуінде болды. Алғашқы кезеңде барлық сыныптарға екі сағаттан белгіленсе, 2000 жылдары аптасына 1 сағатпен шектелді. Соның негізінде «Технология» білім беру саласының пәндік мақсатының кәсіби өзін-өзі анықтау міндеті орындалмай қалды. Еңбекке, кәсіпке даярлауға бағытталған пәндерге арналған оқу шеберханаларының материалдық ресурсы ескіріп, өздерінің физикалық әлеуеті мен қауқары жоғалып, заманауи талапқа сәйкес жабдықталуы мүлдем ескерусіз қалды.

Еңбекке баулу, бейіндік және кәсіптік оқыту, технология пәндеріне бөлінетін сағат саны оқу жоспарында мүлдем мардымсыз болғандықтан, оқушыларды мектеп қабырғасында еңбекке даярлау, өмірге бейімдеу, кәсіптік бағдар беруге арналған шеберханалар жабылып не мүлде жойылып үлгерді. Еліміз егемендік алғанға дейінгі кезде олар үшін бүкіл Одақ көлеміндегі орта мектеп пен алғашқы кәсіптік білім беретін оқу орындарының шеберханаларына қажетті станоктар, қондырғылар, аспаптар мен саймандар, көрнекі құралдар мен кабинеттердің басым көпшілігі Қазақстанда, оның ішінде Шымкент, Түркістан, Ленгір

қалаларында дайындалып, бүкіл одақтас республикаларға таратылатын. Қай кезеңде де кәсіби бағдар берудің ошағы ол мектеп шеберханасы болмақ. Қайсы бір ұл не қыз болмасын, қайда жұмыс не қызмет атқармасын – ол өзін өзі қадағалауды, жұмысты дұрыс жоспарлау мен жұмыс орнын ұйымдастыруды, қалай бастап немен аяқтау керек екенін, ең бастысы әрбір жұмысты толық аяқтауға қол жеткізуді үйрететін – ол мектеп шеберханасы ғана. Ал бүгінгі күні көптеген мектептерде шеберхана атымен жоқ десек артық айтқандық емес.

Осы мәселені ұзақ үзілістен кейін шешудің шұғыласы, яғни, Қазақстанның білім беру саясатындағы кәсіби бағдар жұмысын жаңғырту тек 2006 жылы 12 жылдық білім беруге көшу тұжырымдамасының жобалы үлгісін, 2007 жылы «Білім туралы» Заңын, бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасын қабылдау аясында 2008 жылы Қазақстанның жалпы орта білім беру мектептерінде бейіндік оқыту жүзеге асырыла бастады. Осы бейіндік оқытудың білім беру мазмұны, мектептің психологиялық, педагогикалық жұмыстары біртұтас болашақ түлектің мамандық таңдауға өзін-өзі дайындау, мамандықты өз қалауына сай анықтау, кәсіби оқу орнына таңдаған мамандыққа түсуге түбегейлі кәсіби бағдар жұмысы аясында жүруі меңзелген. Бейіндік оқыту екі кезеңді қамтып отыр: бейіналды даярлық және бейіндік сынып. Алғашқы кезең 8-9 сыныптарды қамтыса, екінші кезең - 10-11 сыныптар [10, 155 б.].

Бейіналды даярлықта сынып оқушыларына ақпараттық жұмыстар, әр тоқсанға арналған таңдаулы курстар жүргізу арқылы олар еңбек түрлерімен танысса, кейбір тәжірибелік әрекеттерді орындай отырып, алғашқы дағдыларын, алғашқы кәсіби уәжі мен қызығушылықтарын қалыптастырады. 10-шы сыныпқа көшкенде көзделген: әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, технологиялық бағыттар бойынша бірнеше бейіндерді ұсыну қажет болатын. Бұл 2000 жылы қабылданған мемлекеттік міндетті білім беру стандартында анықталған. Бірақ, кейінгі, 2002 жылғы білім беру стандартында соңғы бейіндік бағыт алынып тасталды да, тек, алғашқы екі бейіндік бағыт қана сақталып қалды. Қазіргі таңда осы екі бейіндік бағыттардың бейіндері бойынша мектептер бейіндік оқытуды жүзеге асыруда. Ауылды мектептерде бейіндік бағыты шектеулі сыныптарды да бейіндік оқытумен толық қамтудың желілік формалары да анықталған болатын.

Енді, осы бейіндік оқытуда жоғары сынып оқушылары саналы түрде мамандық түрін өз еркімен таңдауға қаншалықты толық еркіндік ала алды деген сұрақ туындайды. Әрине, ол мүмкіндіктерді мектептің оқу үдерісін ұйымдастырудың тетіктері мен сапасы түпкілікті қанағаттандыра алмай келеді. Басым көпшілігінде ол үдеріс формалды түрде ғана жүргізілуде. Оған негізгі себеп: біріншіден, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарда

мақсатқа бағытталған іс-әрекеттердің орындалмауы; екіншіден, оқу жоспарындағы вариативтік компонентте көзделген ауқымды сағаттардың мөлшерін таңдаулы курстарға емес, пәндік сипатта жалпы білім беретін пәндерді терең, кең меңгертуге бағытталуы; үшіншіден, мектептің тәжірибесінде кіріктірілген пәндерді оқытудың орнына, басым тәжірибелік мазмұндағы курстарды оқыту, кәсіби білім беретін оқу орындарымен бірлесе гуманитарлық, жалпы кәсіби курстарды оқытудың орын алмауы; төртіншіден, ата-аналар мен оқушыларды психологиялық, педагогикалық қолдаулардың жүйелі жүрмеуі, олардың мамандықты өз еркімен саналы таңдауына дайындықтарын қалыптастырып дамытуға бағытталған танымдық әр түрлі белсенді, өнімді үйретудің формалары мен әдістерін тәжірибелеу, оқушының мамандықты өзі анықтауға, таңдауға диагностиканың да формалды жүруі; бесіншіден, 9-шы сыныптан кейін оқушылардың бейіндік бағыттары мен бейіндерін де формалды түрде саралаудың орын алуы.

Шын мәнінде, осы жалпы орта білім беретін мектепте бейіндік оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстары, білім беру мазмұны мен психологиялық-педагогикалық қолдаулардың мақсатқа бағытталып, педагогикалық ұжымның өнімді және шығармашылық сипатта іс-әрекеттердің орындалуы мектептің кәсіби бағдар жұмысы бойынша міндетін жүзеге асыруға толық мүмкіндігі бар. Оған қоса, бүгінгі таңда бейіндік оқыту бойынша біршама ғылыми ізденістер жүргізіліп, қомақты еңбектер жасалды, бейіндік оқыту бойынша жобалар да орындалды, оқулық пен әдістемелік құралдар баспалардан шығарылып жатыр.

Мектептің педагогикалық үдерісіндегі бейіндік оқыту құбылысының нәтижесі мектеп түлектерінің ҰБТ тапсырып, олардың басым көпшілігі, ең бастысы мемлекеттік бюджеттен бөлінген грантқа түсуді дәстүрге айналдырған. Ал, өздерінің уәжі мен қызығуы, икемі мен қабілеті, мұраты мен арманы, ұстанымы мен мансабы сияқты жеке тұлғалық құндылықтар – бұл сәтте мүлдем ұмыт қалады. Соның салдарынан ЖОО төменгі курстарда мектеп түлектері оқуды тастап кетіп жатады. Яғни, оның себептері ретінде мына төмендегілерді атасақ болады: мектеп шеберханаларының өзіндік функционалды қызметінен ажырап қалуы; сол арқылы білім беру саясатындағы жоғарыда аталған олқылықтар нәтижесінде мамандыққа қызығушылықтың төмендеуі; танымдық әлеуетінің жеткіліксіздігі; кәсіби оқу орындарында кәсіби уәж бен қызығушылықты оятуға психологиялық, педагогикалық қолдаулардың енжарлығы; ұнатпаған кәсіпті игеріп алып, оқуды бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс жасай алмауы; шамасы келгендері басқа мамандық түрлерін іздеп, келесі кәсіби оқу орындарына түсуі; кейбір түлектердің бейін саласы бойынша мүлдем еңбек етпей, қызмет көрсету

салаларына, өндіріс орындарына жұмысқа тұруы және т.б. Оған дәлелді мынадай деректерден көруге болады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің (әрі қарай - ҚР БЖҒМ) мәліметі бойынша 2020 жылы 60% кәсіби жоғары оқу орнының түлектері мамандықтары бойынша еңбек етпейді. Жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының 87% ата-аналары мен мұғалімдердің әсерімен мамандықты таңдаса, ата-аналардың 75% балалары мамандықты таңдауға дайын емес, 90% ата-аналар мен оқушылар еңбек нарығында қандай мамандықтарға сұраныс бар екенін білмейді [1].

Кәсіби бағдар беру жұмысының осы күйін жақсартуға ҚР ҒЖБ министрлігі «Қазақстанның жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласы» жобасын жүзеге асыру арқылы кәсіби бағдар жұмысымен тікелей ұштастырылатыны анықталып отыр. Сонымен бірге, Қазақстан мемлекеті 6 жылға арналған «Мамандығым - болашағым» кадрларды кешенді даярлау жобасын жүзеге асыруға кірісті. Ол жобада жаңа мамандықтардың білім беру бағдарламалары дайындалады, кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастырушы «профориентолог» лауазымы пайда болады, 7-11 сыныптар арасында кәсіби диагностика жүргізіледі, әр аймақтардағы жергілікті өндірістердің, қызмет көрсету салаларының кадрға сұраныстарын айқындаудың сұлбасы жасалмақ [3,4].

Әрине, бұл жоба білім беру кеңістігінде көлемі жағынан болашақ мектеп түлектерін жаңа мамандықтармен таныстыру, кәсіби оқу орындарында жаңа мамандықтардың білім беру бағдарламаларын даярлау, мектептерде кәсіби бағдар жұмысына жауапты лауазымды тұлғаның болуы, кәсіби бағдар жұмысының серпін алуына жағдай жасайтын жаңа бір тұстары болып табылмақ. Сонымен бірге, кәсіби бағдарлы бағыттағы жұмыстың өнімді үлесі болып табылатын тағы бір тетігі, яғни, мектептің жоғары сынып оқушылары Қазақстан колледждерінде де алғашқы кәсіби білім ғана емес, тәжірибелік дағдыларды игеруге қол жеткізбек. Бұл да бір мектеп оқушыларының болашақ мамандық түрлерін саналы таңдауға бағытталған тәжірибелік бағдарлы алғашқы кәсіби білімнің қарапайым дағдыларына баулуына, өз таңдауларын тәжірибеде сынап, қабілеттерін тәжірибелеуге мүмкіндік ала алады. Сол оқу орындарында кәсіби білім алу барысында басқа еңбек түрлеріне арналған мамандықтармен де толық танысып, сол мамандықтардың еңбек мазмұны туралы да жеткілікті ақпарат алуға қол жеткізетін болады. Өзінің болашақ мамандық түрін өз еркімен, салыстырмалы түрде, өзін сол еңбек түрінен сынап, икемділігі мен қабілеттілігін дамытады, жарамдылығын тексереді, орнықты кәсіби уәжі мен қызығушылығының қалыптасуына тиімді тәжірибе алады.

Мектептің кәсіби бағдар жұмысының қалыптасуы мен дамуындағы тарихи, рухани және материалдық әлеуеттер тәжірибесін ескере келе,



оның заманауи моделін құруға төмендегідей қайшылықтарды шешу қажеттіліктері туындайды:

- нарықты еңбекте алуан түрлі еңбек түрлерінің қарқынды дамуы, оның қажеттілігі мен сұранысын қанағаттандыруға білім беру саласындағы зияттық және материалдық ресурстардың сәйкессіздігі;

- қоғамдағы кәсіби бағдар жұмысының жобалы сипатта орындалуы, мемлекеттік құқықтық-нормативтік құжаттар мен тұжырымды бағдарламалардың жасалуы, кәсіби бағдар жұмысының жүйелі де тұрақты әдіснамалық негізінің болуы, оны ұйымдастырудың жаңа мазмұндағы ғылыми тұстарының қажеттілігі;

- мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу, болашақ мамандықты өз еркімен таңдауға мектептің педагогикалық ұжымы құзыретіне өткізудің дәстүрге айналуы мен қоғамдық қарым-қатынастардың қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған кадр даярлауды барлық ресурстарды (атқарушы органдар, ұлттық, мемлекеттік, жеке еңбек компаниялары, кәсіби білім беру оқу орындары) қарқынды шоғырландыра үйлестіру;

- жалпы орта білім беретін мектептің білім беру мазмұнының «білімге табыну» сипатының кең орын алуы мен пәндік білім беру оқу материалдарының, педагогикалық әлеуеттің кәсіби бағыттағы мүмкіндігінің жеткілікті болуы;

- оқушылардың болашақта өзін-өзі анықтау мен жүзеге асыруға бағытталған мамандықты өз еркімен, саналы таңдау ұстанымдарының орнықты қалыптасуына мүмкіндіктер ала алмауы;

- оқушылардың өз бетімен мамандықты таңдауға табиғи және танымдық дағдылары арасындағы сәйкессіздіктің орын алуы;

- кәсіби бағдар жұмысын тиімді ұйымдастыру шарттарының жүзеге асырылмауы, олардың зияттық қорлары мен материалдық ресурстардың ескіруі мен оқушылардың мамандықты таңдаудың танымдық қана емес, табиғи алғышарттарының да жеткілікті болуы;

- мектептің кәсіби бағдар жұмысының бейіндік әрекеттері жоғары сыныптармен ғана қамтылуы, білім беру мекемелеріндегі барлық жастағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың танымдық және тәрбиелілік сабақтастығы мен қисындылығының орын алуы;

- мектепте кәсіби бағдар жұмысын үйлестірушінің психология бейініндегі біліктілік сипатының шектеулігі (диагностика, тренинг) мен оқушылардың еңбек тәжірибелерін орындай, өзінің икемі мен қабілеттерін сынай, жарамдылығын анықтауға мүмкіндік беретін, қоғамдағы өндірістік қатынастардың еңбек мазмұнын, профессиограммаларын, еңбек нарығы бойынша құзыреттілігі бар еңбекке баулу білім беру саласының лауазымды тұлғаларын қайта даярлаудың тиімділігі;

- мектеп тәжірибесінде кәсіби бағдар жұмысының көріністі, формалды орын алып, ресурстардың тиімсіз шығындалуы мен оқушыларды тұлға ретінде танымдық және тұлғалық дағдыларын қалыптастыра, өз бетімен өзін-өзі анықтауға және жүзеге асыруға, өмірлік ұстанымдарын, әлеуметтік өмірге дайындығын қалыптастыру - мектептің педагогикалық ұжымының басты мақсаты екенін ескере отырып, олардың кәсіби бағдар жұмысын оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны, мектептің кез-келген құрылымдық іс-әрекетімен жүйелі ұштастырудың қисынды тиімділігінің болуы;

- қабілетті, дарынды және талантты оқушылардың, мектеп ұжымының, лауазымды тұлғалардың кәсіби бағдар жұмысы бойынша ынталандырушы, жігерлендіруші тетіктердің ескіруіне байланысты өнімсіздігі мен кәсіби бағдар жұмыстары бойынша үлгілі мектеп ұжымының, осы іс-әрекетке тікелей қатысушылар мен білім алушылардың үлгілі, озық, үздік тәжірибелерді аймақтық, республикалық деңгейдегі заманауи формадағы фестивалдар, слеттер, байқаулар, жаңа форматтағы ақпараттық-бұқаралық құралдардың: әлеуметтік желілерде, интернетте веб сайттар, порталдар құру арқылы қуатты насихаттау жұмыстарының оқушылар үшін үлкен серпін беруі;

- мектеп тәжірибесіндегі сыныптарға кәсіби бағдар жұмысын өткізушілердің тиімділігі мәнерсіз дәстүрлі құралдарды тәжірибелеу мен білім беру мекемелеріндегі тәрбиеленушілер мен білім алушылардың психологиялық-физиологиялық, танымдық және тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес, өз беттерімен жеке дара мамандық түрін өз еркімен саналы таңдауға бағытталған кәсіби бағдар жұмыстарының құралдары тәжірибелі бағдарлы, үздік, озық, үлгілі тәжірибелерімен ұштасқан еңбек мазмұндарын демонстрациялайтын мамандардың тікелей қатысуымен орындалатын көрсетілімдерін кеңінен тәжірибелеу.

### **Қорытынды**

Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептеріндегі кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастырудың тарихи қалыптасуы мен дамуындағы тәжірибелер мен ғылыми жетістіктердің әр түрлі себептермен, яғни, идеологиялық, саяси, экономикалық дағдарыстарға ұшырауына қарамастан, өзінің қоғамдағы қажеттілігін сақтауға жігерлі педагог-ғалымдардың зерттеу жұмыстарының жетістіктері, бастамашыл мектеп жетекшілерінің және тәжірибелі ұстаздардың сабақтастық қағидатын жетекшілікке алып, табандылық көрсетуімен бүгінгі білім беру кезеңіне дейін жеткізіп отыр. Осы жетістіктермен тәжірибелерге негізделі, нарықты еңбектегі пайда болып жатқан алуан дәстүрлі және жаңа форматтағы еңбек түрлеріне болашақ жастарды бағдарлауға, олардың шынайы психологиялық табиғатымен үйлесімді, өзбетімен, еркімен мамандық

түрін таңдауға мүмкіндік беретін заманауи шарттар мен жағдайлардың тұстарын анықтау қажеттілігі туындайды. Осыған керекті әрекеттік, өнімді болатын тұжырымды ғылыми жұмыстар мен бағдарламалар жасау, оларды жүзеге асырудың жаңа форматтағы ұйымдастыру, басқару, бағамдау іс-әрекеттері тек мектептің құзыретінде сақталып қалмай, Қазақстан қоғамындағы барлық субъект шаруашылықтары мен атқарушы органдардың тікелей жас бүлдіршіндер мен жасөспірімдер алдындағы борышы деп білеміз. «Мамандығым - болашағым» аясындағы мемлекеттік жоба мектеп түлектерінің дәстүрлі немесе жаңа форматтағы мамандықтар болсын, өзінің шынайы табиғатымен үйлесетін, өзінің өмір мәнін түсінуге себеп болатын еңбек түрін таңдауға, соның нәтижесінде Отанымыздың өркендеуіне өнімді үлес қосатын тұлға тәрбиелеу құндылығына бағыттайды.

Біздің зерттеуіміздегі анықталған педагогикалық қайшылықтар мен оларды шешудің біз ұсынған жолдары кәсіби бағдар жұмысы бойынша Жаңа Қазақстанда жалпы орта білім беретін мектептің жаңа моделін құрумен айналысып жатқан құзырлы органдарға, осы мектеп басшылары мен мұғалімдеріне және осы бағытта зерттеулермен шұғылданатын жас ізденушілерге, сонымен қатар жас мамандарға деген сұранысы бар мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдарға танымдық ықпалы болар деген сенімдеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

[1] 60% выпускников вузов в Казахстане работают не по специальности. – Режим доступа: URL:<https://www.zakon.kz/6025414-60-vyusknikov-vuzov-v-kazakhstane-rabotaiut-ne-po-spetsialnosti.html> [Дата обращения 17.11.2022]

[2] Варламова Д., Судакова Д. Атлас новых профессий 3.0. -М., 2020. - 456 с.

[3] Саясат Н. Атлас новых профессий – это путеводная звезда в выборе специальности. Қазақстан. – Режим доступа: <https://bilimdinews.kz/?p=113988> [Дата обращения 17.11.2022]

[4] Саясат Н. Атлас новых профессий и компетенций в Казахстане. – Режим доступа: URL:[https://www.kazenergy.com/upload/document/atlas/11\\_](https://www.kazenergy.com/upload/document/atlas/11_) [Дата обращения 17.11.2022]

[5] Абрамова П.А., Матвей В.Н. Новые подходы к профессиональной ориентации в школе в условиях изменяющегося мира профессий // Известия УФУ /Серия 1. Проблемы образования, науки и культуры. – 2018. - Том 26. - №1. - С.188-199.

[6] Давлетова А.А., Бейсембаев Г.Б. Становление и развитие профориентационной работы в Казахстане //Успехи современного естествознания. – 2021. № 3. – С. 174-176

[7] Пряжников Н.С. Организация и методика производственного обучения: профориентология: учеб. пособие для среднего профессионального образования. – Москва: Юрайт, 2019. – 405 с.

[8] Эсбрук Р. Профориентация в глобальном мире. – Режим доступа: URL:[https://doi.org/10.1007/978-1-4020-6230-8\\_2](https://doi.org/10.1007/978-1-4020-6230-8_2) [Дата обращения 17.11.2022]

[9] Казимова Д.А., Шрайманова Г.С., Тажигулова Ж.Ж. и др. История становления профессионально-технического образования Карагандинской области до создания системы государственных трудовых резервов //Вестник КазНПУ. Серия «Педагогические науки». – 2016. – № 4(52). – С. 203-236.

[10] Байдалиев К.А. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру: оқу құралы. –Алматы: Альманах, 2019. – 327 б.

### REFERENCES

[1] 60% vpusknikov vuzov v Kazakhstane rabotayut ne po spetsial'nosti (60% of university graduates in Kazakhstan work outside their specialty). – Rezhim dostupa: URL:<https://www.zakon.kz/6025414-60-vypusknikov-vuzov-v-kazakhstane-rabotaiut-ne-po-spetsialnosti.html> [Data obrashcheniya 17.11.2022] [in Rus]

[2] Varlamova D., Sudakova D. Atlas novykh professiy 3.0 (Atlas of new professions 3.0). -M., 2020. - 456 s. [in Rus]

[3] Sayasat N. Atlas novykh professiy – eto putevodnaya zvezda v vybore spetsial'nosti (Atlas of new professions is a guiding star in choosing a specialty). Kazakstan. – Rezhim dostupa: <https://bilimdinews.kz/?p=113988> [Data obrashcheniya 17.11.2022] [in Rus]

[4] Sayasat N. Atlas novykh professiy i kompetentsiy v Kazakhstane (Atlas of new professions and competencies in Kazakhstan). – Rezhim dostupa: URL:[https://www.kazenergy.com/upload/document/atlas/11\\_](https://www.kazenergy.com/upload/document/atlas/11_) [Data obrashcheniya 17.11.2022] [in Rus]

[5] Abramova P.A., Matvey V.N. Novyye podkhody k professional'noy oriyentatsii v shkole v usloviyakh izmenyayushchegosya mira professiy (New approaches to vocational guidance at school in a changing world of professions) //Izvestiya UFU /Seriya 1. Problemy obrazovaniya, nauki i kul'tury. – 2018. – Tom 26. – №1. – S.188-199. [in Rus]

[6] Davletova A.A., Beysembayev G.B. Stanovleniye i razvitiye proforiyentatsionnoy raboty v Kazakhstane (Formation and development of career guidance work in Kazakhstan) //Uspekhi sovremennogo yestestvoznaniya. – 2021. № 3. – S. 174-176 [in Rus]

[7] Pryazhnikov N.S. Organizatsiya i metodika proizvodstvennogo obucheniya: proforiyentologiya: ucheb. posobiye dlya srednego

professional'nogo obrazovaniya (Organization and methods of industrial training: vocational guidance: textbook. allowance for secondary vocational education). – Moskva: Yurayt, 2019. - 405 s. [in Rus]

[8] Esbruk R. Proforiyentatsiya v global'nom mire (Career guidance in the global world). – Rezhim dostupa: URL: [https://doi.org/10.1007/978-1-4020-6230-8\\_2](https://doi.org/10.1007/978-1-4020-6230-8_2) [Data obrashcheniya 17.11.2022] [in Rus]

[9] Kazimova D.A., Shraymanova G.S., Tazhigulova ZH.ZH. i dr. Istoriya stanovleniya professional'no-tekhnicheskogo obrazovaniya Karagandinskoy oblasti do sozdaniya sistemy gosudarstvennykh trudovykh rezervov (The history of the formation of vocational education in the Karaganda region before the creation of a system of state labor reserves) //Vestnik KazNPU. Seriya «Pedagogicheskiye nauki». - 2016. - № 4(52). - S. 203-236. [in Rus]

[10] Baydaliyev K.A. Beyındık ok,ytudy üyymdastyru: ok,u k,üraly (Organization of virtual training: training tool). –Almaty: Al'manakh, 2019. – 327 b. [in Kaz]

## ПРОФОРИЕНТАЦИОННАЯ РАБОТА ШКОЛЫ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ И ПРОБЛЕМЫ

